

ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия философия. Серия культурология. Серия политология

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philosophy series. Cultural science series. Political science series

№3 (57)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016



ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ
СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ. №3 (57)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді // ЖАК бюллетені, №3, 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК-нің төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-З ж. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК. – Алматы, 2003

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Борбасова Қ.М.,

филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Телефон: +7701 168 0292

E-mail: karlygash_bm@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Масалимова А.Р., филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)

Насимова Г.О., саяси ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Абдығалиева Г.К., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Алтаев Ж.А., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Асунсьон Лопез-Варела, профессор, Комплутенс университеті (Испания)

Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ғабитов Т.Х., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Ғариғолла Есім, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жолдубаева А.К., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исмағамбетова З.Н., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Каплан С., профессор, Калифорния университеті (АҚШ)

Карабаева А.Г., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Кэтлин Адамс, профессор, Лойола университеті (АҚШ)

Құлсариева А.Т., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Құрманалиева А.Д., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Қайдарова А.С., саяси ғ.д., доцент (Қазақстан)

Нурышева Г.Ж., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Петрик Дж., профессор, Огайо университеті (АҚШ)

Сенгирбай М.Ж., PhD докторы, аға оқытушы (Қазақстан)

Федотов А.В., профессор, София университеті (Болгария)

Финке П., профессор, Цюрих университеті (Швейцария)



КАЗАН
УНИВЕРСИТЕТИ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10199

Басуға 12.10.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 6 т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс № 5354. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім
ФИЛОСОФИЯ

Раздел 1
ФИЛОСОФИЯ

Section 1
PHILOSOPHY

Алтаев Ж.А., Калмырзаев А.М.

**Әл-Фараби идеяларының
ортағасырлық мұсылман және
Еуропа философиясының
дамуына әсері**

Осы мақаланың мақсаты әл-Фарабидің логика, метафизика, саяси теория мен музыка сияқты аса маңызды ғылым салаларында жеткен жетістіктері жайлы, оның гректің бай ғылыми мұрасын исламдық шығыс пен латынтілдік Еуропаға жеткізуші негізгі көпір болғанын көрсету, әл-Фарабиді тек антик философтардың еңбегіне комментатор жасаушы ғана емес, оның әлемдік ғылым мен философия тарихында өзіндік орынға ие дербес ойшыл болғанын дәлелдеу. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің әлемдік философия мен ғылым тарихындағы орны, оның философиясының өзінен кейінгі Араб және Еуропа философтарына тигізген әсері туралы баяндалады. Оның математика және тағы басқа да жаратылыстану ғылымдарындағы жетістіктері мен жаңашыл идеялары туралы айтылады. Мақалада әл-Фарабидің әлемдік интеллектуалдық ойдың дамуына тигізген әсері туралы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінен нақты деректер келтіріледі.

Түйін сөздер: әл-Фараби, орта ғасыр философиясы, Ислам діні ілімі, логика, музыка, этика, неоплатонизм, саясат философиясы.

Altaev Zh.A., Kalmyrzaev A.M.

**Influence of al-Farabi's
ideas to the European and
Islamic medieval philosophy
development**

In the present article considered about a comprehensive account of al-Farabi contribution to logic, political theory, metaphysics and music, and his role as a major link in the transmission of Greek philosophy to the Arabs and his impact on subsequent philosophers, in both the Muslim world and the Latin West. The article is about the role of Abu Nasr Al – Farabi in world philosophies and in science stories, and about his influences on the subsequent generation of the Arab and European philosophers. And his new ideas and achievements in the sphere of mathematics and geography are also considered. Exact data from works of foreign and domestic scientists on a contribution of Farabi on development of a world intellectual thought are provided in article.

Key words: al-Farabi, Medieval philosophy, Islamic religious scholars, logic, music, ethics, neoplatonism, political philosophy.

Алтаев Ж.А., Калмырзаев А.М.

**Влияние идей аль-Фараби
на развитие средневековых
европейских и мусульманских
философий**

В настоящей статье рассматривается вклад аль-Фараби в логику, политическую теорию, метафизику и музыку, его роль в качестве основного звена в передаче греческой философии к арабам и его влияние на последующих философов как в мусульманском мире, так и на латинском Западе. В статье рассматривается роль Абу Насыра аль-Фараби в мировой философии и в истории науки, его влияние на последующее поколение Арабских и Европейских философов. А так же рассмотрены его новые идеи и достижения в сфере математики и естествознания. В статье приводятся точные данные с работ зарубежных и отечественных ученых о вкладе аль-Фараби на развитие мировой интеллектуальной мысли.

Ключевые слова: аль-Фараби, средневековая философия, Исламское религиозное учение, логика, музыка, этика, неоплатонизм, политическая философия.

**ӘЛ-ФАРАБИ
ИДЕЯЛАРЫНЫҢ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
МҰСЫЛМАН
ЖӘНЕ ЕУРОПА
ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
ДАМУЫНА ӘСЕРІ**

Әбу Насыр әл-Фарабидің Ислам философиясының тарихында алғаш болып жүйелі философиялық ілім жасаушы ретіндегі орнына, оның логика, метафизика, саясат философиясы, музыка сияқты ғылым салаларының бастаушысы болуына қарамай қазіргі күнге дейін ол туралы еуропалық тілдерде жарияланған еңбектер мардымсыз. Еуропалық әдебиеттерде ортағасырлық араб-мұсылман философиясы туралы жазылған еңбектердің көпшілігінде әл-Кинди, ибн Сина, Ибн Рушд, ибн Туфайл тағы басқа да ойшылдарға баса мән берілген. Мысалы, Әл-Киндиді «шығыс перипатетизмінің» негізін салушы деп көрсетсе, Ибн Синаны эманация теориясын жасаушы және медицина ісінің білгірі, ал ибн Рушдты «қос ақиқаттылық» теориясының негізін қалаушысы деп жақсы біледі. Бірақ әл-Фараби философиясымен таныс болған кез келген адам оның жоғарыда аталған атақтардың әрқайсысына да лайық болғанына күмәнданбайды. Араб-мұсылман философиясының алғаш бастаушылары туралы сөз болғанда әдетте Әбу Якуб әл-Киндидің есімі бірінші тілге алынады. Оның қалдырған мұрасы астрономиядан бастап психологияға дейін, физика мен метафизика сияқты сол кезеңдегі барлық дерлік маңызды ғылым салаларын қамтыды. Бірақ оның бізге жеткен санаулы шығармаларынан сол кезең қойған маңызды сұрақтар мен таластарға жауап табу өте қиын. Ол философия тарихында алғашқы араб философы ретінде өзінің лайықты орнына ие болғанымен, оның философиясының әлде де бір жүйеге келмегенін мойындау қажет. Әл-Киндиден кейін мұндай ауқымды қамтыған, ислам тарихындағы ең алғашқы біртұтас философиялық жүйе жасаған Әбу Насыр әл-Фараби болды.

Ол Плотин мен Проклдің метафизикасы мен космологиясының негізінде Ислам философиясында бұрын қарастырылмаған эманация теориясын жасап, мұсылмандық неоплатонизмнің негізін қалады. Бұдан бөлек әл-Фараби Платонның «Республикасының» негізінде, «қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» арқылы баяндалған мұсылман әлеміндегі ең алғашқы саяси трактаттардың бірін жазды. Сонымен қатар ол Аристотельдің бүкіл логикалық идеяларының қайнары болған «Органонына» толық комментарий жазып, оны

өте керемет түсіндіре білген тамаша логик болды. Бірақ осыған қарамай Батыста әл-Фарабидің логикасына базар назар аударылған жоқ. Еуропада әл-Фараби туралы ең алғашқы монография тек XIX ғасырдың аяғында ғана, 1889 жылы неміс ғалымы М. Штейншнейдер тарапынан басылып шықты. 1890 жылы Дитеридің әл-Фараби шығармаларының неміс тіліндегі жинағы жарыққа шықты. 1934 жылы француз тілді араб ғалымы Ибраһим Мадкурдің *La Place d'al-Farabi dans l'ecole philosophique Arabe* еңбегі Парижде басылып шықты. Аталған еңбектердің барлығы әл-Фараби туралы Еуропаға алғашқы мәліметтерді бергенімен, оның логикасы, метафизикасы, жалпы философиясымен терең танысуға әлі де жеткіліксіз болды. Әл-Фарабидің трактаттарындағы философиялық мәселелерге жеке-жеке тоқталып, толық талдау жасалған М. Махди мен Д.М. Данлоптың еңбектеріне ерекше назар аударуға болады. Бірақ әл-Фараби туралы жасалынған осы зерттеулердің барлығы Батыс әдебиеттерінде, оның шығыстық ізбасарлары Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Туфайл жайлы жазылған еңбектермен салыстырғанда мардымсыз болып тұр. Осы мақаланың мақсаты әл-Фарабидің логика, метафизика, саяси теория мен музыка сияқты аса маңызды ғылым салаларында жеткен жетістіктері жайлы, оның гректің бай ғылыми мұрасын исламдық шығыспен латынтілдік Еуропаға жеткізуші негізгі көпір болғанын көрсету, әл-Фарабиді тек антик философтардың еңбегіне комментатор жасаушы ғана емес, оның әлемдік ғылым мен философия тарихында өзіндік орынға ие дербес ойшыл болғанын дәлелдеу.

Әл-Фарабидің ортағасырлық христиандық философияға тигізген әсері жайлы құнды еңбектердің бірін ағылшын шығыстанушысы Роберт Хаммонд жазған еді. Әл-Фараби шығармашылығын зерттей отырып, оның философия тарихында жоғарғы орынға ие болуының үш себебін атап көрсетеді: «Біріншіден, әл-Фараби алғашқы болып эллиндік мұраны мұсылман әлеміне таныстырушы және мұсылман әлемін батысқа таныстырушы өзіндік көпір іспеттес болды.

Екіншіден, әл-Фараби орта ғасырлық схоласт ойшылдарға өте үлкен ықпал етті. Бұған Ұлы Альберттің әл-Фараби еңбектеріне сілтеме жасауы дәлел бола алады. Егер ол әл-Фараби еңбектерімен таныс білмесе бұл мүмкін болмайтын еді. Әл-Фараби еңбектерін түсіну Ұлы Альбертке және оның шәкірті Сент Томасқа христиандық философияны түсіндіруде жаңа

логикалық жүйе тудырып, бірқатар таласты тақырыптарға жауап табуына көмектесті.

Үшіншіден, әл-Фараби Аристотельдің көптеген теорияларын одан әрі жетілдіріп, шешілмей келе жатқан біраз мәселелердің күрмеуін шешті. Сондай-ақ ол схоластиканы қажетті болмыс, шартты болмыс, спекулятивті және практикалық интеллект сияқты тағы басқа да көптеген терминдермен дамытты» [1].

Ол Антиканың Платон, Плотин сияқты өзге де көптеген ойшылдарының еңбектерін терең қарастыра отырып, солардың бәрінің тамаша «қосындысы» болған өзіне ғана тән ерекше философиялық ойлау дәстүрін қалыптастыра білді. Оның идеялары сол кезеңде Еуропада ұмытылып бара жатқан эллиндік мұраның қайта жаңғыруына, басқаша айтқанда ұзақ жылдар бойы ұйқыда жатқан Еуропаның қайта оянуына алып келді.

Әл-Фарабидің Орта ғасырлардағы Еуропаның дамуына әсері туралы белгілі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов: «VII ғасырда арабтар Гибралтар бұғазы арқылы өтіп барып, Испанияны басып алды, сол жерде 8 ғасыр бойы тұрақтады. Сондықтан олар Испанияның да, жалпы Еуропаның да мәдениетіне көп жаңалық енгізді, біздің әл-Фараби бабамыз да олардың қатарында. Оның еңбектері XI ғасырда араб тілінен латыншаға аударылды... Сол кітаптар XI ғасырда Гранада мен Кордоваға жетеді. Сол жерде оларды латын тіліне аударды. Сосын Аристотель мен Платонның кітаптары күллі Еуропа бойынша жасырын түрде тарап кетеді. Осылайша қайта жандану – яғни ренессанс дәуірі басталды... Олар бұл туралы ұмытып кетеді, сондықтан үнемі естеріне салып отыру қажет» [2] – деген ой айтты.

Жалпы араб-мұсылман философиясын зерттеуші бірқатар ғалымдар әл-Фарабидің өзінен кейінгі философтарға тигізген әсері жөнінде әр түрлі ой-тұжырымдар айтып кеткен. Сондай пікірлердің бірін француз шығыстанушысы Диляс Ольери: «әл-Фарабидің ұлылығына қатысты не айтсақ та, әсірешілдікке ұрынбаймыз. Ибн-Синаның, Ибн-Рушдтің еңбектерінде кез-келген идеялардың түпкілікті мәндік негіздері әл-Фарабидің ілімінде жатыр» деген батыл ой айтқан. Масиньон әл-Фараби туралы «бұл тұлға Ислам философтарының арасындағы ең түсініктісі, көне ғылымдарға ең көп жүгінуші, ол таза философ, ол шынында білгір» деп жазды [3]. Луи Гарде әл-Фарабидің Батысқа еткен әсері турасында өзінің «Діни ойдың философиясы» атты ғылыми зерттеуінде былай деп жазды:

«Аристотельдің мұрасын Батысқа түсіндіру арқылы жеткізген араб тілді, ислам дінді әл-Фараби еді» [4].

Фарабидің философиясындағы логика, метафизика, дін туралы ойлары тосын, тың және таңсық болса да, одан кейін келген теологтар мен мистиктер әл-Ғазали, Ибн-Саб'ин, әт-Туси, Хауаджа Заде, Ибн-Тәймия, әл-Бағдади, Шәһрастани; сондай-ақ, философтар Ибн-Сина, Ибн-Рушд, Ибн-Баджа, Ибн-Туфайль, Муса бән Маймун, Аквиндік Фома, Ұлы Альберт, Брабанттық Сигер ж.т.б. ұлы тұлғалар отырарлық ғұламаның дін туралы ойларына жүгінді, оның философиялық идеяларын ары қарай дамытты.

Әл-Фараби еңбектерін латын тіліне аудару ісі XII ғасырдың ортасынан басталды. Оның «Ғылымдардың классификациясы» трактаты Д. Гундиссалин тарапынан 1140 жылы алғаш рет латын тіліне аударылды. Бұдан бөлек әл-Фараби еңбектерін латын тіліне аудару ісімен Ж. Кремона, Иоан Севильи, Герман Каринти, Майкл Скот, Марк Толедо т.б. аудармашылар айналысты. Осы аудармалардың ішінде арабша қолжазбасы жоғалып кеткен әл-Фарабидің «Никоммах этикасына» жазған түсініктемесін ерекше айтып өткен жөн. Орта ғасырлардағы схоластика ілімінің негізін салушылар Фома Аквинскийдің, Ұлы Альберттің және жоғарыда айтып өткен Маймонидтің еңбектерінде осы шығармадан сілтемелер кездеседі. Әл-Фарабидің тағы бір ерекше трактаты Аристотельдің Физикасына жазған түсіндірмелерінің араб тіліндегі нұсқалары туралы айтылғанымен, осы күнге дейін сақталмаған. Оның латынша нұсқаларынан келтірілген сілтемелер Роджер Бэкон мен Ұлы Альберттің еңбектерінде кездеседі. Мұндай тізімді жалғастыра беретін болсақ өте көп. Бұл жерде туындайтын негізгі ой әл-Фарабидің көптеген еңбектері түпнұсқасында сақталмағанымен, оның латын және иврит тіліндегі біршама нұсқаларының сақталғандығын және бұл еңбектер Еуропалық ғалымдардың үлкен сұранысына ие болғандығына куә боламыз.

А. Қасымжанов айтқандай, «әл-Фараби сынды күрделі мәдени құбылысты түсіну тек кең тарихи-мәдени бастауларды қамту арқылы ғана мүмкін болып, әл-Фарабидің әлемдік философия тарихындағы орнын белгілеу үшін оның ойшыл және ұстаз ретіндегі терең де толық бейнесін қайта қалпына келтіруді қажет етеді» [5]. Фараби де өз кезінде «философияны оқуды өткенді жаңғырту, жаңарту ісімен жүзеге асырды» [6].

Ибн-Сина өзінің «Метафизиканың мақсаттары» атты еңбегінде теологияны тек әл-Фарабидің теологиялық ілімін оқығаннан кейін ғана түсінгенін жазды. Ол өзінің әл-Фарабиге борыштар екенін өзінің еңбектерінде, әсіресе «Пікір таластыру» атты кітабында былай деп жазды: «Әбу-Насыр әл-Фарабиге келсек, қай салада болмасын оған деген сеніміміз кәміл болуы керек». Ибн-Синаның айтқан пікірлері мен көзқарастарының түпнегізінде әл-Фарабидің идеялық мұрасы жатыр. «Ибн-Синаның философияға сіңірген еңбегі оның «Екінші ұстаздың» ислам фәлсафасы саласында айтқан ойларын түсіндіруінде, оларды дамытуында, Фарабиді танытуында еді» [7] – дейді XX ғасырдағы арабтың философы профессор Ибраһим Мадкур. Сондай-ақ, біз Фарабидің ислам дінінде орасан зор беделге ие Абу Хамид әл-Ғазалиге еткен әсерін ұмыт қалдырмауымыз қажет. Әл-Ғазалидің Фарабиді қатты сынға алғанына қарамастан, Фарабидің «бақыт», «пайда болу», «ақыл», «байланыс» туралы теориялық көзқарастары оған үлкен әсер еткен.

Ибн-Баджа, Ибн-Туфайль, Ибн-Рушд сияқты испандық мұсылман философтарды қарастырғанда, біз олардың өздерінің шығыстық ағайындарына қарыздар екенін мойындауға мәжбүрміз. Араб және еврей философияларының зерттеушісі С. Монктың осыған қатысты айтқан пікірлеріне сүйенсек, Фарабидің байланыс туралы теориясының Ибн-Баджаның шығармашылығындағы орнының үлкен болғанына куә боламыз. Оның «Сопының шарасы» атты кітабы Фарабидің «Қайырымды қаланың тұрғындары» атты кітабымен үндес. Олардың екеуі де Аристотельдің әсерінде қалған ғалымдар. Сондай-ақ, Ибн-Туфайльдың «Хай бен Яқзан» атты еңбегінде де, оның астарлы және мистикалық стилистикасының Фарабидің Бақыт және Байланыс теорияларын, оның теологиялық және ғылыми көзқарастарын негіз еткенін байқаймыз. Ибн-Рушдтің оны қатты сынауын («Терістеуді терістеу», «Сөздер білімі», «Түсіндіру» атты еңбектерінде) екі философтың әлемнің жаратылысына және ондағы белсенді және белсенді емес ақылдарға қатысты үлкен қарама-қайшылықта болуларына қарамастан, жасампаз сын болды деп айтуға болады. Ибн-Рушд басқа андалусиялық философтар сияқты әл-Фарабидің «бақыт» туралы теориясын қабылдады. Олардың бағыты жалпы бір болса да кейінірек Ибн-Рушд ақылдық теорияны таңдады. Ибн-Хазм да индукция және екінші мән мен үшінші мән арасындағы байланыс мәселелерінде

әл-Фарабидің ықпалында болды. Ол логиканы оңайластыру мен түсіндіруде әл-Фарабиден бұрын ешкім осы әдісті қолданбағаны туралы жазды. XIII ғасырда өмір сүрген христиан және еврей философтары Фарабидің күшті ықпалында болды. Мұса бән Маймун өзінің «Адақандарға жол көрсету» атты кітабында, Әбис-Сальт Аддани өзінің «Зейінді түзету» атты еңбегінде, Ибн-Тамлус өзінің «Логикаға кіріспе» атты еңбегінде көбінесе әл-Фарабиге жүгінген.

Әл-Фарабидің пиренейлік араб философтары мен латын тілді Еуропа философиясына тигізген әсерлері туралы ерекше бағалап, оның біліміне құрметпен қараған яһуди философиясының белді өкілдерінің бірі Мойсей Маймонид болды. Маймонид өзінің шәкірті Самуель бен Тиббонға жазған хатында: «Аристотельдің ғылыми трактаттарының түп тамырын Александр Афродзейскийдің немесе Фелийстий мен Ибн Рушдтың комментарийлерінің көмегімен ғана түсіну мүмкін емес. Менің сізге айтар кеңесім, логика еңбектерін түсіну үшін тек Әбу Насыр әл-Фарабиді оқу керек. Оның барлық шығармалары күмәнсіз керемет. Оны оқып түсіну қажет, себебі ол ұлы адам болған» [8].

Әл-Фарабидің сол кезеңдегі жаратылыстану ілімдерінің дамуына қосқан үлесі туралы да көптеген деректер келтіруге болады. Әл-Фарабидің математикалық мұраларын алғаш зерттеуші отандық ғалымдарымыздың бірі А. Көбесов «Әл-Фарабидің математикалық мұрасы» атты монографиялық еңбегінде: «әл-Фарабидің математиканы философиялық негіздеу туралы ізденістері мен мұраттары математиканы дамытуда, оны оқытуда дұрыс бағыт-бағдар жол-жоба көрсетті деп нақты айтуға болады. Мәселен, оның Евклидтің «Бастамаларына» жазған түсініктемелері бұл еңбекті жаңаша, терең зерттеуге күшті ықпал жасайды. Әл-Фарабиден кейін өмір сүрген оның шәкірттері, ізбасарлары саналатын Орта Азия математиктері Әбу Әли ибн Сина, Омар Хайям, Насыреддин ат-Туси тағы басқалар Евклид «Бастамаларына» арнайы түсініктемелер жазып, математикада елеулі жаңалықтар ашады» [9].

Әл-Фараби «Ғылымдарды классификациялау» трактатында ғылымдарды жіктеу үшін оларды теориялық және практикалық деп екіге бөліп қарастырады. Ғылымдарды бұлай жіктеу Аристотельден басталғанымен, әл-Фараби оны дамытып, әсіресе оның практикалық жағына ерекше тоқталып, ғылымдардың күнделікті өмірде қалай қолданылатындығын нақты дәлелдемелер келтіре отырып ашып береді. Сол

сияқты математика ғылымының да практикалық жағына аса мән қояды. Мысалы арифметиканы күнделікті сауда-саттықта қолданудың басымдығы, математиканың ережелерін музыкада қолданып, әуендердің құрылымын ерекше түсіндіруге тырысуы осыған дәлел бола алады.

Әл-Фарабидің жалпы ғылымның дамуына қосқан үлесі жайында айтқан кезде оның музыкасына тоқталмай кетпеуге болмайды. Ол өзіне дейінгі жазылған музыкалық туындылар мен грек ғұламаларынан аударылған еңбектерге көңілі толмаған. Себебі музыкамен айналыспаған адам ол туралы кітап жазуы дұрыс емес деп санаған. Әл-Фарабидің өзі саз аспаптарында ойнап, ән салған, өз жанынан ән, күй шығарған. Оның ірі трактаттарының бірі «*Музыканың ұлы кітабы*» – ғұламаның әрі музыка жайында, әрі физика, математика жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Әл-Фарабидің музыка теориясы жайлы жазған кітаптары осы салада үлкен феномен болды, бірақ бұл кітаптың тілі өте күрделі және математиканың кейбір мәселелерінен хабары жоқ адамдар үшін түсіну өте ауыр болды. Әсіресе, оның ырғақты (ритм) дұрыстау жөніндегі ойларын түсіну қиын болды. Бұл туралы әл-Фараби музыкасын зерттеуші Д.М. Ранделл: «Немістің атақты зерттеушісі Экхард Нойбауер әл-Фарабидің ырғақ мәселесі талқыланды екі бөлімнің аса күрделі екендігін, Әл-Фарабидің өзі де бұл мәселені кейіннен қайта қарауға мәжбүр болғандығын достарына айтқан екен», – дейді [11]. Мұнда музыкалық акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы тағы да басқа музыканың теориясы жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған. Музыканың тәжірибелік және теориялық негіздерін жасап, физикалық және математикалық заңдылықтардың белгілі музыкалық аспаптарда қалай жүзеге асу жолдарын көрсетеді. Музыканың математикалық теориясын жасау жолында әл-Фараби математиканың көптеген түбегейлі мәселелерін қамтиды. Олар: қатынастар теориясы, комбинаторикалық талдау мәселелері, функционалдық тәуелділіктер және оны кескіндеу, аксиоматика идеясы т.б.

Латындық дәуір үшін әл-Фарабидің бейнесі әл-Киндидің бейнесінен айқынырақ болды. Сол кезде-ақ, оның «Ғылымдарды жіктеу», «Ақыл туралы трактат», «Бақыт жолына нұсқау» атты еңбектері аударылып үлгерген еді.

Біз XIII ғасырда христиан ғалымдарының ұлыларының барлығының, дәлірек айтсақ, Р. Бэкон мен Ф. Аквинскийдің әл-Фарабиге жүгінгенін үлкен сеніммен айта аламыз. Олар

эл-Фарабиге жүгінуде, көбінесе Ибн-Синаның түсіндірмелерін пайдаланды. Нәтижесінде, Ибн-Синаның аты күллі әлемге таралды.

Әл-Фараби еңбектерінің бізге жетуіне әл-Фарабидің еңбектерін өте үлкен құлшыныспен Яхуди тіліне аударған Яхуди ойшылдарының еңбегі зор. Бұл туралы қазіргі күндегі Түркиядағы белгілі ғалым Б. Қарлығаның «Фараби – өркениет философы» атты еңбегінде: «әл-Фарабидің пікірлері, әсіресе атакты Яхуди хахамы және ойшыл Ибн Меймунға да біршама түрткі болды. Оның көмегімен де Яхуди ойшылдары, әл-Фарабидің пікірлері шеңберінде өз түсініктерін дамыта бастады. Ибн Меймун, әсіресе оның логикаға деген көзқарасына көп көңіл бөлгені үшін, Ибрани ойшылдары да оның логикадағы қосқан үлесіне қызығушылық танытты. Тіпті Ибн Меймунның «Логика жайындағы шығармаларға тоқталғанда, тек қана Әбу Наср әл-Фарабидің шығармалары жеткілікті екендігі туралы: «Оның барлық шығармалары өте жақсы және ғажап. Ол шығармалар қысқартылған түрде және толықтай зерттелінген. Өйткені, ол өте үлкен тұлға» [10] – деген пікір айтты.

Үлкен Альберт және оның шәкірті Сайн Томас арқылы Латын әлемінде де біраз әсерін тигізген, ойшылдардың пікірлері азайса да, он сегізінші ғасырларға қарай Батыста танымал болғаны белгілі.

Арабшадан латыншаға аударылған бас-тамамен бірге, батыс зерттеушілерінің қызығушылықтарының қайнар көзі болған. Әл-Фарабидің шығармаларынан қол жеткізген анықтамаларымызға қарағанда еңбектерінің 9 данасы латын тіліне, 27 данасы иврит тіліне аударылған.

Бүгінде әл-Фарабидің арабша түпнұсқасы жоғалып кеткен. Қалған басқа шығармаларын біз, иврит және латын тіліндегі аудармалардан, немесе иврит әріптерімен жазылған арабша мәтіндерден оқи аламыз.

Бұл аудармалар нәтижесінде әл-Фараби Батыс әлемінде жақын танылу мүмкіндігін тапса да, оның Ибн Сина мен Ибн Рушд сияқты бір ағым негізін құру деңгейінде қабылданғаны жайлы сөз айту мүмкін емес. Бірақ Яхуди ғалымдары мен ағартушылар арасында Фарабидің қалдырған әсері, қалған екеуінен де жоғары. Жоғарыда айтылып өткендей, әсіресе атакты Яхуди ғалымы және дін адамы Мұса Ибн Меймун, оған үлкен көңіл аударуы, пікірлерінің, ибранилер арасында әсерлі бір ағымның пайда болуын қамтамасыз етуі және басқа Яхуди ойшылдарын Фарабидің шәкірті санауына әкелді.

Әл-Фараби философиясын өзінен алдыңғы және кейінгі философтар идеяларынан ерекшелеп тұратын оның пайғамбарлық және аян туралы айтқан ойлары еді. Ежелгі гректерде пайғамбарлық мәселесі талқыланды және әл-Фарабиге дейін мұсылман әлемінде де бұл мәселелер әлі көтеріле қоймаған еді. Әл-Фараби Аристотельдің Түс туралы теорияларын осы мәселені шешуде пайдаланды. Белгілі Мысыр ғалымы Насер Саид Хуссейн әл-Фарабидің пайғамбарлық туралы идеясының аса маңыздылығын атап өтеді. Ол: «Әл-Фарабидің пайғамбарлық жөніндегі теориясы орта ғасырда да, тіпті қазіргі таңда да маңыздылығын жоймай келеді. Мұсылман ойшылдарының ішінде Ибн Сина мен Ибн Рушд бұл теорияны ары қарай дамыта түсті. Яхуди философиясының негізгі өкілдерінің бірі Ибн Меймун да бұл теорияны қолдап, өзінің кейбір идеяларын да пайдаланды. Сонымен қатар Спиноза да ибн Меймунға сүйене отырып, осы сияқты теория қалыптастырған» [12].

Әл-Фараби Аристотельдің, Платонның және ислам әлемінің сан-қилы көзқарастарын өз бойына сіңіріп, қорытып, жаңа бөлек мектептің негізін салды және алғашқылардың бірі болып философияны ғалам ғылымынан ажыратып, оны кейін дамытып, өзінен кейінгі христиандық және исламдық ойлардың дамуына күшті түрткі болды. Әл-Фараби Аристотельдің философиясында өз шешімін таппаған «Құдай мен Әлем арасындағы байланыс» мәселесін шешеді, Құдайды түпкілікті себептен жасампаз себепке айналдырады, шашыраған сансыз бөлшектерді біріктіріп, түп-негізі бір, барлық нәрсені қамтитын біртұтас ақиқат моделін жасайды. Ол кейінгі ойшылдар мен философтар үшін бірнеше ғасырлар бойы негізгі дереккөз болды. Ол кейбір мәселелерді тек толықтырса, енді кейбіреулерін тек бастап қана қойып, өзінен кейінгі буынның еншісіне қалдырды. Бүгін кейбір философтар оның философиясындағы кейбір ғаламдық-космологиялық ойларының қате екендігін, оның жетекшілікке алған зерттеу әдістерінің тым көне және тиімсіз, күнімізге сай еместігін алға тартуы мүмкін. Бірақ, біз ұзақ ғасырлар бойы ғылым мен өркениеттің дамуына қызмет етіп, олардың гүлденуіне өзінің тұтас ғұмырын сарп еткен ұлы ойшылдың мұрасы турасында айтып тұрмыз.

Осылайша, әл-Фараби ислам әлемінде еркін ойлардың таралуына негіз жасады. Әл-Фарабиден кейінгілер оны ұстаз ретінде қабылдап, оның тигізген прогрессивтік әсерін мойындады. Бұған

қоса, әл-Фараби алғашқылардан болып, ислам фәлсафасының қалыбын жасады, оның негіздері мен принциптерін салды.

Әл-Фараби тек қана өз дәуірінің немесе түрік және ислам әлемінің емес, шығыстан батысқа дейінгі әр кезеңде де бүкіл әлемге сәулесін шашқан бір әлемдік деңгейдігі

философ болды. Өзінің жазған еңбектерімен, айтқан ой-пікірлерімен, оның шығыс пен батыстағы ықпалымен белгілі болған ұлы ойшыл қазіргі таңда дағдарыс ішінде тыпырлаған әлемге ауадай қажет болған мәдениет философиясының ең беделді теоритиктерінің бірі.

Әдебиеттер

- 1 Hammond R. The Philosophy of Al-Farabi and its influence on Medieval Thought. Hobson Book Press. – New York, 1947. – P. 118.
- 2 http://www.inform.kz/kz/olzhas-suleymenov-al-farabidin-enbekteri-europanyn-kayta-zhandanuyna-komekteskenin-unemi-eske-salyp-otyru-kazhet_a2746071
- 3 Massignon Louis. Recueil de Textes. Inedites concernant L'histoire de mystique en pays de l'islam. – Paris, 1998. – P. 53.
- 4 Louis Gardet: A Catholic Thomist takes up Islamic Studies, Volume 99. – P. 253-259.
- 5 Қасымжанов А. Х. Абу-Наср аль-Фараби. – М.: Мысль, 1982. – С. 3.
- 6 Хайруллаев М.М. Фараби-крупнейшей мыслитель средние веков. – Ташкент, ФАН, 1973. – С. 14
- 7 Ibrahim Madkur. La Place d'al-Fa`ra`bi dans l'e`cole philosophique Arabe. Paris, 1934. – P. 8
- 8 Majid Fakhry. Al-Farabi, Founder of Islamic Neoplatonism: His Life, Works, and Influence. – Oxford: Oneworld Publications, 2002. – P. 148
- 9 Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 175 б.
- 10 Bekir Kaliga. İslam düşüncesinin Batı düşüncesine etkileri. – Istanbul, 2004. – 308 s.
- 11 Don M. Randel Al-Fārābī and the Role of Arabic Music Theory in the Latin Middle Ages Journal of the American Musicological Society Vol. 29, No. 2 (Summer, 1976). – Pp. 173-188
- 12 Nasr, Seyyed Hossein. Islamic philosophy from its origin to the present: philosophy in the land of prophecy. State University of New York Press, 2006. – P. 273.

References

- 1 Hammond R. The Philosophy of Al-Farabi and its influence on Medieval Thought. Hobson Book Press. – New York, 1947. – P. 118.
- 2 http://www.inform.kz/kz/olzhas-suleymenov-al-farabidin-enbekteri-europanyn-kayta-zhandanuyna-komekteskenin-unemi-eske-salyp-otyru-kazhet_a2746071
- 3 Massignon Louis. Recueil de Textes. Inedites concernant L'histoire de mystique en pays de l'islam. – Paris, 1998. – P. 53.
- 4 Louis Gardet: A Catholic Thomist takes up Islamic Studies, Volume 99. – P. 253-259.
- 5 Kacymzhanov A. X. Aby-Nacp al'-Fapabi. – M.: Mycl', 1982. – С. 3.
- 6 Xajpyllaev M.M. Fapabi-krypnejshej myclitel' cpednivekov'ja. -Tashkent, FAN, 1973. – С. 14
- 7 Ibrahim Madkur. La Place d'al-Fa`ra`bi dans l'e`cole philosophique Arabe. Paris, 1934. – P. 8
- 8 Majid Fakhry. Al-Farabi, Founder of Islamic Neoplatonism: His Life, Works, and Influence. – Oxford: Oneworld Publications, 2002. – P. 148
- 9 Kөbesov A. Әбу Nasyr әl-Farabi: monografija. – Almaty: Қазақ universiteti, 2004. - 175 b.
- 10 Bekir Kaliga. İslam düşüncesinin Batı düşüncesine etkileri. – Istanbul, 2004. – 308 s.
- 11 Don M. Randel Al-Fārābī and the Role of Arabic Music Theory in the Latin Middle Ages Journal of the American Musicological Society Vol. 29, No. 2 (Summer, 1976). – Pp. 173-188
- 12 Nasr, Seyyed Hossein. Islamic philosophy from its origin to the present: philosophy in the land of prophecy. State University of New York Press, 2006. – P. 273.

Шын білім – ақиқат, анық білім.

Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқыр ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.

Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет ондай болмасқа керек.

Әбу Нәсір әл-Фараби

Әбдірасылова Г.З.

**Философиядағы онтология
мәселесінің тарихи-әлеуметтік
негіздері**

Мақалада философиялық дүниетанымның болмыстық тұғырының тарихи-әлеуметтік негіздері, олардың метаморфозалық ерекшеліктері талданды. Түпнегіз, жаратылыс құрылымы, болмыс және қозғалыс, Логос және Нус туралы түсініктердің тарихи-рухани ерекшеліктері, трансформациялану тетіктерінің мәні ашылды. Бүгінгі замандағы ақиқаттылық эталоны ретінде алынатын құндылықтар, постмодерндік дағдарыс кезеңіндегі онтологиялық аңырудың себептері анықталды.

Түйін сөздер: болмыс, таным мүмкіндіктері, философиялық рефлексия, еңбек апологеті, Абсолютті құдірет, шындық, тағдыр, қажеттілік, онтологиялық нигилизм, жанның субстанциясы, трансценденталдылық.

Abdrassilova G.Z.

**The socio-historical basis of
the problem of ontology in
philosophy**

The article analyzes the socio-historical basis and specificity of metamorphosis ontological perspective philosophical worldview. Uncovered historical and spiritual features, the mechanisms of transformation and the meaning of «structure of the universe», «existence», «movement», «Logo», «NUS». Identify the values that serve as the standard of truth, promises and causes of ontological inquiry in the age of the crisis of the postmodern.

Key words: Genesis, the boundaries of knowledge, philosophical reflection, advocates of labor, the absolute spirit, truth, destiny, necessity, ontological nihilism, the essence of the soul, transcendence.

Абдрасилова Г.З.

**Социально-исторические
основы проблемы онтологии
в философии**

В статье проанализированы социально-исторические основы и специфика метаморфоз онтологической проблематики философского мировосприятия. Раскрыты историко-духовные особенности, механизмы трансформации и значения понятий «структура мироздания», «существование», «движение», «Логос», «Нус». Определены ценности, служащие эталоном истинности, посылы и причины онтологического вопрошания в век кризиса постмодерна.

Ключевые слова: бытие, границы познания, философская рефлексия, апологеты труда, абсолютный дух, правда, судьба, необходимость, онтологический нигилизм, субстанция души, трансцендентальность.

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ОНТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХИ- ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

Дүниенің, адам тіршілігінің негізі – болмыс проблематикасы қашанда дәуір сұранысы. Ертеде б.д.д. V-IV ғасырлардағы Парменидтің заманында грек халқының Олимптегі дәстүрлі құдайларға деген сенімі жойылып, әфсана (мифология) – ойдан шығарылған аңыз-ертегі ретінде қарастырылған сәт туды. Гомер, Гесиодтан – Софокл және Аристофан заманына дейінгі уақыт ішінде жалпы грек дүниетанымында мәнді өзгерістер іске асып үлгерді. Ол өзгерістер ең алдымен поэзияда айқын көрініс берді. Шумер-аккадтық «Энума элиштің» әсерімен жазылған «Теогониясында» Гесиод дүниенің, адамның жаралуы және құдайлар дүниесіндегі адам орны туралы дүниетанымдық сұраққа өз жауабын баяндады. Гомер эпосында «гомерлік Грецияның» алғашқы (классикалық-микендік) кезеңіндегі ақсүйектік идеалдар паш етілсе, шаруа әкеден туған Гесиод – еңбектің апологеті. Сондықтан Гесиод үшін алдаумен, зорлықпен келген байлық – нағыз дәулет емес. Антикалық этика Гесиодтың дәл осы «Еңбектер және күндерінен» бастау алды. Гомерде қасиеттілік, кие туралы ұғым жоқ. Ол жырлайтын құдайлар мен адамдарға ар-иман, адамгершілік тән емес. Құдайлардың дүниенің жаратылуына қатысы жоқ, олар табиғи процестер мен құбылыстардың жоғары жаратылыстық сыңарлары ғана.

Адамдардың пайда болуы туралы Гомер эпосында ештеңе айтылмайды. Бар болғаны адамдар құдайларға керісінше суреттеледі: олардың өмірлері қайғыға толы және толығымен құдайлар еркіне бағынышты. Адамдардың міндеті – көмек пен рахым тілеп құдайларға құрбандық шалу. Ал құрбандықты қабылдау-қабылдамау – құдайлар еркінде. Және бұл мәселедегі шешімді олар ақыл мен адамгершілік қағидаларына сүйеніп емес, өз құштарлықтарын басшылыққа ала отырып қабылдайды. Сөйтсе де Гомердің кейіпкерлері құдайларды алдап, олармен күресуге шешімі жететін жүректілікке ие. Ал Аристофан заманында мұндай көзқарас әжуа-мысқыл тудырды. Софокл құдайлардың білімі мен құдіретін адамдікімен салыстыруға келмейтіндігін айтады. «Бізге білу берілмеген, тек болжау ғана» – дейді оның Одиссейі. Сонысымен Гомердің айлакер Одиссейінен ерекшеленеді.

Поэзия сияқты біртіндеп философия пәні де өзгерді. Философтардың түпнегіз, жаратылыс құрылымы, болмыс және қозғалыс, Логос және Нус туралы батыл да кесімді пікірлері Сократтың (Софокл, Аристофан және Эврипидтердің замандасының) өз білімсіздігі туралы скепсисімен алмасты. Бірақ Сократ скепсисі білу мүмкіндігін терістейтін скепсистен өзгеше.

Дүниетанымдағы өзгеріс құдайлар және адам арасындағы қатынас, екеуінің мүмкіндіктері, адам және Құдайдың бір-бірінен алшақтығы туралы мәселеде іске асты. Сократтық скепсис философиялық рефлексияда жаңа бетбұрыс жасады: философтар адам мүмкіндігінің шектеулілігін, адам шектілігі мәселесін ұғынып, философия өзінің танымдық мүмкіндіктерінің шексіздігі туралы түсініктен бас тартты. Парменид заманында басты тірегі құдайлар және дәстүр болып табылатын антика дүниесінің негізі күйреді.

Енді дүние, Әлем соншалықты мызғымастай берік болудан қалды: барлық нәрсе тұрақсыз, формасыз, сенімсіз болып шығып, адам өзінің өмірлік сүйенішін жоғалтты. Сенімді дүниесінен айрылған көне заман адамының үрей-қорқынышы мен мазасыздығы күшейді. Адам санасының тереңіндегі ой тығырықтан шығатын жол таппағандықтан түңілу, күдік-күмән сезімдері белең алды. Орнықтылық негізі, жан тыныштығының бастауы болатын өмірлік сүйенішке, жаңа құдіретке қажеттілік туды.

Адам тіршілігі үшін трагедияға айналған бұл жағдайды ұғынған Парменид дүниені хаосқа айналудан сақтайтын, дүниеге тұрақтылық беретін, барлық нәрселер мен құбылыстарды белгілі тәртіпке бағындыратын Болмыстың (Абсолютті Құдіреттің) бар екенін жария етті. Парменид оны мәңгі де жойылмайтын Құдірет, Шындық, Тағдыр, Қажеттілік деп атап, өзгермейтін, бөлінбейтін, пайда болмаған, сондықтан жойылмайтын, қозғалыссыз, әрі уақытта шексіз, сезімсіз, ештеңені қажет етпейтін, тек ақылмен, оймен тануға болатын Жоғары Ақиқат, Ізгілік және Игілік деп сипаттады. «Болмыс дегеніміз ой» дегенді Парменид субъективті ой ретінде емес, Логос – «адамға дүниенің мазмұны тікелей ашылатын космостық ақыл-ой» деген мағынада қолданды. «Барлығы қажетіне қарай» дегені дүниежаратылыстағы ешбір нәрсе кенеттен өзгеріп кетпейтінін, күннен кейін түн келіп, Күннің сәуле шаша беретінін және адамдардың бір күнде себепсізден-себепсіз жантәсілім болмасын білдірді. Осылайша Парменид сезімдік

дүниенің арғы жағында – осы мына дүние тіршілігінің гаранты рөлін атқаратын ерекше күштің бар екендігін негіздеді. Мұндай сенім мызғымастық сезімінің жойылуынан туған түңілісті сейілтті. Кәдімгі грек сөзінен алынғанмен жаңа («болмыс» – «бар болу») мазмұнмен байытылған Парменидтің «болмысы» адам санасына күнделікті күйкі тіршіліктің арғы жағындағы Құдіретке деген мойынсұнуды, тәуелділікті әкелді. Әрі кез-келген кездейсоқтық пен субъективті зорлық-зомбылықтан қорғалғандығы сезімін берді. Адам Ақиқаттың қажеттілік атты Құдіреттің алдында тізе бүгуге шақырылды, сондықтан адам тәкәппарлығына орын қалмады.

Гераклит теориясына қарсы шыққан философтардың алғашқы теоретигі болған Парменид өз ілімін «өзіне Ақиқат Құдайы – Дике ұсынған ақиқаттар» ретінде жариялады. Ақиқатты ақылдың көмегімен ғана тануға болады. Ақылмен қабылданып, оймен ойланатынның ғана реалды екенін жариялаған Парменид – болмыс пен ойлаудың тепе-теңдігін тұжырымдады: «Нәрсе туралы ой және ойдың нәрсесі – бір». Бейболмыс деген жоқ, өйткені оны «оймен танып, сөзбен сипаттау мүмкін емес». Бейболмысты ойлау мүмкін емес, себебі ол туралы ойлауға кірісер болсақ (ой және ойдың нәрсесі тең болғандықтан) бейболмыс – болмысқа, мәнсіздік – тіршілікке айналады.

«Парменидтің болмыс мәселесіндегі шешімі бүкіл батыстық дүниенің тағдырын айқындады» деп тұжырымдады М.Хайдеггер. Бір жағынан, мәдениет пен дүниетанымға көзге көрінетін заттардың ар жағында – көрінбейтін дүниенің, әрбір қырынан Игілік, Жарық Нұр, Ізгілік есетін, үйлесімді ұйымдастырылған ғажайып мінсіздіктің бар екені туралы түсінік ендірілді. Батыстық дүние мұндай, трансцендентті нағыз болмыс идеясын қабылдап, дамытты. «Егер нағыз болмыс деген бар болса, онда жердегі тіршілікте ақиқаттың болмағаны ғой. Ақиқат қандай да бір өзге, көзге көрінбес бейнеде екен ғой». Осылайша еуропалық дүние ғасырлар бойы өзге болмысты оймен танып-зерттеуге жаттығып, ойлау машығын болып көрмеген деңгейге жеткізді. Ал екінші жағынан, «көзге көрінбейтін нағыз болмыс бар болса, онда жердегі тіршілік нағыз, шынайы болмағаны. Демек, жердегі болмысты өзгерту, жетілдіру, мінсіз де ақиқат, нағыз болмысқа ұқсатып, жақындату қажет». Батыстық ой тарихында көптеп кездесетін әлеуметтік утопиялар – нағыз болмысқа қол

жеткізу талпыныстарының өзіндік нәтижелері, көрсеткіші болды.

Жердегі болмыстың жалғандығын жөндеу, жеңу жолындағы батыстық ой-әрекет екі түрлі жолмен іске асты. Біріншісі – жердегі дүниені, қоғамды қайта құру мақсатындағы практикалық әрекет түрінде жүрді. Бұл әрекет түрі сыртқы құрылымға: дінге, салтқа, мемлекеттік құрылысқа, экономикалық өмір тәсіліне бағытталды және көтерілістер, төңкерістер жолы болды. Көздейтін мақсаты – жалған болмысты бұзып-жойып, оның «сынықтарынан» нағыз дүниені – жалпы теңдік, еркіндік, бауырластық дүниесін құру. Екінші жол – сыртқы дүниені емес, ішкі, рухани дүниені өзгерту. Жалған болмыс мәселесі сыртқы дүниеден ішке көшірілді: адамдар мемлекеттік құрылымды, қоғамның экономикалық өмірін емес, өзін-өзі іштей жетілдіруді мақсат етті.

Адам мәні туралы мұндай Сократ, Платон, Аристотель, Плотиндер ұсынып, олардың шәкірттері, жақтаушылары дамытқан түсінік антикалық заманда қатаң сынға ұшырады. Оған қарсы қойылған басты идея – объективті мәндік жүйеге қарсы тұратын индивидуалдылық идеясы болды. Ол идея өз көрінісін софистика, скептицизм, эпикуреизм сияқты философиялық ағымдардан тапты.

Бірақ гректік дүниеде ондай мінсіздік идеясы шарықтай алмады. Жеке жанның ажырамастығы туралы діни тақырыппен байланысты бола жүріп бұл идея тек христиандықта ғана шешуші мәнге ие болды. Құдайды тұлғалық тұрғыдан ұғыну, тұлғалық махаббат, индивидуалды ажалсыздық, күнәға бату, күнәдан арылу және құтқарылу – бірінші кезекте антикалық дүниенің мәндік құрылымының жалпылығымен және бейтұлғалылығымен қатаң қайшылыққа келген элементтер осылар. Христиандық ортағасырлардың ұлы үлесі – бір-біріне қайшы негізгі екі мотивті біртұтас етіп өрнектей білгендігінде.

Жаңадан пайда болған христиандықтың адам мәселесін шешуге не бергенін нақты ұғыну қажет. Бір жағынан адам болмысы нағыз трансценденциямен байланыстырылды, ал екінші жағынан бұл процесс адамның табиғи байланыстары құнсызданбайтындай болып, мұқияттылықпен іске асты. Бұл дүние және о дүниенің қарама-қарсылықтары аристотельдік-платондық қарама-қарсылықтар синтезі түрінде іске асты. Алайда христиандықтың «антиканы терістеуі» бұл емес. Адамдағы қайталанбастықты, бірегейлікті, демек, нағыз революциялық элемент болып табылатын тарихилықты ашуында. Адам тұлғасы

оның индивидуалдылығынан, өзінің ғарыштағы, объективті түрде алдын ала берілген-белгіленген жағдайынан туындайды. Антикалық дүниеге тіпті жат тарихилық (бастапқыда құтқарылу туралы діни ілім түрінде болса да) алғаш рет христиандықта көрініс берді. Мұндай тұлғалық бірегейлік және тарихилық-қайталанбастық элементтер антикалық онтологияның қатаң құрылымын көкке ұшыру қаупін тудырды.

Нағыз жарылыс тек Жаңа Заманда іске асқанмен, мұндай революцияшыл элементтерді ауыздықтап, ортағасырлық ұлы синтезге ендіру үшін ұзақ та қатыгез күрес қажет болды. Мысалы, христиандықтың алғашқы жүзжылдығында сахнаға грек философиясына қарсы аянбай күрескен жансебіл ойшылдар – философияны «күпірліктің анасы» деп атаған Татиан мен Тертуллиан шықты. Александриялық Климент және Оригендер, керісінше, алғаш болып грек философиясы мен христиандықтың синтезін жасауға талпынды. Олардың пікірінше, христиандық – антикалық ілімдерге қарапайым адасушылықтар ретінде емес, жекелеген ақиқаттар ретінде қарсы. Христиандық ілімді олар грек философиясының соңы, ал мәжусилік даналықты – христиандыққа дайындық деп қабылдады. Бұл ойды дамытқандар Ұлы Василий, Григорий Назианзин және Григорий Нисскийлер болды.

Ең алғашқы ұлы синтезді жасаған Августин христиандықтың негізгі элементтерін антикалық қазынамен біріктіргенмен, кейінгі ортағасырлық францискандық-августинистік ағымдарда Аристотель онтологиясының ықпалын сезінген схоластикалық онтологияға қарсы бағытталған тенденциялар қайта-қайта көрініс берді. Адам тұлғасының бірегейлігіне назар шоғырландырып, махаббаттың және ерік-қайраттың жетекшілік рөлін мойындау, құдіретті мейірім-шапағаттың мәнін баса насихаттау және экзистенциалдық категорияларды ұсыну – осылардың барлығы Августинде бар. Әрине, Августин ілімінде объективті мәндердің жалпы құрылымы шешуші сипатқа ие екенін ұмытуға болмайды. Алайда, объективті дүниеқұрылым біртіндеп артқы планға ығыстырылып (августинистік-францискандық қозғалыстың өкілдеріндегі сияқты), алдыңғы орынға индивидуализм мен номинализм шықты. Ортағасырлар соңындағы Дунс Скот және Уильям Оккам мәндерге негізделген қазіргі замануи философиядағы адам картинасының толық ыдырауына негіздеме дайындап та үлгерді.

Индивидуализм және номинализм келесі: субъективизм, идеализм, релятивизм, иррацио-

нализм сияқты бағыттарға алғашқы баспалдақ қана болды. Бұл тұрғыдан алғанда, Жаңа Замандағы «христиандықты грек онтологиясының элементтерінен тазартса, адам картинасының бастапқы, шынайы сипатын қайтаруға болар еді» деп санаған протестанттық діни қозғалыстың тууының да мәні бар. Ілімнің дамуы Скот Эриугена, Ансельм Кентерберийский, Ұлы Альберт арқылы іске асты. Әйтсе де өзінің шырқау шегіне бұл тенденция Фома Аквинский ілімінде ғана жетті.

Фоманың мәндерге негізделген картинасында «рухани жанның субстанциясы – индивидуалды» екендігі туралы тұжырымы шешуші рөл атқарды. Аристотель ілімінде бұл мәселе өз шешімін таппаған және сонысымен аверроизмнің бастамасына айналған болатын. Осылайша христиандықтағы адам жанының бірегейлігі мен бұзылмайтындығы туралы идея объективті мәндік дүниелік тәртіп туралы идеямен бірігіп, тұтасты. Аристотельдегі сияқты Фомада да индивидуализациялау принципі материя болып табылады. Жан да тәннің формасы ретінде қарастырылады. Басты назар формаға емес, форма мен материяның, жан мен тәннің бірлігіне аударылғанына қарамастан нағыз субстанция және тұлға – бұл – жанның тәнмен субстанционалды бірлігі. Ақылды жан (разумная душа) тәннен бөлінсе де таза рухани өмірдің функцияларын орындай бере алады, бірақ бұл күйде ол (виталды функцияларды атқару қабілетін жоғалтқандықтан) толыққанды тұлға болып табылмайды. Демек, адам жаны тәнмен бірлікте өмір сүру үшін жаралған. Өйткені бұл оның табиғи жаратылысы. Олай болса жалғыз жан ғана емес, жан-тән бірлігі де өлмейді, өйткені христиандық ілім бойынша тәннің қайта тірілетіні рас. Жан – рухани-моральдық өмірдің ғана емес, сензитивті және вегетативті өмірдің де принципі болып табылады. Ол тіпті тәндіктің (тәнділіктің) де принципі. Демек, адам тұтастығында бір ғана форма бар. Томистік ілім мен адам мәніндегі формалардың көптігін жақтайтын францискандық-августинистік мектептің басты, бірінші кезектегі айырмашылығы осында. Субстанционалдылық және адам болмысының мәндік берілуі томизм антропологиясының басты ұстанымын бейнелейді. Ал келесі ұстаным: адамды объективті түрде алдын ала берілген болмыс тәртіптеріне кесімді түрде таңу. Барлық мәндердің дүниеқұрылымда нақты бейнеленген орны бар. Бұл орын оған өзінің уақыттан тысқары өзгермейтін мәні арқылы берілген. Форма мен норманы да адамға бекітілген тәртіптер ендіреді.

Болмыстық дүниеқұрылымға дәл осындай нақты белгіленген құндылықтар дүниеқұрылымы сәйкес келеді. Адамның міндеті – оларды айқын танып-біліп қабылдау. Ол өз мәнін барынша максималды дәлдікпен жүзеге асыруға және соның арқасында ғарыштағы өз орнын иеленуге тиіс. Адам әрекеті объективті мәнді құндылықтық принциптермен анықталған. Ол төменгі құндылықты жоғарғымен алмастыруға және тек жоғарғыға ұмтылуға тиіс. Сондықтан ерік-жігер мен әрекетті таңу қатаң түрде программаланған. Осылайша адам болмысы әрбір жағдайдың теориялық және практикалық аспектілерімен жалпы объективті мәндік тәртіптермен байланысты.

Өз дамуының шырқау шыңына Фома Аквинский ілімінде жеткен дәстүрлі философияның дүние картинасы ортағасырлардан кейін де – Жаңа және Қазіргі заманғы түрлі философиялық ағымдарда өз тіршілігін жалғастырды.

Жаңа Заманда антикалық объективті болмыс идеясы трансформацияға ұшырады: болмыс субъективтендірілді. XX ғасырда бұл процесс тереңдеп, Абсолют-Құдай адамның ішкі априорлы ұстанымына тәуелдене түсті. Антикалық дәстүр субстанцияны – объективті реалдылық, яғни адамға, оның танымы мен санасына тәуелсіз болу қасиетін беріп сипаттаса, Жаңа Заман номиналистік ұстанымды басшылыққа ала отырып өзімізге субъективтіліктен асқан айқын да анық, нақты реалдылық жоқ екенін жариялады. Антикалық дүние мен Ортағасырлық реализм объективті дүние және объективті абсолюттің бар екеніне күмәнданбаса, Декарт бастаған философтар аталғандардың бар-жоғына сенімсіздік танытты. Болмыс сферасы адам «меніне», тұлғаның трансценденталды құрылымына тәуелді етілді. Трансценденталдылық ұғымы схоластикалық философияда пайда болып эмпириялық дүниеден, шектіліктің сферасынан асатын болмысты білдірді.

Канттың философиялық зерттеулерінің орталығындағы-адамтанудағы «коперникандық төңкерісі» арқасында адам субъектисіндегі тарихи қалыптасу идеясы дамыды. Және бастапқыда бостандық сферасы ретінде ұғынылған мәдениет саласы адамның құндылықтарды жүзеге асыру аймағына айналды. Сондықтан Кант негізін қалаған «антропологиялық бетбұрыс» – танылатын дүниеге қатысты ойлаудың белсенділігін ұғынған Жаңа Заманның философиялық жаңалығын түйіндеді. Объективтілікті Канттық тұрғыдан ұғыну аса маңызды болды. Өйткені ол адамға объект ретінде берілетіннің барлығы

адамның өз ақыл-ойының принциптеріне сүйене отырып қана қоймай, сезімдік қабылдаудың қиял күшіне әсер етуін реттейтін ақыл-ой қабілетінің аркасында берілетінін білдірді. Осылайша өзге (иное) өзіндік ақыл-ой белсенділігінің аркасында ғана мүмкін болады (Кант). Бұл жағдайда адам барабарлығы радикалды сұраққа айналады, өйткені ақыл-ой өзіндігі (данность себе) өзге өзіндікке бағынуға тиіс. Алайда ол бағына алмайды.

Кант трансценденттілік терминіне өзгеше мән ендірді: ол оны сезімдік пен пайымдаудың априорлы формаларын белгілеу үшін қолданды. Олар Кант ілімінше, дүниені тану мүмкіндігінің формалды шарттары болып табылады, яғни бейболмыс біз арқылы көрініс беріп, ал біз тәжірибеге дейінгі (априорлы) уақыттық-кеңістіктік ойжорушылық формалар мен пайымдау категорияларының көмегімен оларды «аулап», болмыс фрагменттерін белгілі бір тұтастыққа біріктіреміз. Кантты болмыс мәселелері емес, таным сұрақтары қызықтырды. Және таным болғанда да нәрселермен айналысатын таным емес, өзіміздің танымымызда бар нәрселердің формаларымен шұғылданатын таным. Өйткені таным мүмкіндігі бастапқыдан берілген (априорлы). Кант адам танымының құбылыстар дүниесіндегі болмысты «жарататынына» сенді. Ал түптеп келгенде Абсолютті болмысты, Құдайды да.

Жаңа Заман антикалық дәстүрдің адам тіршілігіне аса қажет сүйеніш-тіректі ізденісін жалғастырды. Құдайдың орнын адам ақыл-ойы иеленді. Құдайсыз қаңырап қалған дүниедегі ойсыраған Құдай орнын ақыл-ой күшіне деген сенім алмастырды. Әңгіме ақыл-ой, логос туралы емес (Парменидтегідей әлемдік-ғарыштық емес), адам өлшемдес түпкі ақыл-ой туралы болғанмен, ақылды тірек ету талпынысы антикалық сипатта еді. Адам ақыл-ойына ақиқатты тану, эмпириялық болмыстағы хаосты жүйелеп-реттеу, заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен қатынастардың себеп-салдарлық қажеттілігін анықтау сияқты Ақыл-Ой-Логосқа тән сипаттардың барлығы тән етілді. Жаңа Заман философтары адамдардың барлығында қатаң да дәйекті, өз ойлау заңдары мен принциптерін өз-өзіне ескертіп отыратын, ақыл-ойға «өлшем» болу қабілетіне ие деп тұжырымдады. «Ақыл-ой дегеніміз «мен» және дүние бірлігінің шарты» деп сенілді. Ақыл-ой – қоғамдық даму идеалының және түптеп келгенде тарихтың парасаттылығының кепілі деп саналды. Ақылға ие болғандықтан адамдар

қоғамдық мүдденің құндылығын және жалпы тарихи мақсаттар жолында өз-өзін құрбан ету қажеттілігін мойындайды.

Қайта Өрлеу және Ағарту дәуірінде рационалды жобалар жасалды.

Ал XX ғасыр антикалық дәстүрден қол үзуімен ерекшеленді. Болмыстың гректік түсініктегі өзгеріссіздік, қозғалыссыздық, субстанционалдылық ұғымынан, ақыл-ойды адам тіршілігінің тірегі ретінде мойындаудан бас тартылды. XX ғасыр адамы және қоғамы ақыл-ойға сенім білдіруден бас тартты.

Канттың номиналистік-протестанттық бастаудан тараған трансцендентализм идеясы экзистенциализм философиясында даму алды. Канттан өзгешелігі, экзистенциализм «трансценденталды» ұғымын гносеологиялық (теориялық-танымдық) мағынада емес, моральдық-этикалық мәнде қолданады. Егер Кант адам «менінің» трансценденталды құрылымындағы сезімдік пен пайымдаудың априорлық формаларынан өзге, танымды іске асыратын ештеңе көрмеген болса, экзистенциализм бұл құрылымға априорлыны (ештенеден туындамайтын тәжірибеге дейінгі) ішкі, шартсызды мойындады. Осылайша экзистенциализм адам құрылымында мәңгіге, абсолютке бағытталған ішкі тартылыстың болуын тұжырымдады. Адам бойындағы Абсолютке және шартсызға деген фундаменталды талпыныстың іске асырылуы мүмкін болмаса, адам мазасыздыққа, кобальду мен күйінішке ұшырайды.

Экзистенциалистер шартсызға деген талпыныс – адамның тұрмыс қиыншылықтарын жеңуге көмек беретін трансценденталды тіректі табуға ұмтылыс беретініне сенімді. Мұндай тірек Құдай болып табылады. Бірақ Құдай экзистенциалистер түсіндірмесінде спецификалық ерекшелікке ие: ол адамнан тысқары емес, адамның өзінде. Экзистенциализмде Құдай идеясы екінші болып келеді. Өйткені ол идея адамның қандай да бір мәңгі де тұрақтыға, сенімдіге ұмтылысын қанағаттандыруға берілген жауап ретінде пайда болады.

Антикалық рационалистік дәстүрден бас тарту XIX ғасырдың ортасында басталған болатын. Гегельдің шәкірті әрі замандасы, дат философы С.Кьеркегор өз ұстазының көзі тірісінде-ақ ақыл-ойдың талпыныстарына қарсы шығып, ақыл-ойды – адамдар өмірін шырмап, олардың тіршілігін қансыз-сөлсіз өрмекке айналдыратын «ауру өрмекші» деп жариялады. Бірақ XIX ғасырдағы адамзат ақыл-ой мүмкіндіктеріне деген сенімнен бас тартуға дайын емес еді,

сондықтан Кьеркегор, Ницше сияқты ақыл-ой сыншыларының идеялары ақылдан алжасқандардың сандырағы ретінде бағаланды.

XIX ғасырдағы классикалық ой өзінің кеңістігінде бейсаналық, ақылдан алжасу, секс тақырыптарын ұғынуға және көпшілік алдында талдауға жол бермеді. Мемлекет өмірдің бұл салаларын қатаң бақылап, репрессивті амалдар арқылы қадағалап отырды. Аталған тіршілік формалары бейақыл, сондықтан адамға, қоғамға жойылу әкелетіні туралы сенім үстем еді.

XX ғасырда бейсаналық мәселелері ашық жарияланып, өнер түрлері арқылы бейнеленіп, қоғамдық санаға толық енді. Бұл процестерді адам сезімі мен өзгерістерінің ең сезімтал индикаторы – тіл көрсетті: «махаббат» сөзі лексикадан ығыстырылып, «секс» сөзіне орын берілді. Бұл – XX ғасыр адамының дүниеқабылдау, дүниесезінуі мен жандық-рухтық-ойлау ұстанымы өзгергенін бейнеледі. Кьеркегор, Ницше, Паскаль идеялары ақталып, интеллектуалдық кеңістіктің орталығына қайтарылып, ол идеялар біздің ғасырымызда З. Фрейд, М. Хайдеггер, Гадамер, Ж. Дерридалар назарына ілікті. Бұл ілігу XX ғасырда іске асқан дүниетанымдық өзгерістердің, трансформациялардың көрсеткіші болды.

Ақылға қарсы шыға отырып ойшылар қоғамда күшейе түскен – тіршілік етудің мағынасыздығы, сүйеніш-тірексіздігі сезімдерін бейнеледі. Құдайдан бас тартып («Құдай өлді» Ницше), бұдан былай ақыл-ойға сенім артпайтын XX ғасыр адамы өз денесімен, тәнімен жалғыздан-жалғыз, бетпе-бет қалды. Рух және ақыл-ой культінің орнын дене культі иеленді. Бұл – мәжусиліктің, дәлірегі неомәжусиліктің басты белгісі. Мұндай жаңа культ түрі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен планетаға кең тарауда. Түнгі эротикалық және порнографиялық телебағдарламалар Дионисийлік мәнердегі көпшілік қатысатын оргияларды ұйымдастырушы міндетін атқаруда. Антикалық фаллос культі осы мүшеге байланысты ритуалдық, символдық әрекеттерге және құпия мағынаға ие болса (саулық, өсіп-өну, жемістілік), қазіргі заманғы секс символында терең мән жоқ. Барлық шаралардың түпкі мақсаты адамдардың жыныстық инстинктеріне және оны қанағаттандыру тілектеріне тікелей ашық ықпал ету. Мұндай мәжусилік процестер өнер түрлерінде де көрініс беруде. Насихатшылар адам психикасының тереңінде жасырынған эмоционалды белсенділік пен интеллектуалдылықтың бейсаналық бастама-

ларына оралуға талпыныс жасауда. Олардың негізінде адам тіршілігінің мағынасыздық, мақсатсыздық, алогизм мен хаос, болмыстың абсурдтылығы, адам ақыл-ойының шарасыздығы сияқты дүниетанымдық ұстанымдар жатыр. Сондықтан абсурд жанрының драматургтері гротескті жиі қолдануда (фр. grotesque – жеркеніш, қорқыныш, ашу-ыза сезімдерін тудыратын образдарды жасау).

Бұл – XX ғасырда мәдениеттердің алшақтауы басталғанын көрсетеді. XX ғасыр адам мен дүние тіршілігінің бұған дейін мойындалып келген, бірақ өз орнына жаңа өмірлік тірек ұсынып үлгермеген немесе ұсынғысы келмеген негіздерін теріске шығарды. Адамзат қайтадан, Парменид заманындағыдай, қайта оралған жетімдіктің алдына қойылды. «Онтологиялық нигилизмнің» орнын ақыл-ойды терістеу басуда. Адамзат өз дүниетанымында не Құдайға, не ақыл-ойға сүйеніп, сенім арта алмауда. Қазіргі заманғы Еуропалық азаматтың психологиялық портретін өз кезінде Ортега-и-Гассет былай суреттеді: «Адам – өмірлік сұраныстары кедергісіз қанағаттандырылып, күшейіп келе жатқан және сондықтан өзіне өмір бергеннің және оны жеңілдеткеннің барлығына туа біткен қайырсыздық тән, әрі өз натурасын тоқтаусыз эспансиялаушы ерке сәбиді еске түсіреді». Ойшыл қазіргі адамды «құтырған жабайыға» теңейді, басқаға емес тап осы «құтырғанға», өйткені «қалыпты жабайы» дәстүрге құрмет көрсетіп, ырым, жоралғы, өсиет, тыйым, сенімдерді қатаң сақтайды.

XX ғасырдағы Еуропа антикалық дәстүрдің «болмыс» ұғымынан толығымен бас тартты. Адамзат кенет, ешбір кепілдік пен тірегі жоқ, барлығы сенімсіз дүниеде өмір сүріп жатқанын сезінді. Дүниеде үйлесім мен тәртіпке орын қалмады. Өмірдің барлық сфераларында (экономикада, саясатта, моральда) тірексіздік сезімі пайда болды. Ешбір құндылықтық иерархиясы жоқ тоталды плюрализм дәуірі қалыптасты және қоғамдық құрылымның басты идеясына айналды. Қоғамдық саяси өмір әлеуметтік топтар мен мүдделердің бәсеке алаңына, құндылықтар плюрализмі – адам және қоғам өмірінің негізіне айналды. Адамгершіліктік, саяси, мемлекеттік, экономикалық, таптық приоритеттер жойылды. Қоғам өзінің жоғары-төменділік, бас-аяқтық, құндылықтық вертикалін жоғалтып, горизонталды жазықтыққа айналып, болмыстық уақыт пен кеңістікте теңесіп, қоғам – атом-индивидтерге ұсақталды. «Мен осыны қалаймын!» тілегімен тұйықталатын көптүрлі құндылықтар

көлемі туып, адам өзін нәпсілік қанағаттандыру құқығына алаңсыз кірісті – «егер құндылықтар вертикалі жоқ болса, өзіңнен жоғары тұрған, демек, әлдеқайда ақиқат сатыға алаңдаудың қажеті жоқ» деген пікір туды.

Бүгінгі күніміз Парменид заманындағы жағдайды еске түсіреді. Алайда бір ғана айырмашылықпен: Парменид заманы өзінің болмыстық тірексіздігін ұғынудан туатын үрей-қорқынышты сезінген бойда оған жол бермейтін жаңа күштерді іздестіруге кіріскен болса, праг-

матизм билеген XX ғасырда адамзат өзінің қорқыныш пен күйзеліс сезімдерінен – өзі ойластырып, ережелерін өзі ендіретін және еркінше өзгертетін ойынға қатысу арқылы қашуға тырысып, өз-өзімен жасырынбақ ойнауда. Барлық нәрсе, іс-әрекет «бұл дүниеде ештеңе мәңгілік еместігімен» ақталуда. Өмір сүре жүріп ешбір нәрсеге сенім жоқ екенін және ақиқаттылық эталоны, болмыс өлшемі ретінде алынатын құндылықтардың жоқтығын есте сақтау жүйелі түрде ескертілуде.

Әдебиеттер

- 1 Брюнинг В. Философская антропология //Западная философия: Итоги тысячелетия. – Екатеринбург: «Деловая книга». – Бішкек: «Одиссей», 1997.
- 2 Кшибеков Д. Национальная идея. – Алматы, 2007. – 338 б.
- 3 Аристотель философиясы//Әлемдік философиялық мұра, 3-том. – Алматы: Жазушы, 568.

References

- 1 Brjuning V. Filosofskaja antropologija //Zapadnaja filosofija: Itogi tysjacheletija. Ekaterinburg, «Delovaja kniga», Bishkek, «Odissej», 1997.
- 2 Kshibekov D. Nacional'naja ideja. – Almaty, 2007. – 338 b.
- 3 Aristotel# filosofijasy//Әлемдік filosofijalyқ мұра, 3-tom. – Almaty: Zhazushy, 568.

Абдрасилов Т.Қ.,
Қалдыбай Қ.Қ.

**XX ғасырдағы дін
философиясының даму
бағыттарындағы адам мәселесі**

Бұл мақалада XX ғасырдағы дін философиясының арналарына жеке-жеке талдаулар жасап көрсете келе, әрбір бағытқа өзіміздің көзқарастарымызды білдірдік. Атап айтқанда, психоанализ, діни тәжірибе, дінді эпистемологиялық тұрғыдан тану т.б. бағыттар сараланды. Бірақ олардың әрқайсысы әр түрлі бағыттар мен ұстанымдарды негізге алады. Ең бастысы қазіргі діни ахуал мен дін философиясы түптеп келгенде, адам мәселесінен тыс бола алмайды. Алайда, барлығы да белгілі бір конвенционалистік бағдарды қолдайды, ешқайсысы да атеистік немесе фанаттық сенімді уағыздамайды және рационалды тұрғыдан дінге келудің өзіндік үлгісін көрсетіп береді.

Түйін сөздер: дін, философия, адам, руханилық, моральдық құндылықтар.

Abdrassilov T.K.,
Kaldybay K.K.

**The problem of man in the
philosophy of religion in
progressive trend of XX century**

In this article analyzing separately the current philosophy in the twentieth century, we have shown their point of view with respect to each of the areas. In particular were considered, psychoanalysis, religious experiment epistemological knowledge of religion, and other areas. However, each of which takes as its basis the various directions and positions. Most importantly, the modern religious situation and the philosophy of religion can not relate to the problems of man. Nevertheless, they all have certain conventionalist direction, none of them does not promote or fanatical atheist beliefs, and they show their own example of a rational attitude to religion.

Key words: Religion, philosophy, human, spirituality, moral qualities.

Абдрасилов Т.Қ.,
Қалдыбай К.К.

**Проблема человека
в философии религии
в прогрессивной тенденции
XX века**

В данном труде, анализируя по отдельности течения философии в XX веке, мы показали свою точку зрения по отношению к каждому из направлений. В частности были рассмотрены психоанализ, религиозный эксперимент, эпистемологическое познание религии и другие направления. Однако, каждое из них берет за основу различные направления и позиции. Самое главное, что современная религиозная ситуация и философия религии не могут не касаться проблемы человека. Тем не менее, все они поддерживают определенное конвенционалистское направление, ни одно из них не пропагандирует атеистские или фанатичные верования, а также они показывают собственный пример рационального отношения к религии.

Ключевые слова: религия, философия, человек, духовность, моральные качества.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ДІН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

Кіріспе

XX ғасыр адамзат өркениетінің даму тарихы мен эволюциясында қай қырынан алсақ та өрлеу кезеңі болды. Ол әсіресе, ғылыми-техникалық өркениет арқылы әйгіленеді. Алайда осы өркениет аясында адамзаттың руханияты мен дін саласының дамуының өлшемдері жоқ болғандықтан, бұл сала айтарлықтай деңгейде өрбіді деп айта алмаймыз. Әлеуметтанушылардың пікірінше, қоғамның материалдық арнасы дамыған сайын «рухани саланың техникалық саладан қалып отыруы» құбылысы орын алады. Қазіргі қоғамның рухани келбетінің дамуында көп жағдайда адамзаттың рухани-моральдік деңгейінің құлдырап бара жатқандығы туралы көзқарастар жиі айтылады. XX ғасырдағы философияда адам мен дін мәселесін зерттейтін бірнеше ағымдар мен бағыттардың қалыптасуына қарамастан, дінге деген сенімділік деңгейі және адам руханиятының келбеті мәселесі өзектілене түсті. Діндегі адам мәселесі де XX ғасырда көптеген философиялық ағымдар аясында қарастырылды және дін философиясының арнайы сала ретінде дамуына байланысты да әр түрлі көзқарастар мен пікірлердің дискурс алаңы құрылды. Осыған орай, біз бұл мақалада қойылып отырған мәселе аясында, дін философиясындағы көптеген ағымдардың арасынан тікелей адамға қатысты мәселелерді ғана таңдап алып, таразылайтын боламыз.

Негізгі бөлім

XX ғасырдағы дін философиясының арнасы сол кезеңдегі философиялық бағыттармен келіп түйісіп жатты, мысалы, діни экзистенциализм, прагматизмдегі діни тәжірибе, дінді психоанализдік тұрғыдан талдау т.б. қатар дін феноменологиясы, дінтану әдіснамасы, дін психологиясы, дін әлеуметтануы сияқты іргелі салалар да өркендей бастады.

Бұл салалардың ішінде, діни тәжірибе деп аталатын бағыт, яғни, діндегі тылсымдықты, әсіресе, діни салттар мен дәстүрлерді бүркемелемей, оны ашық талқылау (У. Джемс, И.А. Ильин); дінді психоанализдік тұрғыдан саралау, сенім кезіндегі бейсаналылық, діннің бейсаналы тамырларын зерттеу

(З. Фрейд, Э. Фромм); дінге эпистемологиялық тұрғыдан келу, діннің нақты тарихи-әлеуметтік мазмұнын діни ақиқаттар негізінде ашу, діни көзқарастардың шынайылық дәрежесі (Е. Эдамс, Д. Вибби); діни сенімдердің өзіндік ұстанымдары мен категориялық, гипотезалық сияқты инструменттер арқылы зерттеу (В. Кристенс, Д. Кингарлоу, Д. Витейкер); діни сенім мен рационалдылық мәселесі, олардың арақатынасы, діни идеялардың философиялық негіздемелері (Я. Барбур, Д. Стейнсби, Е. Шен); руханияттағы «діни тіл», немесе «тілдерді діни негізде пайдалану» сияқты мәселелер ауқымын туғызу (П. Донован, В. Юст); дінді лингвистикалық философия тұрғысынан саралау, діни тілді философиялық мәселе ретінде қарастыру (Л. Витгенштейн, И. Дерт, Е. Флу, К. Нильсен).

Соның бірі – діни тәжірибе туралы құрылған дін философиясынан тамыр тартатын, кейде дін психологиясына қайра бет бұратын діндегі адам мәселесіне тікелей қатысты бағыт. Діни тәжірибе жалпы сөздіктерде, көп жағдайда, дінге қатысты мистикалық нұрлану мен сан алуан ғажайыптар туралы ахуалдарға қатысты зерттеулер болып құрылады. Бірақ бұл тұста, біз, біріншіден, оны барлық діндегі діни тәжірибелерге, нақтырақ айтқанда, барлық діни салттарға қатысты кең ауқымда қарастыруды жөн көреміз. Екіншіден, мистикалық салттар тым күңгірттеу және ғылыми тұрғыдан бүгінгі күнге дейін дәлелденбегендіктен, оны діннің өзінің мистикалық тұрпатынан қатаң ажыратып алуды аса қажеттілік деп таппаймыз. Үшіншіден, діни тәжірибе дінтанудың немесе теологияның нақты бір саласы ретінде қалыптаспағандықтан, оны дін философиясындағы адам мәселесіне, нақтырақ айтқанда дінге сенетін адамның діни салттары ретінде қарастырамыз. Бұл бағыт нақтырақ айтқанда: «Дін соңғы шындық айналасында жеке және қоғамда бір жерге түйіскен сенім және тәжірибе жиынтығы деп айтуға болады», – деген сияқты тұжырымдар арқылы тиянақталады [1]. «Сенімдік немесе оның көріністеріне негізделген діндердің барлығын өз ішіне алатын анықтамаға қол жеткізу өте қиын. Сондықтан да, дінді дүние мен адамға қатысты концепция және осы концепция мен бұған тәуелді болып адам қай тәрізде өмір сүруі керек екендігін әр түрлі ритуалдардан, құрылымдардан тұратын тәжірибелі ұғымдық жүйе деп түсіндіруге болады», – деген тұжырымдар арқылы да ұғынылады [2].

Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі – У. Джемс діни өмірдің мәнді жақтарын бы-

лайша анықтаған еді: көрінетін әлем тек қана, өзге бір рухани әлемнің өзінің мағынасын жоғалтатын бөлшегі, біздің өміріміздің жоғары мақсаты осы жағынан әлем мен үйлесімділікте болу; Құлшылық ету немесе осы әлемнің рухтарымен іштей қатынас орнату ол «Құдай» немесе «Заң» болсын, рухани қуат көзі ашылатын, феноменалдық әлемде материалдық және психикалықты туғызатын шынайы өтіп жатқан үдеріс; Дін құтқарылуға деген сенімділікті, рухани өмірді туғызады және махаббат сезіміне қуатымызды апарып құяды. Сонымен қатар У. Джемс дін мен ғылым арақатынасын қарастыра келе, ғалымдардың дінге деген өткеннің сарқыншағы ретінде менсінбеушілік, жоғарыдан қараушылығына қарсы болды [3].

Италияндық философия тарихшылары Д. Реале мен Д. Антисери де Джеймстің өзінің діни қоғамдағы ғылымның дамуының адамшылықтан тыс бағытына деген қарсылық және ғылым мен технизмге табынуға қарсы күрес ретінде де нәтижелі болды деген ойларын түйіндеген болатын [4]. У. Джеймстің бұл бағыты біздіңше, шындығында да, діни мистиканың таза мистикалықтан гөрі адами тәжірибелік, пайдалылық қырларына назар аудару керектігін ұсынумен, психологиялық әсерлену мен діни сенім адам үшін, тіпті сана үшін атрибут болып шығуы ықтимал екендігі туралы толғануға жол ашумен, қазіргі кезде діннен тыс барлық мистикалар қарастырылып, зерттеліп жатқан сәтте, неліктен діни мистикаларды да қоса зерттемейміз деген сауалдар тудырып қараумен, ғылым мен дінді ғана емес, оларды нақтыландырсақ, сол ғалым мен дін өкілдерінің арақатынасы мәселесін тудырумен т.б. құнды болып келеді.

Мысалы, медитация, аскетизмдік нұрлану басқа да әр түрлі физикалық, психикалық жаттығулар т.б. бүгінгі таңда ғылымилануға қарай бет бұрып, өзінің прагматистік қырларын паш етіп келеді. Ал діни қайырымдылық жақын мен алысқа, одан соң Құдайға деген махаббат этикалық тұрғыдан мойындалған игіліктерге айналған.

Діни тәжірибенің философиясы кейіннен, психологияға, атап айтқанда дін психологиясына тығыз байланысты болғандықтан, кейіннен бұл мәселелер Р. Оттоның, К. Юнгтың, Х. Зунденнің зерттеулерімен нақтыландырылды. Яғни, діни сананың психикалық құрылымы мен күйі, дінге сенушінің әрбір сәтінде қандай болуы тиіс деген сауалдар бойынша зерттеулермен жалғасын тапты.

У. Джеймс дінтану мен прагматизмді тығыз байланыстырды немесе дінге прагматистік тұрғыдан келді деп айта аламыз. 1907 жылы Лоуэллов лекцияларында Джеймс: «Прагматизмге сай, Құдай бар деген гипотеза жақсы жұмыс жасаса, кең мағынада алсақ ол шындық», ол «прагматистік немесе мелиористік» деген теизмдік бағыт арқылы абсолютизм мен материализм арасындағы компромиске келе алады» деп тұжырымдайды [5].

Дінді, адам қалпы ретінде, алдымен, діни тәжірибе деп қарастырған А. Ильин, әрбір адамдағы ішкі субъективті сенімді негізге алады да, «адам адамға рухани-жандық-тәндік өзге болмыс» деп анықтап, «сен мен емессің, ал мен сен емеспін» деген ұстанымды негізге алады. Яғни, дін адамның ішкі өзіндік мені арқылы, тіпті балалық шақтан бастап ешкімге ұқсамайтын өзіндік бір сенімі ретінде қалыптасады. Тіпті Боттичелли мен Сегантини өздерінің картиналары арқылы, Бетховен – симфонияларымен, Жуковский, Тютчев басқа да ақындар – өздерінің өлеңдерімен сыйынды. Бірақ бұл «жалғыздық» құдайдан немесе діни бірлесуден оқшау дегенді білдірмейді. Мысалы, «субъективтілік» «көпшіліктің» тұңғығына сіңіп кеткен көпшілік фанатизмін өзгерту қиын, бұнда жеке руханилық бейтараптанады, оқшаулық парадоксальді сияқты болып көрінеді дей келе, адамзаттың діні жеке субъективті жанның қалпы деген тұжырымға келеді.

Бірақ бұл субъективтілік адамның ішкі рухымен, руханилығымен жабдықталған, рухтың сенімі мен махаббаты осы Құдайға деген сенімде толығырақ ашылады. Яғни, дін рухтан, діни тәжірибе рухани қалып болып табылады деген тұжырымға келеді. Бірақ рух енжар қабылдаушы ғана емес, белсенді шығармашылықты болып келеді. Осындай өзгеге ене алмайтын, өзге бұл бола алмайтын жеке рух автономды, синергиялы және сонымен қатар дінге деген сенім тұрғысынан еркін. Барлық діни мәжбүрлеулер, тіпті ол ақиқат сенімге болсын, ол адамның руханилығын бүлдіреді, сенімінің шынайылығы мен бүтіндігін жояды. Сондықтан да, қорқуға негізделген тым көне байырғы сенімдер жалған болып шықты.

Тарихи және психологиялық айғақтарға жүгінсек, бастапқыда дінге сенуші уағыздаушылардың беделіне ғана соқыр сеніммен сүйенеді, ол егер осы сатыда қалып қоятын болса, мәңгі діни балалыққа тағайындалғандай болады, рухтан да, рухани діннен де ол тыс кейпінде қалады.

Ол діни тәжірибе қамтуы тиіс адам қуатын былайша жіктеп көрсетеді: Сезім қуаты, қиялдау қуаты, ой қуаты, ерік қуаты, сезімдік қабылдау қуаты. Сонымен қатар діни тәжірибенің басты элементі байыптау болып табылатындығын ұсынады.

Ендеше діндегі адам еркіндігі мен еріксіз қырларын сараптаған И. Ильиннің бұл тұстағы өзгешелігі адамның дінге деген сенімінің нағыз болмысын ашып беруінде, махаббаттанған сенімнің тек құр эмоцияға берілуінде емес, сол махаббатты адам болмысының мәні ретінде дұрыс ұғынып, оның түбі құдайға деген шынайы сенімге алып баруы тиіс екендігін жіті пайымдауында, әрбір адамның дінге деген жеке өзіндік ешкімге ұқсамайтын тұлғалық болмысына байланысты сенімі болатындығын, бірақ ол мүлде оқшау емес екендігін, жалпы дін ұжымдық тәжірибелікпен келіп шартталатындығын ұсынуы болып табылады. Демек, дін небір абстрактілі немесе құрғақ схоластика, тіпті болмаса, атеистік көзқараспен сынайтын идеологияда емес, адам өмірінің тәжірибесіндегі бір қыры, оның діни тәжірибе арқылы өз өмірінің тәжірибесін жасауы болып шығады деп айта аламыз.

Дін психологиясын дін философиясымен байланыстырған XX ғасырдағы фрейдизм мен неофрейдизм бағыттары бейсаналық аймағы бойынша бүкіл мәдениеттің элементтерінің пайда болуын, сондай-ақ діннің де қалыптасуы мен діни сенімді де түсіндіріп берген болатын. Бейсаналықтағы әр түрлі қатпарлар, түптеп келгенде, З. Фрейд бойынша діннің де, діни дүниетанымның да, дінге деген сенімнің де, діни қажеттіліктің де негізгі астарлары болып табылады. Ол қолданған психоаналитикалық тәсіл бойынша бірінші сатыда, невроз бен шырмалған ойлар арқылы түсіндірілген еді. Демек, адамның тылсымданған және қордаланған, қысымшылық жасалған санасы бейсаналы түрде адамның ұмтылыстарының туындысы болып шығады. Оның түсінігі бойынша, шырмалған идеялар қоғамдық және жеке невроздардың бір түрі діни сенімдерге, дінді туғызуға алып келеді [6].

Сондықтан да дін адамның өзінің бейсаналы ұмтылыстарына деген өзінің қарсылығы, сол сәтте адам ләззат алудың басқа бір формасын қабылдай алады, сол арқылы адамның бейсаналық пен саналылық арасындағы жеке қайшылықтары өзінің өткірлігін жояды. Бұл жалпы мәдениеттің пайда болуына ортақ болып табылатын жыныстық қысымшылықтың ықпалынан деген өзінің тұжырымдамасы ая-

сында пайда болған идея еді. Бірақ адамның инстинктерінің кейбір бөліктері діннің пайдасына шешіледі. Себебі, әр түрлі салттар адамның сезімдік ләззат алудан адамды алшақтататындай болып рәмізделеді, діни салттар адамның тілектері мен құмарлықтарын кейінге қалдыра отырып, құдайға деген құлшылықтың әлеуметтік формасын алып келеді. Сублимацияланған дін адамның тыйым салынған табуларын ашуға да, жабуға да септігін тигізеді деген сияқты ойларын түйіндейді. Сондықтан да, жалпы діни соқыр сенім, құдайға деген сенім, мифологиялық байыптау т.б. барлығын тұтастай алғанда, психологияның ішкі әлемге көшірілген түрі болып шығады. Келесі бір түсіндірмесінде, ол «Эдип комплексі» бойынша әкесін өлтірген ұл өзінің кінәсін сезінгеннен кейін әкесінің орнына тотемді шығарды [6, 13 б.].

Осындай сананың өзінің кінәсін сезінуінен дін пайда болды, ол бастапқыда тотемизм түрінде көрініс тапты. Бірақ кейінгі діннің әр түрлі формалары да осы мәселені әр түрлі шешудің жолдары екендігін түйіндеген З. Фрейд, бұл ахуалдың адамзатқа бүгінгі күнге дейін маза бермей келе жатқандығын атап өтеді. Ал діннің пайда болуы туралы үшінші бір нұсқасында табиғаттың алдындағы дәрменсіздігінен, одан қорғанудан пайда болған деген идеяны ұсынады. Адам табиғатты жандандыруға, адам кейіптендіруге ұмтылады да, оған күнделікті өмірде адамдар қолданатын тәсілдерді ұқсатып қолданғысы келеді. Табыну объектісі оның қуаттылығы мен құдыреттілігін түсіру үшін немесе онымен одақтасу үшін құрылған болып шығады.

Бірақ дін қоғамдағы қысымшылықты иллюзиялық түрде түсірудің, өзінің шынайы болмысымен бетпе-бет келген қайшылықты жоюдың бір түрі, адамның дәрменсіздігіне деген жасалған компенсация болғандықтан ол қоғамға қажетті деп түсіндіреді [7].

Бұл тұста, біз З. Фрейдтің психоаналитикалық теориясын сынауды мақсат етпейміз, бірақ, ол дін психологиясы мен дін философиясы арнасынан адам мәселесін туындатпай, адамды сол мәселеге апарып орналастырып берді де, қойылып отырған мәселесін өзі әр қырлы түсіндіріп берген еді. Дегенмен, ол өз тәжірибесінде, өзінің әдіс-тәсілдері арқылы дінге сенген адамды «сенбейтіндей қылып» емдеп шығарған жоқ. Сонымен қатар, әртараптанған, жоғарыда айтылғандай, үш бағыттағы түсіндірмесінің үшеуі де психоаналитикалық тұрғы болғанмен, қайталамалы болса да, әр тарапты болмауы тиіс еді. Бейсаналық қатпарлардың салдары

болған дін, бірте-бірте жойылып та кетер еді. Жалпы алғанда, З. Фрейдтің ілімі діннің пайда болуының бағдарларын ашып көрсетті, бірақ өзінің атеистік тәрізді ұстанымдары бойынша, діни сенімнен адамзатты арылтуды мақсат етпеді. Жалпы алғанда, З. Фрейдтің бұл идеясының ақиқаттығы мен шындыққа сәйкес келмейтіндігін ашу үшін, алдымен, психоанализ теориясының өзіне үнілуіміз қажет. Сондықтан, егер де психоанализ терістелсе, онда бұл теориялар да жоққа шығарылады.

Оның идеялары кейіннен Э. Фромм, К.Г. Юнг идеяларында жалғасын тапты. К.Г. Юнгтың архетиптері түптеп келгенде, байырғы мифологиялық белгілер мен діннің сарқыншақтарының адам санасына зиянды емес, белгілі бір деңгейде қажетті екендігін де паш етті. Э. Фромм оның рәміздер арқылы тиянақталатындығын және оның шығу тегі туралы өзінің тұжырымды ойларын паш еткен болатын.

Э. Фромм З. Фрейд теориясын толықтай құптаған жоқ. Байырғы көне сенімдер бүгінгі күні де бар екендігін және неврозды жеке адамға қатысты қарастыру қажеттігін ұсына келе, дінді авторитарлы және гуманистік деп екіге ажыратқан болатын. Авторитарды діндерді сынаған Э.Фромм: «Құдай неғұрлым кемелденген сайын, адам соғұрлым жетілмеген болып шығады», – деп тұжырымдады [8]. Әрі қарай осы екі бағытты қатар қойып, гуманистік дінді қолдайтындығын білдірді. Сөйтіп, түптеп келгенде, жалпы пұтқа табынушылыққа қарсы күрес жүргізу қажеттігін паш еткен болатын.

Діннің танымдық жағына баса назар аударған бағыт дін философиясының арнасында адам мәселесіне қарай бірте-бірте ойыса түсті. Р. Бурхо дін бұрын өзінің топтарына тек сенімділікті ғана емес, өздеріне қауіп төндіретіндерге де өшпенділікпен қарағандығын, ол өздерінің сақталуына септігін тигізгендігін, сөйтіп, қауымдық-рулық діндер кеңейіп, жалпылама түскендігін, діни салттар біздің бүгінгі күнге деген сенімділігімізге шақырса, оларды қатаң ғылыми талаптарға жауап беретіндей қылып, қайта пішіндеу керектігін ұсына отырып, бұл жалпы адамзаттық құндылықтарды бекіте түсетіндігін атап өтеді [9].

Сондай-ақ, эволюциялық натурализмді қолдаған ол табиғат құдайды дәстүрлі түсінудің қызметтік эквиваленті болып табылады, біздің тұтас тағдырымыз эволюцияға байланысты, табиғат құдыретті және тұтастай билік жүргізеді, сондықтан адам өмірінің шынайылығы мен

құтқарылуы оған бейімделуде жатыр деген ойларын түйіндейді [10].

Дегенмен, Бурхонның діни құбылыстарға деген талдауы биологиялық және антропологиялық зерттеулерге келіп ұласқанмен, эволюциялық натурализмге сүйене келе, қатаң ғылыми тұжырымдамаларға емес, метафизикалық жүйені қолдайды.

Джулиан Хаксли (Huxley) мен Конрад Лоренц (Lorenz) хайуанаттардың салттарын зерттей келе, олар да жұптасуда, аймақтық салттарын орындауда генетикалық тұрғыдан бағдарламаланған. Сондықтан адамның салттары, кей жағдайдағы мәдени-әлеуметтік деңгеймен шартталғандығына қарамастан да, сезімнен туындайтын, тым төменгі мидың қабаттарымен байланысып жатыр [11].

Бірақ бұған қарсы шығып, салттар ешқандай да генетикалық жолмен берілмейтінін, тұтастай мәдени-әлеуметтік шарттармен қалыптасқандығын атап өтушілер де бар [12].

Олай болса, діннің танымдық жағына назар аударған бұл ойшылдар, дінге деген гуманистік тұрғыны негізге алып, сол діннің өзінің ішкі болмысына табиғи-биологиялық тұрғыдан үңілуді мақсат еткен деп айта аламыз. Бірақ хайуанаттар мен адам болмысындағы негізгі рухтық мәселе, осы дінге деген сенімге байланысты болып шығады. Жоғары дамыған хайуанаттар да белгілі бір салттарды орындайды, бірақ ол шындығында, адамды еліктіретін немесе адам оны генетикалық-инстинктивті тұрғыдан тікелей қайталайтын жан иесі емес, бұл ұқсастық біріншіден, жалпы табиғатқа тән болса, екіншіден, адам өзінің қимыл-қозғалыстық мүмкіндігі шеңберінде ғана діни салттарды орындайды деп тұжырымдай аламыз. Нақтырақ айтқанда, діни салттарды орындау кезінде адам өзінің табиғи-биологиялық мүмкіндіктері мен сезім мүшелері арқылы табиғи түрде қабылданатын әлем бойынша әрекет етеді. Ендеше, сананың табиғи болмысы да сол дінді қабылдау, құдайға сену, дінді тарату арқылы жүргізіледі.

Бұл тұста біз, мәселені толығырақ ашу үшін діни философиялық антропологияға қайта оралып, антрополог ойшылдардың идеяларын сараптап өтуіміз керек.

Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі – М. Шелер адамды зерттеу нәтижесінен туындаған бір-бірімен сыйыспайтын үш бағытын көрсеткен болатын: біріншісі, иудаистік-христиандық дәстүрдегі Адам мен Ева туралы, жаратылу мен жұмақ, күнәлы бо-

лып туу жөніндегі түсініктер, екіншісі, адамның өзіндік санасы әлемде бірінші рет оның ақылы, логосы бар екендігімен байланысты өрлейтін гректік-антикалық түсініктер, үшіншісі, адам Жер дамуындағы кешірек қалыптасқан, қабілеті мен қуаты арқылы жануарлық әлемнен ажырайтын қазіргі заманғы жаратылыстану мен генетикалық психология сүйенілген бағдары.

Ол «мәндік дін феноменологиясын» ұсынып, оны үш бөлімге бөліп қарастырған болатын: мәндік онтика, құдайлық табылып, өзін адамға көрсететін ашылу формалары туралы ілім, адам ашылуының мазмұнын қабылдауға дайындалатын және сенімде оны таба алатын діни акті туралы ілім. Құдайлық өзін әлеуметтік және тарихи шындықта, адамдық санада табиғат әлеміндегі оқиғалар арқылы көрсетеді. Бұл табиғи дінге сәйкес келетін табиғи ашылу болып табылады. Ашылу тұлға арқылы жүзеге асса, онда позитивті ашылуға орнын табады деп түсіндіреді [13].

Шындығында, біздің пайымдауымызша, діннің көрінісі мен оған деген сенімнің белгілі бір деңгейдегі өлшемі діни актілер арқылы ғана көрініс таба алады. Ал адам өзін діни актілер арқылы діни адамдығын таниды. Себебі, діни актілер діннің қоғамда өмір сүріп тұрғандығының бір көрінісі екендігі даусыз. Сондықтан да, тарихта тұлғалар мен адамдар өздерін тек діни актілер арқылы ғана көрсетуге ұмтылады да, ол шектен шыққан сәтте құр формалық сенімге айналады. Бұндай құбылыс шындығында, қазіргі біздің қоғамда да сақталып отыр. Акті арқылы өзінің сенім иесі екендігін өзгелерге дәлелдеу қазіргі таңда басым көзқарастардың бірі болып отырғандығы сөзсіз деп айта аламыз.

М. Шелер сенімнің феноменологиялық негіздерінің бастапқы шарттарын былайша тиянақтап береді: «Қасиетті», «өзінен өтетін болмыс» предикаттарын қамтамасыз етумен ғана түсінілетін адамдағы құдайдың шартты санасы, өзіндік сана, әлемдік сана арасындағы қатаң мәндік байланыстарды ашуға қол жеткізу керек. Бірақ бұл абсолютті болмыс саласы іштей көңіл қоюға немесе тануға қол жетімді болып табыла ма, әлде, қол жетімді емес пе, бәрібір, адамның өзіндік санасы және әлемдік сана ретінде оның мәніне тән.

Біз бұл жерден адам Құдаймен «одақ» құрысты, одан кейін Құдай белгілі бір халықты өзінің таңдағандығы туралы түсінікті табамыз (көне индуизм). Немесе, адам қоғамның әлеуметтік құрылымына байланыстылығынан құдайдың алдында мәжбүрлікпен және қулықпен көсілетін «Құдайдың құлы», оны магиялық

құралдармен, қатерлермен, өтініштермен қозғаудың жолдарын іздестіреді. Жоғарғы формада ол жоғары егеменді «иесінің» алдында «адал қызметші» болып табылады. Монотеизм жағдайында жоғары және таза түсінік Құдай-Әке қатынасы бойынша оның ұлдары болу туралы идеяға дейін жеткізеді деген тәрізді ойларын тиянақтаған М. Шелер келесі кезекте, танымды махаббатпен байланыстыра келе, Құдайды бәрін сүйетін, бәрін танитын ғарыш пен оның бүтіндігінің тұлғалық орталығы деп түсіндіреді. Барлық заттардың мәндік идеялары мен мақсаты құдайда алдын ала ойланылған және алдын ала махаббаттанған екендігі туралы тұжырым жасайды. Ал адамға әлемнің бір бөлігі мәнді түрде қол жетімді болғанмен, ол танитын, ерікті болатын, сүйетін бар екендік болып табылады.

Әлемнің бірінші атомы мен құм түйіршегінен Құдай патшалығына дейінгінің барлығы біртұтас патшалық болғандықтан, адамның барлық махаббатында Құдай идеясы жатыр. Адам қайтадан барлық тіршілік иелерінің бәріне ортақ бір өмірдегі өзара ынтымақтастығына, әлемдік үдерістердің ынтымақтастығына жетуді үйренуге тиіс, бірақ ол осы байланыстылықты тек ілім ретінде қабылдау ғана емес, оған өмірлік түрде, іштей және сырттай жаттығып, оған қатынасуы тиіс екендігін пайымдаған М. Шелер, дін мен метафизикаға қатысты саяси элитаның мүмкін болатын төрт ұстанымын ажыратып береді, біріншісі, шіркеу моралі мен тәртібіне бағынатын шіркеумен қосылған конфессионалдық сенім. Екіншісі, «*écrasez l'infâme*», марксизм ізімен құрылған Кеңес үкіметінің саясаты, үшіншісі, фашизмге тән Макиавелли ұстанымы, мемлекеттік ер дінге қатынасы жөнінен абсолютті скептик, дінді сырттай ғана қолдайды, шіркеу көпшілікті бекітуші немесе «халықтың мифі», ал іштей дінге құлықсыз, тіпті мүлде жек көреді. Төртіншісі, Платон мен Аристотель, Спиноза, Гете, Гегель, Шопенгауэр, Фон Гартманның дінге деген қатынасындай бағыт. Спиноза айтқандай: «Дін – көпшіліктің метафизикасы, метафизика – ойшылдардың діні» және оларға дұрыс-теріс ретінде баға береді [13].

М. Шелер бұл тұста, біздіңше, діни феноменолог ретінде ең басты мәселе, адамның дінге сенуіндегі діни сананы талдап, оны әлеуметтік-саяси сатыда түсіндіріп береді, яғни, дін философиясынан дін әлеуметтануына дейін өрлейді. Оның ең басты қойған мәселесі бұл тұста дінге деген шынайы сенімді философиялық негізде дәйектеу және жалған сенімді әшкерелеу бол-

ды. Адам саналы түрде сезім мен махаббатқа илігеді, тіпті ол адам болмысына тағайындалған, сондықтан да, сенім негізінен шынайы болуы тиіс. Дін бір қырынан адамға еркіндік берсе, екінші бір қырынан адам өз еркіндігін сенім арқылы шектейді. Шындығында, адамның абсолютті еркіндігі түптеп келгенде, бұқараны адасуға алып баратын тәрізді. Сондықтан да, адамның өзі тіпті, біздіңше, еркіндігін бейсаналы түрде болса да шектеуге мәжбүрленеді. Бұл фрейдизмнің «Шексіз Ұлы пана» сарыны емес, адамның өз мүмкіндігі мен болмысын терең сезінуінен туындайтын тәрізді. Адам кез келген жағдайда сүйенетін «Ұлы Тұлғаны» таңдап алу да емес, өзінің сенімге негізделген табиғатын терең түйсіну арқылы қалыптасады деп айта аламыз. Яғни, М. Шелер діни антропологияға дін феноменологиясы тұрғысынан келгенмен, өзінің жеке басының дінге деген қатынасын да білдірді.

Діни деп аталып кеткен экзистанциализм, біздің ойымызша таза діни ғана емес, негізінен «дін философиясындағы адам мәселесінің экзистенциясын» қозғайды. К. Ясперстің экзистенциализмі адам еркіндігі мен оның болмысы туралы толғаныстарға алып келгенмен, ол дінді адам болмысы мен тұтастандыра қарастырады. Оның түсінігі бойынша, мифтегі жан мен құдай, сәйкесінше, философиялық тілде, экзистенция мен трансценденция деп аталады [14].

Дегенмен, ол христиан дінінің жақтаушысы ретінде, оның адамға қатысты ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан талдап береді де, оны жағымды және жағымсыз тұрғыдан түсіндіріп береді. Жағымды қырлары: Құдайдың Трансценденттігі – адам құдайдың жаратқандығы арқылы өзінің экзистенциясында әлемнен еркін болады, сондықтан ол құдаймен бірлігі арқылы әлемге қатысты алғанда, одан тәуелсіз болып шығады. Адамның құдаймен кездесуі – трансцендентті жеке құдайға адам ұмтылады, оны естуге ұмтылады, жеке құдайды іздеуге деген құлшыныс пайда болады; Құдайдың өсиеттері – зұлымдық пен ізгілік болып қатаң ажыраған; Тарихилық сана – құдай жаратқандықтан шексіздіктің тым жайылып кетпегендігі мен кездейсоқ еместігі адам өміріне салмақ береді; Азап шегу – ол құдайға алып баратын жол болғандықтан, қайғылы сана болмайды немесе оны жеңеді.

Жағымсыз қыры: Бір құдайлық абстрактілі, жекелік көптікті жояды; трансцендентті құдай әлемнен ажырайды, ол жаратусыз тек қана ой болып қалады, әлем де, трансценденттілік

те ештеңеге айналады; құдаймен тоғысу эгоистік немесе сезімдік рахаттануға айналады, фанатизмнің көзі болып табылады; Құдай өсиеттері қарапайым адамгершілік негіздерін абстрактілі құқықтық нормаларға айналдырады; тарихилық сана тарих алдындағы жеке экзистенцияны жоятын эстетикалық байыптауға жетелейді; азап шегу мазохистік рахаттануға немесе магиялық категорияларды жеңгендік садистілікпен бекітіледі. Библиялық діндегі бұл ауытқулар бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқандығын атап өткен, К. Ясперс, адамның хайуаннан жоғары, періштеден төмен болып келетін тағайындалған орнына тоқтала келе, адам екеуі де емес екендігін, бірақ екеуімен де туыстық болғандықтан, аралығындағы арқылы басымдылыққа ие екендігін атап өтеді [15].

Бір қарағанда, бұл діни философия сияқты болғанмен, негізінен басым көпшілік идеялары адамға қатысты дін философиясы болып табылады. Оны жоғарыдағы христиан дініндегі адам болмысына қатысты жағымсыз қырларын атап өтуінен-ақ көруімізге болады.

Бұл дінде құдайдың адамды өзіне ұқсатып жаратқандығы, бірақ адам өзінің еркіндік шектерін анық білетіндігі, тіпті хайуандық өмірге де түсе алатындығы немесе жоғары құдайлық қабатқа көтеріле алатындығы, адам құдайға ұмтылған құлықты өмірі арқылы ғана адамдар арасындағы мәнді теңдікті сақтай алады, ол адамды тек құрал ретінде ғана емес, өзіндік мақсат ретінде бағалауға мүмкіндік беретін әрбір адамға деген құрмет болып саналады. Адам өзінің ішкі дүниесінен туындаған шешімді қабылдаған жерде, құдайға тиімді болатындығы туралы біліміне кепілдік берілетіндігін иеленбесе де, құдайды тыңдаймын деп ойлайды. Бұл тәуекелшілдік өсімтал еркіндіктің шарты болады, ол қайсар сенімділікті жоққа шығарады, фанатизмге де кедергі болады. Ал дінге сенбеушіліктен адам өзінің қуатын жоғалтады, танылған қажеттілік пен қашып құтыла алмайтындыққа қарай, қатерлі аяқталғандықтың жақындап келе жатқандық пессимизміне қарай жетелейді деген сияқты ойларын ұсынған К. Ясперс, «философиялық сенім адамның өзінің мүмкіндіктеріне деген сенім, бұнда оның еркіндігі бар» деп ой түйіндейді [15, 20 б.].

Бұдан К. Ясперстің философиялық сеніміндегі орталық түсінік – адам еркіндігі болғандығын аңғарамыз, дегенмен, адам өзінің абсолютті еркіндігін шектеу үшін дінге деген сенім қажет екендігі туралы, бірақ ол әсіресе діншілдікке берілмес үшін, діннің өзінде де тек

еріксіздік емес, белгілі бір деңгейде еріктілік тағайындалған деген сияқты тұжырымдарды байқай аламыз.

Діни экзистенциализм негізінде «нақты философиясын» жасаған Г. Марсель адам өмір сүруінің іргелі ақиқатын іздеді. Адамның шынайы мәнін іздеуде дінге қарай бет бұрған Г. Марсельдің философиясы зерттеушілердің пікірінше, адам мәніне қатысты өзіндік ұғымдық аппарат жүйесін жасады [16].

Ол өзіндік ұғымдар мен түсініктер жүйесін философдерге айналдырумен қатар, діни экзистенциалистік мәселелерді шешу сәтінде экзистенция мен объективтілік, болмыс пен иелену, мәселе мен құпиялылық, құштарлық пен тынымсыздық сияқты түсініктерді шендестірді. Ғылыми-техникалық прогресс аясындағы адам болмысына үңіле келе, ол дінге деген сенімнің табиғатын дұрыс деп тапты: «Сырттай қарау позициясы әуес болу нақты формасымен сабақтас деп ойлаймын, көбінесе сол субъект өзі әлем қабылдаған әрекетпен сабақтас деп ойлаймын. Теоцентризмде жасырын жатқан терең ақиқатты енді көріп жатырмын. Қызмет көрсету үшін біз осындамыз, және осы идея барлық ықтималды мағынасында қызмет ету болып табылады» [17].

Ол, әрине, дінді апологетикалық тұрғыдан емес, онтологиялық тұрғыдан адам болмысының әлем болмысына қатысы тұрғысынан ұсынған болатын:

«Құдайдың барлығы толығымен расталған сәттен, ақиқат және болмыс арасындағы саңылау өздігінен белгілі бір дәрежеге дейін толып және кейбір ақиқаттар сенім алдында құндылықтарын жоғалтты» [17, 50 б.].

Азап шегуді позитивтік құндылыққа айналдыру мәселесі, оны әлем тылсымына метафизикалық байланыс, туыскандық ретінде қатынастыру ретінде болуы тиіс екендігін, жарықтандырылған адам жаны үмітті, ол құдаймен толығырақ тоғысуға түсуді қалайтындығы, бірақ барлық позитивтілік құдайдан екендігін біле тұра, өзін құнсыздандыру арқылы құдайлық сыйды құнсыздандыратындығы, бұл тұста дінге сенуші адам құдай алдында өзін қарызданушы ретінде сезінетіндігі сияқты пікірлерін ұсынады. Оның ойынша, торығу мүмкін емес болып, өлім деген мүлде болмайтын болса, онда үмітке орын да болмайды, үміт пен торығу діни-этикалық антитеза болып табылады. Бұл адамның өзінің болмысының алдына қойған онтологиялық таңдау. Тұлға құтқарылуға үміттенуге ерікті, бірақ өзінің өмір сүретіндігін мағынасыз деп есептеуге де ерікті. Құтқарылуға деген үміт

адамды әрқилы еріксіздіктен суырып алып, иелену әлемінен аутентикалық болмыс әлеміне енуге есік ашады. Бірақ иелену әлемінде еркіндік өзіне еркін билік ету мүмкіндігі ғана. Бұл егер өмір сүру жағдайы төзбейтіндей болғанда, өмірден өз еркімен кетуге құқық беруге қатысты. Ал құлшылық ету өзін-өзі өлтіруге рұқсат бермейді. Өзінің иелігінде емес нәрсені жоюға болмайды. Өзін-өзі өлтіруге тікелей қарама-қарсы нәрсе өзін куәландыру құралы ретінде қарастыратын сенім иесінің өзін құрбан етуі мен азап шегуі. Эгоцентризммен өзін шектен тыс жақсы көру иелену әлеміне үстемдік жүргізіп, құлшылық етуге қабілетсіздікке алып келеді, адам өмірін трансценденттік жоспарда пайдасыз қылады. Эгоцентризмді жеңе білу қабілеті тек дінде ғана емес, шығармашылықта, махабатта, яғни, еркіндікке шынайы аңғар ашылған барлық жерлерде [17, 51 б.].

Демек, Г. Марсель адам болмысының дінге қатысты шынайылығы ғана емес, діннің де адам болмысына қызмет етуге арналған өзіндік шынайылығын паш етеді. Сондықтан да оның бұл жердегі философиясын: «дін мен адам болмысындағы өзара кіріктірілген экзистенциалдық үлгілер» деп бағалай аламыз. Шектен тыс мағынасыздық пен өзін-өзі өлтіру еркіндігін шектеу еркіндігі, біздіңше, Г. Марсель айтқандай, иелену қақпасынан шығатын махабат, дін, шығармашылық т.б. арқылы емес, бос уақыттың болмауымен келіп шартталатын сыңайлы, бұлар тек формалар ғана, ең бастысы зерігудің болмауы. Мысалы, діннің құлшылық салттары көп қызметті: зерігуді болдырмау, адамның өзінің өзіне шектен тыс еркіндігін шектеу, сенімді құрметтеу арқылы өзін құрметтеу т.б. Дін адам болмысы мен өміріндегі мағынасыздықты сақтап қалудың құралдарының бірі деп түсіндірген Г. Марсельдің регулятивтік қызметі, бұл тұста, онтологиялық тұрғыдан дәйектеледі: «адамның табиғи еркіндігі – дінге сенім еркіндігі – діни сенімдегі еркіндік» деп құрастыруымызға болатын түзілімін біз экзистенциалдық тұрғыдан қайтадан: «адамның өзіне – өзінің-өзгеге – өзгедегі-өзінің-өзіне» еркіндігі деп тұжырымдай аламыз.

Адамның жер бетінде болуының гуманистік, шығармашылық түрде орындалуын негізге алған персонализм діндегі адам мәселесімен қатар, діни адам тұлғасы тек дінге қатысты тұрғыдан ғана емес, жалпы қоғам мен әлемге қатысты тұрғыдан қалай болуы қажет екендігін шешуге тырысты. Э. Мунье де сол дәуірдегі «адам дағдарысы» деп түсінілген құбылысқа сәйкес, оны жеке адам

қабілеті қызметінің дағдарысы, руханилықтың құлдырауы, бұқараны христиансыздандыру деп түсінді. «Буржуазиялық жүйесіздік» пен христиандықтың тоғысуына алаңдаған Э. Мунье және басқа да оның жақтастары христиандықты буржуазиялық қоғамнан ажыратуға мүдделі екендігін жариялады да, христиандықтың жаңа тұжырымдамасын ұсынуды қалады. Ол тұжырымдама буржуазиялық қоғамды гуманистік негізде құруда рухани тірек бола алатындай етуді қолдады. Бұл тұжырымдама ғылыми және философиялық болып шығуы үшін, оны сол дәуірдегі ықпалды ағымдармен, әсіресе, экзистенциализммен, марксизммен асимилициялауды жөн көрді.

Француз персоналистерінің басты ұстанымдарының бірі – Құдай патшалығының жер бетіндегі көрінісін орнату еді. Э. Мунье Құдай қаласы мен жердегі қаланы радикалды түрде ажыратуға қарсы шығып, рухани тәртіп – жер үлесінен алшақтаған метафизикалық қағида емес, адамзат қоғамында өзін көрсететін динамикалық күш. Құдай қаласы мен жер қаласы ғасырлар бойы қатар өрілді және бір-бірінен тек бағыттары бойынша ғана ажырайды. Сондықтан Э. Мунье мен оның жақтастары байыптаушылықтан гөрі жердегі белсенділікті жақтады. Католиктік персонализм бағытын ұстанған персоналистер 1960 жылдары басқа да жаңа теологияларды туындатты: «төңкеріс теологиясы», «еңбек теологиясы», «тұлға теологиясы», «махабат теологиясы» т.б. Э. Мунье өз ойларын түйіндей келе, тұлғаны былайша жаңаша бір қырынан анықтады: «Тұлға – оның ұзындығымен, кеңдігімен, тереңдігімен келісілген адамның толық көлемі, үш рухани өлшем аралығында тіршілік ететін кернеу: төменнен жоғары көтеріліп, денеге келеді; жоғарыға қарай бағыттталып, әмбебаптылық деңгейіне көтеріледі; тереңдеп барып, бірге қатысады» [18].

Оның түсінігі бойынша «тұлға белсенді рух» дегенге келіп саяды:

«Тұлғаның индивидтен айырмашылығы ол тұрақты емес. Ол қалыптасуда, трансцендеттелгенде, өзін-өзі жаратқанда пайда болады. Құдайдың шақыруына жауап беріп, адам өзінің Мен эгосы шегінен шығады. Тұлғаның қалыптасуы дегеніміз, Құдайға ұқсастықты және түрін өзгертуде шырайландыру. Яғни тұлға болу дегеніміз, Құдайды мойындай отыра соған қарай жүру және табу» [19].

Персоналистер де діндегі адам болмысы мәселесінде, алдымен тұлғаны және оның рухын басты орынға шығарды, бірақ оның рух түсінігі

адамның «жаны», «санасы» т.б. мағыналарда емес, күрескер, жауынгерленген, аса белсенді, оптимистенген кейіптегі құбылыс. Сол дәуірдің капиталистік құрылысын сынаған персоналистер христиан дінінің өркендеуін жақтайды.

Біздіңше, персонализмдегі біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты мәселелердің түзілімі былайша құрылған және былайша шешімін тапқан тәрізді (христиан діні бойынша):

– философиялаудың тұлғаны басымдылыққа шығарып, оны дін арқылы өрістете алудың өзіндік тетіктерін ұсынуы;

– діни мәтіндердегі тұлғаны жетілдірудің арнайы жүйесі жоқтығын аңдай біліп, құдайлық пен тұлға арасында тығыз байланыс орнатуы;

– діндегі руханилық пен гуманизм мәселелерін тұлғаның ішкі Рухымен байланыстырып, оның қоғамдық өмірдегі белсенділігінің жаңа үлгісін жариялауы т.б.

XX ғасырдағы дін философиясындағы адам мәселесіне қатысты бағыттарды сараптай келе, олардың бүгінгі күнге қолдануға болатын жақтарын ашып көрсету үшін оларды былайша жүйелеп көрсетеміз.

6-кесте – Батыс ойшылдарының адам мәніне жалпылама сипаттары

Бағыттар	Адам мәнінің жалпылама сипаты
Прагматизм мен діни тәжірибе (У. Джемс, А. Ильин)	Дін мен салттар адамның өзінің ішкі жайбарақаттануын туғызатын болса, ол бәрібір шындық болып табылады, яғни, ол алдымен адамның өзінің ақиқаты
Фрейдизм-неофрейдизм (З. Фрейд, Э. Фромм)	Дін адамның бейсаналы ұмтылыстары мен қажеттіліктерінің жемісі және түп тарихи ұжымдық бейсананың сабақтастығы
Діни эпистемология (Р. Бурхо)	Адамның эволюцияға бейімделуі оның тарихи арғытүптік сенімін жандандырумен байланысып жатыр, ол сананың өзінің табиғи болмысымен келіп ұштасады
Діни философиялық антропология (М. Шелер)	Дінге деген сенімнің өзі Құдай болмысын терең сезімдік махаббатық деңгейде танумен келіп шартталады және ол адамның өз орнының табиғатына қарай жетелеуі тиіс
Діни экзистенциализм (К. Ясперс, Г. Марсель)	Адамның дінге деген сенімі өзінің еркіндігінен туындайды, адам адасуы ықтимал еркіндіктерін дін тежеп отырады, сондықтан, дін арқылы ол бір қырынан еркін, екінші бір қырынан еркін емес.
Діни персонализм (Э. Мунье)	Адамның тұлғалық жетілуінің басты өлшемдерінің бірі руханилық, ол абстрактілі сенім арқылы емес, оның нақтыланған үлгісі арқылы жүзеге асады

Қорытынды

Сонымен қазіргі заманғы дін философиясының басқа кезеңдердегі осы мәселеге қатысты толғаныстардан айырмашылығы және негізгі бәріне ортақ ерекшеліктерін былайша жинақтап көрсете аламыз.

– дінді схоластикалық негізде идеологияландырудан, көзсіз апологетикадан толықтай арылып, сенімге тікелей қарсы да шықпай, таза парасаттылық ұстаныммен дін философиясы бойынша ойтолғаудың заманауи жаңа белестерін жасады;

– ойшылдар тек қана өзінің ұстанатын сенімін ғана емес, мүмкіндігінше, жалпы дін мен жалпы сенім нысанаға алынды, тіпті, діннің пайда болуы тұрғысынан, алғашқы діни сенімдер де назардан тыс қалмады;

– дін мен сенімнің қоғамдық өмірдегі нақты мәселелеріне қарай ойысты, «адам дінге қалай қызмет етуі керек» деген сауалдардан «діннің

адам үшін қаншалықты маңызы бар», «адам өміріндегі сенімнің мәні қандай» деген сияқты барынша тәжірибелік сауалдарды талқылады;

– философиялық ой қуатын, философиялық ойтолғау машығын «дінді», «Құдайды», «сенімді» түсіндіруде еркін пайдаланды. Нақтырақ айтқанда, бұл объектілерді сараптау фобиясынан арылды;

– адамның шынайы табиғаты мен мәнін дінге қатысты тұрғыдан ашуға деген ұмтылыстары түптеп келгенде, діннің өзінің шынайы табиғатын ашумен детерминацияландырылды;

– осыдан, «егер қоғамда дін болмаса не болар еді», «адамға сенімнің қажеті бар ма, әлде жоқ па», «адам дінге сенім арқылы неге қол жеткізеді немесе неден айрылады» деген сияқты мәселелер өздігінен қойылды да, діннің жағымды және жағымсыз қырлары өздігінен туындатылды;

– нәтижесінде, діндегі адам өмірінің мәні барынша толықтай ашылып, бүгінгі күнге, дәл

қазіргі ХХІ ғасырдағы қоғамға пайдалануға болатын тәжірибелер әр түрлі үлгілер мен нұсқалар ретінде құндылықтар құрады. Осыған байланыс-

ты, біз келесі кезекте, қазіргі Қазақстандағы және әлемдегі діни үдерістерге, ондағы адам мәселесіне барынша еркінрек бойлай аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Peterson M. Reason and Religious Belief: An Introduction to Philosophy of Religion. – New York: Oxford University Press, 2003. – 416 p.
- 2 Yandell K.E. Philosophy of Religion: A Contemporary Introduction. – London: Routledge, 1999. – 401 p.
- 3 Джемс У. Многообразие религиозного опыта // Русская Мысль. – М., 1910.
В результате глубоких и противоречивых концептуальных сдвигов в современной философии происходит не только активное расширение и дополнение феноменологическими, антропологическими, аналитическими, герменевтическими, «критическими» и другими подходами и методами традиционного теоретико-познавательного исследования. Существенное значение имеют исследования форм, содержания, динамики, детерминант эпистемологического суждения, отражающих структуру «культурных» априори знания, основные упорядочивающие функции внутри каждой эпистемы. Ключевым контекстом рассмотрения проблемы культуры эпистемологического суждения, в качестве тезиса, подхода, схемы, концептуального решения, методологического средства, часто определяется ситуация методологического кризиса, в том числе в области научной рациональности, на этапе перехода от классической к постнеклассической и постмодернистской парадигмам, изменение ситуации в социогуманитарном познании. Философия сталкивается с проблемой своеобразного синтеза культурного и эпистемологического содержания, что и должно стать предметом дальнейшего заинтересованного исследования философских исследований соответствующего направления.

Необходимость культивирования критического подхода в эпистемологии, не отягощенного жестким натурализмом, теоретизмом и «позитивистскими» ориентирами, способствует тому, что «теоретическую» область философии, при определенных условиях, можно перестать рассматривать в качестве мерила философской подлинности. Современная эпистемология позволила увидеть новые перспективы взаимодействия основных идей современной философии, где антропологическое, онтологическое, методологическое, лингвистическое в равной степени определяют сложные трансформационные процессы, среди которых стоит отметить «когнитивный» плюрализм, усложнение и возрастание роли коммуникативных структур, лингвистический поворот, релятивизм и т.д.

Современная культурная ситуация, в которой нашла особое место кризисная ситуация смены философских парадигм, новые философские и культурные стратегии потребовали разработку концепций, которые могли бы удовлетворить требованию концептуализации серьезных теоретических поисков в области эпистемологического знания на уровне «внутренних» смыслов и культурных детерминант, ценностной составляющей знания и тематизации критической и аргументативной рефлексии, а также лингвистической ориентации основных суждений и представлений. «Методологический» потенциал эпистемологии может быть совмещен с потенциалом культурным, онтологическим, когнитологическим, лингвистическим, а анализ эпистемологического содержания превращается в плодотворный поиск и соизмерение основных парадигм, которые содержат в себе совокупный образ научного и теоретического знания в системе культуры.

Актуальные проблемы современной эпистемологии связаны с развитием научной, методологической, когнитивной, онтологической, лингвистической, социокультурной, коммуникативной проблематики философии в новом контексте, позволяющем не только трансформировать философский анализ познавательного процесса, культурного содержания науки и научного знания, но и определить новые функции и стратегии философии, смыслы и процедуры познания, новые уровни взаимопроникновения научного, социального, гуманитарного, в аутентичном философском содержании, измененную роль эпистемологии в общеподлинном содержании и общенаучном контексте.

Исследования в области эпистемологии, а также истории, методологии и философии науки в разное время акцентировали внимание на разных теоретико-познавательных вопросах, уровнях функционирования науки и научного знания. История философии, методология науки позволяют говорить об определенных закономерностях в обсуждении эпистемологических проблем. Детальный, кропотливый, в чем-то локальный анализ содержания когнитивной сферы, а также внутренней логики науки, форм и методов ее развития предопределяет решение более общих проблем эпистемологического содержания и рефлексии над научным содержанием, наукой как целостными явлениями, как элементами культуры и т.п. Однако, можно слышать и замечания относительно того, что «для современных отечественных философов часто характерна подмена предмета исследования – вместо анализа и рефлексии философско-методологических вопросов современного естествознания выстраиваются тяжеловесные концепции о смене типов научной рациональности» [10, с. 9]. Сегодня в центре исследовательского интереса находятся как раз вопросы «глобальных» концептуальных проблем сферы знания и науки и анализа внутринаучного развития. Данный путь поиска и исследований прошла и продолжает проходить казахстанская эпистемологическая школа. Постсоветский этап развития отечественной философии, характеризующийся продолжающимся активным интересом к вопросам эпистемологии в целом, открывает дальнейшую перспективу поэтапной исследовательской работы в изучении проблем науки и научного знания самого широкого масштаба в области, как оснований научного знания, так и культурной детерминации знания и науки.

И сегодня философская традиция артикулирует представленную проблему в контексте предметного анализа философских, социокультурных и методологических проблем науки и ее детерминационных аспектов, природы социогуманитарного познания, сравнительного анализа типов и характеристик науки, ее отдельных дисциплин, компаративистского анализа возможностей ее развития в пределах западного и восточного типов культуры, изучения науки и ее методологии в культурном контексте, в разрезе культуры мышления, антропологии и онтологии знания, истории неклассической эпистемологии и философии науки, а также современной западной и отечественной философии науки. Актуальнейшие проблемы современной эпистемологии

отразились и в продолжающихся исследованиях по проблемам исторических типов научной рациональности, социальной истории науки, постнеклассического этапа развития науки и философии, обусловленности структуры оснований науки универсалиями культуры, дискурсивного поворота в понимании проблем науки, цивилизационных, синергетических, герменевтических, компаративистских аспектов анализа науки и современной философии. Труды современных авторов актуализировали историко-философский, культур-философский, методологический, когнитивный ракурс исследуемой проблемы в аспекте демонстрации преемственности трансценденталистских систем и представлений, выяснения условий возможности «научной» феноменологии, статуса трансцендентального субъекта, анализа науки как трансформации дискурсивных практик (нашедший непосредственное приложение в историко-научных исследованиях и социальных исследованиях). Исследуется постнеклассическое эпистемологическое пространство как переоткрытие коммуникативной формы существования культуры и мышления, переориентации операционального характера эпистемологических понятий и мыслительных конструкций, принимающих дискурсивный характер, анализа альтернативных форм развития знания и методов науки, часто рассматриваемых как «иные» типы методологии, рациональности, знания, укорененных в многообразии человеческого опыта. В этой связи особо выделяются установки на взаимосвязь философско-теоретического, культурно-исторического, историко-научного анализа науки, а также когнитивной и методологической оценки знания, мышления, сознания, языка, деятельности как фактов культуры. Целью эпистемологических исследований давно стали вопросы и проблемы эффективной политики знания, «эмпиричности» гуманитарного знания, «реальности» социогуманитарного знания, актуального производства знания, обновленного «нормативизма», институциональной уникальности знания, инерции и инноваций в познавательной сфере и многие другие перспективные вопросы.

Заключение

Современная философская культура особое значение придает «критическому» опыту в эпистемологии, когда научные представления о мире приобрели статус «научности», воплотив в себе черты, образующие в совокупности матри-

цу понимания, заданную культурой, и нашли отражение в постнеклассической, постмодернистской концепции науки и знания, отмеченной нарастающим пониманием сущности тех форм знания, в том числе в их «рациональной» представленности, которые укоренены в языке, установках культуры, в социальной сфере и т.д. Широкая степень изученности эпистемологической проблематики не исчерпывает все возможные грани этой философской сферы и инициирует ее дальнейшую теоретическую разработку, связанную с выходом за границы «узкого» гносеологизма, методологизма и когнитивизма и

избавления от методологической зашоренности и сугубо рационально-инструментального и сциентизированного обоснования всего того, что находится в философском ведомстве, и раскрытием в полной мере широкой перспективы и роли эпистемологии, ее методологического потенциала, в общеполитической реальности и обновленных культурных контекстах, в аспекте корреляции культурного, ментального, мыслящего, антропного, социального, дотелесного, понимающего, аргументативного, методологического, когнитивного, институционального и других подходов и ракурсов.

Литература

- 1 Антоновский А.Ю. Коммуникативная философия знания: от теории коммуникативных медиа к социальной философии науки. – М.: ИФ РАН, 2015.
- 2 Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. – М.: Издательство «Алетейя», 1998.
- 3 Смирнова Н.М., Бескова И.А., Майданов А.С. Язык, смысл, творчество. – М.: ИФ РАН, 2015.
- 4 Баксанский О.Е., Кучер Е.Н. Когнитивно-синергетическая парадигма НЛП: От познания к действию. – М.: КРАСАНД, 2010.
- 5 Баксанский О.Е., Кучер Е.Н. Когнитивное конструирование реальности: философия образования. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013.
- 6 Харт К. Постмодернизм. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2006.
- 7 Актуальные проблемы современной лингвистики: учебное пособие для студентов, аспирантов, преподавателей – филологов / составитель Л.Н. Чурилина. – 5-е издание. – М.: Издательство «Флинта», Издательство «Наука», 2010.
- 8 Социальная эпистемология: идеи, методы, программы / под редакцией И.Т. Касавина. – М.: «Канон +», 2010.
- 9 Баксанский О.Е. Когнитивные репрезентации: обыденные, социальные, научные. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009.
- 10 Пирожкова С.В. Предвидение как эпистемологическая проблема. – М.: ИФ РАН, 2015.

References

- 1 Antonovskij A.Ju. Kommunikativnaja filosofija znaniya: ot teorii kommunikativnyh media k social'noj filosofii nauki. – М.: IF RAN, 2015.
- 2 Liotar Zh.-F. Sostojanie postmoderna. – М.: Izdatel'stvo «Aletejja», 1998.
- 3 Smirnova N.M., Beskova I.A., Majdanov A.S. Jazyk, smysl, tvorcestvo. – М.: IF RAN, 2015.
- 4 Baksanskij O.E., Kucher E.N. Kognitivno-sinergeticheskaja paradigma NLP: Ot poznanija k dejstvu. – М.: KRASAND, 2010.
- 5 Baksanskij O.E., Kucher E.N. Kognitivnoe konstruirovanie real'nosti: filosofija obrazovanija. – М.: Knizhnyj dom «LIBROKOM», 2013.
- 6 Hart K. Postmodernizm. – М.: FAIR-PRESS, 2006.
- 7 Aktual'nye problemy sovremennoj lingvistiki. Uchebnoe posobie dlja studentov, aspirantov, prepodavatelej – filologov / Sostavitel' L.N. Churilina. – 5-e izdanie. – М.: Izdatel'stvo «Flinta», Izdatel'stvo «Nauka», 2010.
- 8 Social'naja jepistemologija: idei, metody, programmy / Pod redakciej I.T. Kasavina. – М.: «Kanon +», 2010.
- 9 Baksanskij O.E. Kognitivnye reprezentacii: obydennye, social'nye, nauchnye. – М.: Knizhnyj dom «LIBROKOM», 2009.
- 10 Pirozhkova S.V. Predvidenie kak jepistemologicheskaja problema. – М.: IF RAN, 2015.

Құрманалиева А.Д.,
Утебаева Д.С.

Ислам дінінің таралу тарихы және ерекшеліктері

Дінмен байланысты жағдай әлемде және елімізде түрлі өзгерістердің туындауына себеп болды. Бұл өз кезегінде, дін мен мемлекет, адам мен қоғам арасындағы қайшылықты шешуге бағытталған көптеген іргелі зерттеулерді қажет етеді. Жаһандық деңгейде орын алған исламофобиялық көңіл-күйлер және исламмен байланысты қоғамның радикалдану үдерістері осы мақаланың жазылуына себеп болды. Авторлар мақалада, бүгінгі таңда өзекті болып отырған ислам дінінің таралуы мен жаңғыруы мәселесін қарастырады. Исламдандыру және реисламдандыру ұғымдарына анықтама берудің күрделілігін және қазіргі кезеңдегі исламның саясилануын айта отырып, исламдандыру теорияларына тоқталады. Мақала барысында, исламды таратудағы Мұхаммед пайғамбардың алатын орны мен рөлі жөнінде сөз қозғалады. Сонымен бірге, ислам дінінің негізі болып саналатын дағұат туралы талдау жасалады. Дағұат пен миссия арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар салыстырылып, түсіндірме беріледі. Мақалада, исламдағы дағұаттың жүйеленуі, заманауи ислами миссионерлік ұйымдардың пайда болуы туралы қысқаша айтылады.

Түйін сөздер: исламдандыру, реисламдандыру, дағұат, миссия, Мұхаммед пайғамбар.

Kurmanaliyeva A.D.,
Utebayeva D.S.

The history and features of the spread of Islam

The situation with religion and religious processes in the country and in the world, became the reason of occurrence of various changes in society. This fact in turn requires basic research aimed at solving problems related to the relationship between the state and religion and between man and society. The radicalization of society, terrorism, extremism and Islamophobia in society are the reason for writing this article. The authors of the article analyze the history of the spread of Islam and its revival in the modern world. The authors emphasize the difficulty of identifying the concepts of Islam and Islamization. According to the authors, the politicization of Islam in the modern world, distorts the real essence of religion. In the article, the authors talk about the theories of Islamization, the place and role of prophet Muhammad in spreading Islam. Also in this article the authors make a brief comparative analysis between the terms «Dawa» and «mission.»

Key words: islamization, reislamization, da'wah, misson, prophet Muhammad.

Құрманалиева А.Д.,
Утебаева Д.С.

История и особенности распространения ислама

Ситуация, связанная с религией и религиозными процессами в стране и в мире, стала причиной возникновения различных изменений в обществе. Данное обстоятельство, в свою очередь, требует фундаментальных исследований, направленных на решение проблем, связанных с взаимоотношением между государством и религией, а также между человеком и обществом. Радикализация общества, терроризм, экстремизм и исламофобские настроения в обществе являются причиной написания данной статьи. Авторы статьи анализируют историю распространения ислама и его возрождение в современном мире, акцентируют внимание на сложности определения понятий ислама и исламизации. По мнению авторов, политизация ислама в современном мире искажает истинную сущность религии. В ходе статьи авторы рассказывают о теориях исламизации, о месте и роли пророка Мухаммеда в распространении ислама. Также в данной статье авторы делают краткий сравнительный анализ между терминами «дава», «миссия».

Ключевые слова: исламизация, реисламизация, дава, миссия, пророк Мухаммад.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Қазіргі кезеңде әлемде дінмен байланысты жағдай ушығып тұрғаны белгілі. Бұл, әсіресе, Таяу Шығыстағы мұсылман мемлекеттерінің жағдайы мен ислам атын жамылған ұйымдардың террорлық әрекеттерімен тығыз байланысты. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, мәдени оқшаулану, діни сауатсыздық және т.б. көптеген мәселелер ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстардың туындауына себеп болып отыр. Қоғамдағы мұндай жағдай түрлі топтар арасында экстремистік көңіл-күйлердің пайда болуы мен радикалдануына ықпал етуде. Биыл әлемнің түрлі елдерінде Францияда, Германияда, Египетте, Түркияда және еліміздің Ақтөбе мен Алматы қалаларында болған террорлық әрекеттер де жоғарыда аталған мәселелер салдарынан болып отырғаны белгілі.

Бүгінгі таңда, әлем елдерінде бір жағынан исламды қабылдау «сәнге» айналса, екінші жағынан исламофобиялық көріністер белең алуда. Қоғам исламға қатысты екі өзара бітіспес жаққа бөлінді. Адамдардың бір бөлігі үшін ислам – үрей мен қорқыныш ошағы болса, екінші бөлігі исламның өзге сенімдерден артықшылығын дәлелдеуге және оны әлем алдында ақтап алуға тырысуда. Осы аталған екі жақты өзара бітістіру әлем ғалымдары мен дінбасылары, әсіресе дінтанушылардың міндеті деген ойдамыз. Сол себепті исламды, оның ішінде исламдандыру үдерісін зерттеу қазіргі уақытта исламға қатысты қалыптасқан жаңсақ пікірлер мен көзқарастардың ара-жігін ашуға мүмкіндік береді деген ойдамыз. Исламдандыру дегеніміз не? Ислам дінінің таралу тарихы қандай? Дін таратудағы Мұхаммед пайғамбардың рөлі қандай? Ислам миссионерлік дін бе? Дағуат дегеніміз не? деген сияқты көптеген сұрақтарға мақала барысында жауап беруге тырыстық.

Негізгі бөлім

Мұхаммед пайғамбар өмірі – исламның таралуының негізі ретінде

Ислам – әлемдік діндердің ішінде жас саналғанымен, бірнеше ғасырлық тарихы бар, таралу аймағына қарай өзіндік

ерекшелігі бар дін. Ислам діні ұстанушыларының саны жағынан христиан дінінен кейінгі екінші орынды иеленеді. Және бұл көрсеткіш жыл санап артып келеді. Pew зерттеу орталығының әлем діндерінің болашағы жөнінде жүргізген болжамына сәйкес, ислам 2070 жылы христиан дінімен теңесіп, 2100 жылға қарай алғашқы орынға шығады. Орталық есебі бойынша христиандар да өз өсімін жалғастыра береді, бірақ бұл үдеріс өте баяу жүреді. Ал мұсылмандар санының өсуі демографиялық жағдайлармен, исламдандыру және исламның қайта жаңғыруы сияқты үдерістермен байланысты болады деген болжам жасайды [1].

Араб жартыаралында пайда болған ислам діні ерекше тұлға Мұхаммед пайғамбардың өмірімен тығыз байланысты. Тарихи деректерден, жазба мәліметтерден Мұхаммед пайғамбардың өмірде өте қарапайым, кішіпейіл, ерекше көркем мінезді, адамдарға жайлы болғаны туралы белгілі. Оның осы өнегелі мінезі туралы көзін көрген шәкірттерінің хадистері тәлім-тәрбиелік мәні зор әңгімелер мен көркем сөз туындыларына арқау болып, мұсылмандық әдепті, жалпы адам әдебін бағалаудың бір нормасына айналды. Мұхаммед пайғамбар адамдарды өз дініне тарта жүріп, адамзат қауымдастығының жаңа түрін қалыптастырды. Адамдар рухани туыстық принципі тұрғысынан бірігетін болды. Ол исламның «үммет» ұғымында көрініс беретін мүлде жаңа әлеуметтік байланыстар түрі жөніндегі түсінікті әкелді.

Мұхаммед пайғамбар дінді насихаттай бастағанда, оның жақындары, оның ішінде әйелдер қауымы оған өте көп қолдау көрсеткен. Айталық, Хадишаның исламды алғаш болып қабылдап, бүкіл байлығын дін жолында сарп еткені белгілі. Пайғамбардың әйелі Хадиша мұсылман болған соң, кейін қыздары Рукия, Зейнеп, Үммү Күлсім және Фатима да Ислам дінін қабылдаған [2]. Хадишадан кейін исламды қабылдаған алғашқы мұсылмандар Зайд Ибн Хариса, Мұхаммедтің ағасының баласы Әли ибн Әбу Талиб және досы Әбу Бәкір екендігі белгілі. Кейіннен олардың қатары көбейіп Осман ибн Аффан, Зубайр ибн Аввам, Абд-ар-Рахмен ибн Ауф, Саад ибн Әбу Уақас және Тәлха ибн Убайдулла сияқты ислам тарихында өшпес із қалдырған тұлғалармен толықты. Әйтсе де, алғашқы кезеңде Мұхаммед пайғамбар жаңа дінді ашық насихаттамады. Исламдағы құпия дағуат ісі үш жылға жалғасты. Үш жылдан кейін Мұхаммед пайғамбар мен оның ізбасарларының ислам дінін қабылдауға ашық түрде шақырған

уағыз-насихаттар кезеңі басталды. Мұхаммед уағыздарында дәстүрлі араб құдайларынан бас тартуға, қоғамдағы пұтқа табынушылықтан құтылуға шақырды. Бұл, әрине, ескілікті көксеген тайпаларға ұнамады. Олар Мұхаммед пен оның ізбасарларын қуғын-сүргінге ұшыратты. Әйткенмен де пайғамбарлық миссияның алтыншы жылына аяқ басқан шақта Меккедегі мұсылмандар саны көбейіп, ислам идеялары кеңінен таралып, мұсылмандар қоғамдағы саяси күш ретінде алға шықты. Әйелі Хадиша және исламды қабылдамаса да Мұхаммедке қолдау көрсеткен ағасы Әбу Талибтың өлімінен кейін, құрайыш тайпасынан қағажу көрген Мұхаммед пайғамбар және оның жақтастары Меккеден Ясрибке (Мәдинаға) қоныс аударды. Осы қоныс аудару оқиғасы мұсылмандар күнтізбесі – хижраның пайда болуына себеп болды. Ясрибте (Мәдинада) Мұхаммед қарапайым уағыздаушыдан қауымның саяси басшысына айналды [3]. Осы кезеңде алғашқы мұсылман мемлекетінің негізі қаланып, алғашқы мешіт салынды.

Жалпы алғанда, Мұхаммедтің өмірі арқылы исламның пайда болу, қалыптасу және таралу тарихын көруге болады. Себебі, Мұхаммедке алғашқы уахи жіберілген уақыттан бастап, ол дүниеден өткенге дейінгі аралықта исламның қоғам өмірінде маңызды орынға ие болғанын көреміз. Құран аяттарының меккелік және мәдиналық болып бөлінуінің өзі, Мұхаммед пайғамбардың қоғам өмірінде рөлінің өзгеруімен тығыз байланысты. Өйткені, меккелік аяттарда бір Аллаға табыну, ислам дінінің негіздері айтылса, мәдиналық аяттарда мұсылмандық қауым, отбасы ішіндегі тәртіп және өзге дінді (иудаизм және христиан) ұстанғандарға қатынас мәселесі қозғалады. Яғни жаңа мемлекет құрылу барысында туындаған сұрақтарға жауап беріліп, ислам бүкіл адамзатқа жіберілген ең соңғы, әрі ақиқат дін ретінде танылып, мұсылмандар сенімінің негізіне айналды.

Ислам дінінің тарихы түрлі әлем елдерінде іргелі зерттеулердің негізгі тақырыбына арқау болғаны белгілі. Ислам діні алғашқы кезде сенушілердің санын арттыру бойынша христиандықтың қарсыласы ретінде оның осал тұстарын табу мақсатымен зерттелді. Исламның қасиетті кітабы Құранды алғашында латын, кейіннен Еуропа тілдеріне (ағылшын, француз, итальян және т.б.) аудару арқылы зерттеулер жүргізіле бастады. Ал, Ресей империясының отарлау саясаты кезінде, ислам діні ерекше ыждағаттылықпен зерттелгені бәрімізге белгілі.

Қазан қаласындағы рухани семинариясының миссионерлік мұсылмандыққа қарсы бөлімі болғаны белгілі. Оның студенттерінің 1873-1894 жж. аралығында исламға қатысты жүргізген зерттеулері жарияланған «Миссионерлік мұсылмандыққа қарсы жинақ» атты мерзімдік басылымының жарық көруі – патшалық Ресейдің қол астындағы халықтарға қатысты рухани отарлау саясатын жүргізгендігін көрсетеді [4].

Кейіннен, XIX ғасырда дінтану ғылымының пайда болуымен байланысты, исламға қатысты ғылыми, объективті зерттеулер жүргізіле бастады. Бұған мысал ретінде дінтану ғылымының негізін салушылардың бірі М. Мюллердің «Кімде-кім бір дінді ғана білсе, ол ешбірін білмейді» деген қанатты сөзін келтіруге болады [5]. Осы уақыттан бастап батыс және Ресей университеттерінде исламтануға, шығыстануға арналған бөлімдер ашылып, ислам діні арнайы зерттеу пәніне айналды.

XX ғасырда исламның тарихы мен оның таралуы көптеген батыс және кеңестік дәуір ғалымдарының еңбектерінде зерттелді. Олардың ішінде батыс ғалымдары А. Массе, Б. Льюис, Т. Арнольд, Р. Итон, Дж. Эддисон, Г.Э. фон Грюннебаум және ресейлік зерттеушілер В. Бартольд, И.П. Петрушевский, О.Г. Большаков, С.М. Прозоров, А.Б. Халидов сияқты көптеген ғалымдар бар.

Еліміздің тарихындағы исламның таралуы мен алатын орны жөнінде Ш. Уәлихановтың «О мусульманстве степи» еңбегінен бастау алған зерттеулер, кеңестік дәуірде жалғасын тауып, тәуелсіз Қазақстан тарихында қаншама диссертациялардың жазылуына себеп болды. Қазақ даласына исламның таралуы жөнінде Н. Нұртазина, А. Сұлтанғалиева, В. Басилов, А. Избаиров, А. Тасмағамбетов, А. Нұрғалиева, Г. Мұхтарова сияқты тағы да басқа ғалымдардың еңбектерін айтуға болады.

Исламдандыру термині мен теориялары

Бүгінгі таңда ислам әлемнің көптеген елдерінде таралып, сенушілердің саны артып, осыған байланысты «исламдандыру» және исламның қайта жаңғыруы («реисламизация») сияқты ұғымдар пайда болды. Сонымен қатар, дәстүрлі христиандық болып саналатын аймақтарда да ислам кеңінен таралды. Соның нәтижесінде еуроислам термині алға шықты. Бұл өз кезегінде әлемдік деңгейде ислам феноменінің туындауына себеп болды.

Исламдандыру ұғымының сөздіктердегі мағынасына көз жүгіртсек, алғашында исламдандыру – мұсылман мемлекетінің басқа елді

жаулап алуы нәтижесінде немесе дін таратушылар арқылы исламды қабылдауы делінсе, бүгінгі таңда дәстүрлі мұсылман емес ортада исламның таралуын білдіреді [6]. Сонымен бірге, батыс сөздіктерінде, исламдандыру ұғымы бір конфессиядан басқаға ауысу мағынасынан бөлек, мұсылман қауымындағы рәсімдер мен ритуалдарды орындаудағы қатандықтың күшеюі дегенді білдіреді. Осы тұста реисламдандыру, яғни «исламды жаңғырту» ұғымы пайда болады. Бұл әсіресе, дәстүрлі мұсылман мемлекеттерінде немесе мұсылман қауымдарында жаңа қоғамдық сананың қалыптасуы және исламның рөлінің артуымен сипатталады. Дегенмен, қазіргі уақытта орын алған исламдандыру ұғымына нақты анықтама беру аса қиын. Себебі, қазіргі уақытта Таяу Шығыстағы жағдаймен байланысты исламды саясиландыру үдерісі белең алды.

Исламдандыру және реисламдандыру терминдеріне анықтама берудің қиындығы жөнінде ресейлік ғалым А. Садыхова «Трансформация значений терминов «исламизация» и «реисламизация» в контексте современных социально-политических процессов» атты мақаласында атап көрсетеді. Оның пікірінше, бастапқыда, батыс және ресейлік шығыстану ғылымында, исламдандыру мұсылмандар жаулап алған мемлекеттердегі халықтардың исламды қабылдауы (ерікті немесе еріксіз түрде) деп түсіндірілді. Яғни исламдандыру христиандандыруға ұқсас үдеріс ретінде қарастырылды. Дегенмен, соңғы уақытта исламдандыру және реисламдандыру терминдері халықаралық саяси үдерістердің шиеленуіне байланысты мемлекеттіліктің зайырлы жолын таңдап алған мұсылман мемлекеттерінің қоғамдық өмірі мен мемлекеттік саясатына исламның ықпалының күшеюі үдерісі мағынасында қолданыла бастады [7].

Исламдандыру үдерісіне қатысты батыс ғылымында бірнеше теория бар. Ислам дінінің таралуын түсіндіруге бағытталған алғашқы теория «қылыш теориясы» болды. Бұл теорияға сәйкес ислам мұсылман жаугершілігінің нәтижесінде күштеп таралды. Аталған теория XIX ғасырдың соңына дейін жалғасын тапты. Кейіннен арабтанушы Т. Арнольдтың «Исламның таралуы» атты кітабының шығуымен байланысты бұл көзқарас өзгерді [8]. Екінші теория мұсылман-иммигранттарының жергілікті халықпен араласуы, некелесуі, сол елдімекенде тұрақтап қалуы арқасында ислам таралды дегенге саяды. Үшінші теорияға сәйкес исламдандыру – мұсылман мемлекетінің қол астындағы

адамдардың билікке, белгілі бір жеңілдіктерге қол жеткізу үшін ислам дінін қабылдауы арқылы жүзеге асты. Соңғы төртінші теория бойынша ислам әлеуметтік құтқарушы және қоғамдағы теңсіздікті жоюға бағытталған күш ретінде алға шығады. Бұл, әсіресе, Үндістандағы касталық жүйені жоюға, өзгертуге бағытталған үдерістерде және әлеуметтік теңдік орнату сияқты мәселелерде көрініс тапты [9].

Дегенмен, біздің ойымызша, бұл теориялар исламның көптеген елдерге таралуын жеткілікті деңгейде сипаттап бере алмайды. Мәселен, алғашқы «қылыш» теориясының негізсіздігін мұсылман билеушілерінің жаулап алған елдердегі діни сенімдерге төзімділік танытуы дәлел бола алады. Тарих барысында өзге діндегілерге зимми құқығының берілуі, олардың салық төлеп өз діндерін ұстануға еркін болуы осыған дәлел. Сонымен бірге, географиялық фактілерді ескерсек, аталған теориялардың исламдандыру үдерісін толық қамти алмайтынын көреміз.

Түрлі мәдениеттер мен халықтардың исламды қабылдауы – оның бай екенін және адамдарға әр түрлі идеялар бере алатындығын көрсетеді. Исламның таралуы уақыт, мекен және тарихи оқиғалармен тығыз байланысты деп айтуға болады. Мысалы, түрік ғалымы Әли Косенің пікірінше, тоғызыншы ғасырдағы андалусиялықтардың исламды қабылдауына әлеуметтік жағдайлар ықпал етсе, XIII ғасырда Анатолия халқының исламға келуіне суфизмнің үлесі зор [9, 4 б.]. Ал қазақ халқының исламдануына Қожа Ахмет Ясауидің суфизмі себеп болғаны белгілі.

Исламның таралу заңдылығын зерттегенде діни және рухани себептердің де болатынын ескерген жөн. Мәселен, жеке адамдар жаңа идея, философия, дін және жаңа технологияны кездестіргенде, өздерінің бұрынғы ескі ұстанымдарын ысырып тастап, жаңаны бірден қабылдамайды. Егер адамдарға жаңа ұнаса, олар оны өз білімдер қорына қосады. Кейіннен уақыт өте келе жаңа мен ескіні салыстырып таңдау жасайды. Бұған мысал ретінде Үнді жеріндегі Бенгалия аймағында исламның таралуы жөнінде зерттеу жүргізген Р. Итонның араласу, бірегейлену және алмастыру (inclusion, identification, displacement) теориясын атап кетуге болады.

Р. Итонның пікірінше, адамның табиғатына бір діннен келесі дінге немесе бір дүниетанымнан екінші дүниетанымға бірден ауысу жат. Яғни адам өзінің дүниетанымында бар құндылықтар,

белгілер мен символдарды өзге дүниетанымнан тапқан кезде өзгереді. Сол себепті Р. Итонның ойынша, исламдандыру үдерісі жоғарыда айтылған араласу, бірегейлену және алмастыру сияқты 3 кезеңнен тұрады. Мәселен, Бенгалия халқының космологиясына ислами түсініктердің біртіндеп енуі, кейіннен аталған түсініктерді халықтың өздеріне тән сияқты қабылдауы, соңында бұрынғы исламға дейінгі наным-сенімдердің ислами қағидалармен толықтай ауысуын айтуға болады [10].

Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында да бенгал халқы сияқты исламға дейінгі діни сенімі – тәңірлік дүниетанымның кейбір элементтері жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен бірге араласты. Мәселен, исламның халық арасына тарауына байланысты бұрынғы әулие ұғымының мағынасы толығымен түсті. Бұл бағытта, әсіресе, қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т.б. қазақтардың ежелгі нанымдарына ұқсас еді. Халық оларды әулие санап, пір тұтты. Баба түкті Шашты әзиз, Арыстан баб, Баб ата, Қожа Ахмет Иассауи, Бекет ата, Сопы Әзиз, Оқыш ата, т.б. әулиелер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған [11].

Жоғарыда айтылған исламдандыруға қатысты зерттеулерге сүйене отырып, исламдандыру күрделі әрі ұзақ әлеуметтік үдеріс екендігі және оның нәтижесінде қоғамда түрлі өзгерістер пайда болатыны жөнінде қорытынды жасауға болады. Бұл өзгерістер төмендегідей сипатқа ие:

- діни (өз дінінен бас тартып исламды діни-идеологиялық жүйе ретінде қабылдау);
- демографиялық (миграция, көшу, халықтардың араласуы);
- тіл негізінде болған өзгерістер (басқа тілді қабылдау немесе діни мазмұндағы араб, парсы немесе түрік тілдерінен келген сөздердің сөздік қорға қосылуы);
- саяси (мұсылмандық мемлекеттілік идеясын қабылдау, исламды тарату және ислам мемлекетін құру);
- мәдени (өзін мұсылмандық әлемнің бөлігі ретінде сезіну, мұсылман мәдениетін мойындау және қабылдау)[7, Б. 362].

Исламдандырудың «бастамашылары» тек араб жаулаушылары ғана емес, жаулап алынған жерлерге көшіп барған Аравия жарты аралының халқы және мұсылман өркениетінің мәдени құндылықтары болды. Сонымен бірге исламның таралуына экономикалық және әлеуметтік

факторлар ықпал етті. Дінді қабылдаған адам салықтан босатылып, оған теңдік берілген. Тарихи даму барысында көптеген халықтар ислам дінін ұстанды. Исламның жергілікті жағдайларға бейімделгені соншалық, жергілікті халық оны өзінің ұлттық діні ретінде қабылдады. Дегенмен, қазіргі кезеңдегі исламдандыру басқаша сипатта болып отырғаны да белгілі.

Дағуат – ислам дінінің негізі ретінде

Исламда дінге күштеп тартуға тыйым салынған. Бұған дәлел ретінде «Дінде зорлық жоқ» [12, 2:256] деген Құран аяттарын келтіруге болады. Сондықтан әрбір мұсылман исламды тарату үшін оның өзге діндерден артықшылығын көрсетуі тиіс. Және әрбір мұсылман дінге шақырғанда Құранның «Адамдарды Раббыңның жолында даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз, Раббың Ол, тура жол тапқандарды да жақсы біледі» [12, 16-125] деген аятын басшылыққа алуы тиіс. Себебі ислам ғұламаларының пікірінше, әрбір мұсылман өз іс-әрекетімен және сөздерімен дінді насихаттайды. Яғни ислам дінінің таралуының себебі оның қарапайымдылығында және өзге дінді ұстанғандарға төзімділігінде болып отыр.

Исламда дінге шақыруға және оның негіздерін түсіндіруге бағытталған әрекет – «дағуат» деп аталады. «Дағуат» сөзі этимологиялық тұрғыдан алғанда шақыру, үндеу, ұран деген мағынаны білдіреді. Ислам дінін зерттеуші батыс ғалымы Пол Уокер өзінің «Құрани ілімдердегі дағуат» атты мақаласында «Дағуат – Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі екенін айғақтайтын, оған сенуге шақыратын ұстаным, әрекет. Дағуат исламды, ал ислам болса дағуатты білдіреді» деген анықтама береді [13].

«Дағуат» сөзі ислам дінінің негізі болып табылады. Бұл сөз Құранда, оның түсіндірмелерінде, ауызша және жазбаша классикалық мұсылман мәтіндерінде және қазіргі теологиялық мәтіндерде жиі кездеседі. Құранда «дағуат» сөзі үш негізгі мәнге ие: 1) Құдайға немесе пұтқа табыну; 2) сұрау, үндеу (Құдай, пұттар, адамдар); 3) дінге шақыру (ислам немесе өзге діндер) [14]. Дағуат сөзінің саяси, діни, құқықтық салаларға және жеке адамға қатысты түрлі мағынасы бар. Дегенмен дағуат сөзінің түп мағынасы шақыру екенін ұмытпаған жөн.

Ислам дінінің пайда болуының алғашқы кезеңдерінде дінді тарату ісі ұйымдасқан түрде болмаса да, әрбір мұсылманға Мұхаммед пайғамбар өсиетіне сәйкес дағуат жасау міндеттелген. Мұхаммед пайғамбар және оның

сахабалары ислам дінін тарату ісіне ерекше көңіл бөлген. «Ел-жұртты Аллаға оның хақ жолына шақыратын һәм (өзін әрі қоғамды түзеуге бағытталған) игілікті істер істейтін, әрі: «Мен шын мұсылманмын», – деп жар салған жаннан асқан сөзі жақсы кім бар?!» [12, 41-33] деген аяттар осыған дәлел. Дағуат мақсаты мұсылмандарды біріктіру және мұсылман емес-тер арасында исламды тарату болып табылады [15].

Әлем елдеріне дағуат сөзі христиандық түсінік аясындағы «миссия» немесе миссионерлік қызмет ұғымдарына жақын мағынада белгілі. Әйтсе де, ислам ғұламалары исламның миссионерлік қызметі жөнінде айтқанда дағуат ұғымын пайдалануды дұрыс деп есептейді. Себебі христиандықтағы миссионерлік қызмет отарлау мен экспансияның құралы ретінде мұсылман елдері үшін негативті сипатта көрініс алды.

Дегенмен біз, ислам – миссионерлік дін деген тұжырыммен келісуге болады деген ойдамыз. Өйткені 1873 жылы Вестминстер аббатығында оқыған дәрісінде М. Мюллер, дінді тарату ісін қасиетті борыш деңгейіне көтеретін, дінсіздерді жалғыз ақиқат – Құдайға әкелуді мақсат тұтатын діни сенімдерді миссионерлік дінге жатқызған. М. Мюллер миссионерлік және миссионерлік емес діндерді бөліп көрсетіп, буддизм, христиандық және исламды миссионерлік діндер қатарына жатқызған [16]. Әрине, ислам мен христиандықтағы дін таратудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Мәселен, «миссия» сөзі этимологиялық тұрғыда «жіберу, жолдау» болса, ислам дініндегі «дағуат» ұғымы «шақыру» дегенді білдіреді. Христиан дініндегі миссионер құтқарушыға келген ізгі хабарды адамдарға жеткізуші және Жаратушыдан келген ізгі хабарды (евангелие) таратушы болып табылады. Ал исламды уағыздаушы адам болса, «Алладан басқа тәңір жоқ», яғни бір құдайға табынуға шақырады. Ислам миссионері (егер солай айтуға болатын болса, себебі, исламда дағуатқа шақырушы дағии, көпше түрде дұғат деп аталады) адамзат жаратылғалы бергі жалғыз ақиқат – Аллаға қайта оралуға үндейді. Дағуат пен миссия арасындағы негізгі айырмашылық жөнінде батыс ғалымы Д. Керр былай дейді: «Миссия орталықтан (Құдай, ақиқат) жан-жаққа (адамдарға) бағытталса, дағуат шеттен (адамдардан) орталыққа (Құдайға, ақиқатқа) қарай бағытталған» [17].

Сонымен бірге, біз христиандықтағы миссионерлік қызмет пайда болған уақытынан

бастап миссияға жіберуші ұйым және миссияны орындаушы сияқты белгілері бар институтталған жүйелі құрылым болғанын білеміз. Ал, ислам дініндегі «миссионерлік қызмет» болса, кейбір зерттеушілердің пікірінше XIX ғасырдағы христиандық миссиялар қызметінің белсенді болуының ықпалымен жүйеленді [8, 10-11 бб.]. Дағуаттың жүйеленуі XX ғасырда ислами миссионерлік қоғамдардың пайда болуы және олардың арнайы семинарлар мен уағыз жүргізу, діни әдебиет тарату, интернет желілері арқылы уағыз-насихат жүргізу сияқты әдіс-тәсілдері арқылы көрініс тауып жатыр.

Қорытынды

Егер, біз исламдық діни сенімнің қалыптасу дәуірін қарастырсақ, жалпы адамзаттық құндылықтардың ұлттық немесе таптық құндылықтардан да маңызды мәдени мінез-құлықтың жаңа стилі қалыптасқанын, ал мәдениеттің дамуына этикалық ұғымдарды руханилық және жалпы адамдық мәнге ауыстырылған «канонизация» мен «авторитаризм» арқылы гуманистік бағдар берілгенін байқаймыз. Сөйте тұра, исламның әр түрлі этностардың өзіндік ерекшеліктерін немесе «мәдени таңбасын» сақтауға бөгет болмағанын көреміз. Мұсылман мемлекеті болып сана-

латын елдерде иудейлік және христиандық қауымдардың әлі күнге дейін сақталуы исламның күшпен таралмағанының дәлелі деп айтуға толық негіз бар. Ислам әлемге түрлі сенімді және көзқарасты ұстанатын халықтар мен адамдар арасындағы татулық, достастық келісімі туралы ілімді, адамның дінді таңдау құқығы туралы ілімді, барлық адамдар мен халықтардың теңдігі мен бауырластығы туралы ілімді алып келді.

Ислам дініндегі адамның негізгі құқықтары мен еркіндігі қасиетті Құранда Құдайдың өзі бекіткен. Ислам ілімімен таныс емес адамдарға таң қаларлық болып көрінсе де, ар-ождан және діни сенім бостандығы Құранда заңдастырылған. «Ей Пайғамбар тыңда, ақиқат Алладан келіп тұр: кім қаласа сол сенеді, кім қаламайды, сол сенбейді» [12, 18:29]. Егер осы сөздерді талдасақ, онда мәңгі өмірге деген діни жолды, діни сенім бостандығына деген құқықты көреміз. Осылайша ар-ождан және діни сенім бостандығына деген құқық ислам діні үшін қажетті шарт пен исламды насихаттаудың құралы болып табылады. Сондықтан, адамдардың ешбірі басқа адамдарды діни сенімдері үшін айыптауға құқығы жоқ. Ислам дінінің өзіне тән белгісі, жеке тіршілік етудің құндылықтарын дәріптеу, эсхатологиялық құтқарылу үшін адам өмірінің мәнділігін анықтау – ислам өркениетінің өзіндік мақсаты болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 The Future of World Religions: Population Growth Projections, 2010-2050. 02.04.2015 // <http://www.pewforum.org/2015/04/02/religious-projections-2010-2050> Сайтқа кіру уақыты: 27.09.2016 ж.
- 2 Бағашар Қ. Ислам дініндегі әйелдің орны // <http://www.islam-orkeniet.kz/> Сайтқа кіру уақыты: 01.07.2016 ж.
- 3 Али-заде А. Исламский энциклопедический словарь // Серия золотой фонд исламской мысли. – Издательство Ансар, 2007.
- 4 Миссионерский противомусульманский сборник // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890–1907.
- 5 Мюллер М. Введение в науку о религии // Классики мирового религиоведения // www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/klass/01.php Сайтқа кіру уақыты: 24.09.2016 ж.
- 6 Русско-английский словарь религиозной лексики // http://religion_ru_en.enacademic.com/ Сайтқа кіру уақыты: 27.07.2016 ж.
- 7 Садыхова А.А. Основные концепции и подходы к пониманию исламизации и реисламизации в зарубежной науке (обзор Интернет-ресурсов) // Личность. Культура. Общество. – 2009. – Т. XI. Вып. 3. – No 50. – С. 362-369.
- 8 The Preaching of Islam A History of the Propagation of the Muslim Faith T.W. Arnold MA. C.I.F Professor of Arabic, University of London, University College Second Edition Revised and Enlarged London Constable & Company Ltd. 1913
- 9 Ali Köse The assessment various factors in the spread of islam during the medieval period // Islam araştırmaları dergisi, Sayı 1, 1997. – Б. 65-89.
- 10 Eaton, Richard M. The Rise of Islam and the Bengal Frontier, 1204-1760. Berkeley: University of California Press, c1993. <http://ark.cdlib.org/ark:/13030/ft067n99v9/>
- 11 Затов Қ., Ғабитов Т., Сатершинов Б., Бағашаров Қ., Өмірбекова Ә. Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық. Энциклопедия. – Алматы, 2014.
- 12 Құран-Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы, 2015.
- 13 Paul Walker, «da 'wah: Quranic Concept,» in The Oxford Encyclopedia of the Modern Islamic World, I (Oxford: Oxford University Press, 1995), 343.

- 14 T. Janson Your Cradle is Green: The Islamic Foundation and the Call to Islam in Children's Literature. – Lund: Lund University. 2003. – Б. 59–61.
- 15 Raciun, Egdunas The multiple nature of the Islamic Dawa. – Helsinki 2004. – Б. 31.
- 16 Prof. Arvind Sharma Problematising Religious Freedom. – 2011 г. // <http://www.springer.com/series/6958> Сайтқа кіру уақыты: 10.01.2015 ж.
- 17 David Kerr, «Islamic da'wa and Christian Mission: Towards a comparative Analysis in International Review of Mission. 2000.

References

- 1 The Future of World Religions: Population Growth Projections, 2010-2050. 02.04.2015 // <http://www.pewforum.org/2015/04/02/religious-projections-2010-2050> Сайтқа кіру уақыты: 27.09.2016 ж.
- 2 Barashar Қ. Islam dinindegi әjeldiң ornı // <http://www.islam-orkeniet.kz/> Сайтқа кіру уақыты: 01.07.2016 ж.
- 3 Ali-zade A. Islamskij jenciklopedicheskij slovar' // Serija zolotoj fond islamskoj mysli. Izdatel'stvo Ansar, 2007.
- 4 Missionerskij protivomusul'manskij sbornik // Jenciklopedicheskij slovar' Brokgauza i Efrona: v 86 t. (82 t. i 4 dop.). – SPb., 1890–1907.
- 5 Mjuller M. Vvedenie v nauku o religii/ Klassiki mirovogo religiovedenija // www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/klass/01.php Сайтқа кіру уақыты: 24.09.2016 ж.
- 6 Russko-anglijskij slovar' religioznoj leksiki // http://religion_ru_en.enacademic.com/ Сайтқа кіру уақыты: 27.07.2016 ж.
- 7 Sadyhova A. A. Osnovnye koncepcii i podhody k ponimaniju islamizacii i reislamizacii v zarubezhnoj nauke (obzor Internet-resursov) // Lichnost'. Kul'tura. Obshhestvo. – 2009. – T. III. Vyp. 3. – No 50. – S. 362 – 369
- 8 The Preaching of Islam A History of the Propagation of the Muslim Faith T.W. Arnold MA. C.I.F Professor of Arabic, University of London, University College Second Edition Revised and Enlarged London Constable & Company Ltd. 1913
- 9 Ali Köse The assessment various factors in the spread of islam during the medieval period // Islam araştırmaları dergisi, Sayı 1, 1997. – B. 65-89
- 10 Eaton, Richard M. The Rise of Islam and the Bengal Frontier, 1204-1760. Berkeley: University of California Press, c1993. <http://ark.cdlib.org/ark:/13030/ft067n99v9/>
- 11 Zaton Q., Fabitov T., Satershinov B., Barasharov Q., Ömirbekova Ö. Qazaqstanıń ruhanı mädenieti. Toleranttylyq. Jenciklopedija. – A., 2014
- 12 Qıran-Kerim qazaqsha tysindirmeli audarma. – A., 2015
- 13 Paul Walker, «da'wah: Quranic Concept,» in The Oxford Encyclopedia of the Modern Islamic World, I (Oxford: Oxford University Press, 1995), 343.
- 14 T. Janson Your Cradle is Green: The Islamic Foundation and the Call to Islam in Children's Literature. – Lund: Lund University. 2003. – Б. 59–61.
- 15 Raciun, Egdunas The multiple nature of the Islamic Dawa. – Helsinki 2004. – Б. 31
- 16 Prof. Arvind Sharma Problematising Religious Freedom. – 2011 г. // <http://www.springer.com/series/6958> Сайтқа кіру уақыты: 10.01.2015 ж.
- 17 David Kerr, «Islamic da'wa and Christian Mission: Towards a comparative Analysis in International Review of Mission. 2000.

Малғараева З.Б.
**Критическое мышление
как один из принципов
философии**

В статье рассматриваются вопросы преподавания и изучения критического мышления. В первой части анализируются общие подходы и определения критического мышления в европейской образовательной парадигме. Выделяются ее основные характеристики, такие как самостоятельность, любознательность, открытость, гибкость, аргументированность, социальная направленность, рефлексивность. Утверждается мысль, что критическое мышление является одним из базисных принципов философии. На основе исторического экскурса философии софистов, Сократа, Аристотеля, Ф.Бэкона, Р.Декарта, М. Хайдеггера, Э. Фромма показывается, во-первых, что мышление как объект познания являлся особым приоритетом философии, во-вторых, критическое мышление составляет основу философского дискурса. Рассматриваются аспекты различного социокультурного контекста использования термина «критический» в англо-американской и постсоветской языковой структуре.

Ключевые слова: критическое мышление, рефлексия, образование, открытое общество, философия, мышление.

Malgarayeva Z.B.
**Critical thinking as one of the
principles of philosophy**

The article discusses the teaching and learning of critical thinking. The first part analyzes the general approaches and the definitions of critical thinking in the European educational paradigm. Its basic characteristics such as independence, curiosity, openness, flexibility, argumentation, social orientation, reflexivity are emphasized. There is a statement of the idea that critical thinking is one of the basic principles of philosophy. Based on the historical perspective of the philosophy of the sophists, Socrates, Aristotle, F. Bacon, R. Descartes, M. Heidegger, E. Fromm the article shows, first, that thinking as the object of knowledge was a special priority of philosophy, and secondly, critical thinking is the basis of philosophical discourse. Aspects of various sociocultural context of the use of the term «critical» in the English-American and post-Soviet linguistic structure are considered.

Key words: critical thinking, reflection, education, open society, philosophy, thinking.

Малғараева З.Б.
**Сыни тұрғыда ойлау
философияның негізгі
қағидаларының бірі ретінде**

Мақалада сыни тұрғыда ойлауды оқыту әдістемесі қарастырылған. Бірінші бөлімде еуропалық білім беру парадигмасындағы сыни тұрғыда ойлаудың анықтамасы және жалпы бағыттары талданған. Оның негізгі анықтамаларына, яғни дербестігі, құштарлығы, ашықтығы, икемділігі, аргументтігі, әлеуметтік бағыттылығы, рефлексивтігі атап көрсетілген. Сыни тұрғыда ойлау философияның негізгі қағидалары екендігі туралы да ой айтылған. Философияның негізін қалаушылар Сократ, Аристотель, Ф.Бэкон, Р.Декарт, М. Хайдеггер, Э. Фроммның еңбектерінен, біріншіден, ойлау философияның негізгі танымы ретінде екендігін, екіншіден, сыни тұрғыда ойлау философиялық дискурстың негізін құрайтындығын байқауға болады. «Сыни тұрғыда ойлау» терминінің ағылшын-американдық және посткеңестіктегі тілдік құрылымы әртүрлі аспектіде әлеуметтік контексте қолданылуы қарастырылған.

Түйін сөздер: сыни тұрғыда ойлау, рефлексия, білім, ашық қоғам, философия, ойлау.

**КРИТИЧЕСКОЕ
МЫШЛЕНИЕ
КАК ОДИН
ИЗ ПРИНЦИПОВ
ФИЛОСОФИИ**

Сегодня в образовательном процессе Казахстана, как и России [1], происходят важнейшие модернизационные процессы, цель которых достойное вхождение казахстанского образовательного потенциала в мировые тренды. Фактически речь идет о смене образовательной парадигмы, переориентации системы образования с «передавания знания» на то, как «получать знания и пользоваться ими». Как отмечает Е.С. Полат, «не просто усвоение знаний, а умение их творчески применять для получения нового знания, развитие самостоятельного критического мышления – вот проблема, реализация которой требует принципиального иного взгляда как на технологию обучения, так и на теорию» [2].

Университетам Казахстана предоставлена большая автономия в выборе дисциплин, в том числе из цикла общеобразовательных. Как известно, всегда легче следовать твердым правилам, нежели проявлять инициативу и брать ответственность за выбор новых академических дисциплин. В западных университетах, имеющих устоявшиеся цели и миссии, образовательные программы 1 курса представлены дисциплинами, направленными, в том числе, на формирование критического мировоззрения. Одной из таких академических дисциплин является «Критическое мышление». «Принятое Советом Европы определение пяти ключевых компетенций, которыми «должны быть оснащены молодые европейцы», включает группу компетенций, связанных с «возрастанием информатизации общества», которые предполагают «...владение способами критического осмысления информации...» [3, с. 11]. Предпосылками к необходимости внедрения явились такие современные тенденции, как постоянно расширяющееся информационное пространство, повышение роли информационных процессов в контексте открытого общества, рост числа образованных людей и др.

Другими словами, образование ставит перед собой задачу воспитания критически мыслящего человека, думающего, анализирующего, умеющего увидеть проблему и предложить различные рациональные пути её решения.

Какое же содержание вкладывается в понятие «критическое мышление»?

Темпл Ч., Мередит К., Стил Дж. утверждают, что критическое мышление работает на многих уровнях. В личностном плане критическое мышление – это поведение, основанное на здравом смысле: как рассудить и поступить логично, с учетом как своей точки зрения, так и других мнений; это умение отказаться от собственных предубеждений, понимание точки зрения другого. «Думать критически означает проявлять любознательность и использовать исследовательские методы: ставить перед собой вопросы и осуществлять планомерный поиск ответов. Критическое мышление работает на многих уровнях, не довольствуясь фактами, а вскрывая причины и следствия этих фактов. Критическое мышление предполагает вежливый скептицизм, сомнение в общепринятых истинах, означает выработку точки зрения по определенному вопросу и способность отстоять эту точку зрения логическими доводами. Критическое мышление предусматривает внимание к аргументам оппонента и их логическое осмысление. Критическое мышление не есть отдельный навык или умение, а сочетание многих умений» [4]. Д. Клустер выделяет параметры критического мышления [5]. Суммируя его идеи, можно выделить следующие:

- 1) мышление самостоятельное (доверие к себе в собственной способности рассуждать);
- 2) любознательное (заинтересованность в том, чтобы становиться и оставаться в целом хорошо осведомленным);
- 3) открытое (непредубежденность относительно отличающихся мировоззрений);
- 4) гибкое (в рассмотрении альтернатив, мнений, стереотипов, предубеждений; готовность изменения собственной точки зрения);
- 5) аргументированное (обоснованное доводами);
- 6) социальное (направлено на сохранение консенсуса и развитие общества);
- 7) рефлексивное (направленное на самоанализ).

Таким образом, критическое мышление – это своего рода «мышление о знании», которое позволяет «использовать ранее приобретённые знания, чтобы создавать новые» [6]. Во-вторых, если брать способности критического мышления в социометрическом измерении, оно развивает качества гражданина открытого демократического общества, способного и стремящегося нести ответственность за свои слова и поступки. В-третьих, вспомним фразу Д. Клустера о положительном влиянии критического мышления на

жизнь людей во всех странах. Это оптимистически ориентированное мышление.

Понимая многоаспектность и важность формирования критического мышления, большинство исследователей, в том числе и западных, принимают, что в качестве академической дисциплины она должна быть надпредметной дисциплиной и строиться на стыке трёх научных направлений. На Западе критическое мышление изучается и преподается на стыке философского, когнитивного (психологического) и прикладного направлений.

Базовым основанием критического мышления выступает процесс философской рефлексии. Процесс рефлексии является переходом от просто знания к формированию убеждений, мировоззрения, а также началом практического использования полученных знаний. Рефлексия как необходимое условие и неотъемлемая часть критического мышления нашла отражение в определении Р. Пола, директора Центра критического мышления и моральной критики в США: «Критическое мышление – это размышление о мышлении, когда вы размышляете с целью улучшить своё мышление... При этом два момента имеют определяющее значение: критическое мышление – это влекущее за собой самоусовершенствование; и это усовершенствование приходит с навыками использования стандартов корректной оценки мыслительного процесса» [7].

«Поскольку философы играют центральную роль в оценке полезности КМ для человека и общества, в анализе основных положений КМ, при разработке учебных программ для колледжей, а также в оказании помощи по внедрению КМ в учебные программы средних школ, совсем не удивительно, что Американская философская ассоциация в лице её комитета по довузовской философии проявила большой интерес к КМ и его влиянию на профессию» [8]. Американской философской ассоциацией КМ определяется как: «целеустремленное, саморегулирующееся суждение, которое завершается интерпретацией, анализом, оценкой и интерактивностью, а также объяснением очевидных, концептуальных, методологических, или контекстных соображений, на которых основано это суждение» [8]. Таким образом, «философский подход имеет целью обоснование теоретических основ применяемых методов мышления, принципов построения и категоризации «критического мышления» [1].

В рамках данных подходов философия выступает своего рода методологическим базисом и исследовательским инструментарием. Однако

акценты скорее должны быть выставлены на оборот. Критическое мышление есть один из принципов философии. За советский период философия из саморазвивающейся и рефлексивной научной мировоззренческой системы превратилась в догматичную систему. Критическое мышление философии было направлено на идейное уничтожение противников Советской власти и философское интерпретаторство действий и указаний власти. С обретением политической независимости и демократизацией общественных процессов появилась возможность научной социальной реабилитации философии, критического переосмысления философских учений и соответственно вновь обретения ею статуса «любви к мудрости».

Рефлексивность и беспристрастность философского сознания позволит вернуть критическое мышление в качестве базового принципа философского дискурса на постсоветском пространстве, которое будет адекватно времени и истории. Необходимо понимать, критическое мышление – это стиль открытого мышления, поведения и отношения, для него характерны открытость, гибкость, рефлексивность, коммуникативность, самостоятельность, мобильность, толерантность и ответственность, осознание и принятие внутренней многозначности позиций и точек зрения, альтернативности принимаемых решений. Умение мыслить критически – это не выискивание недостатков, а объективная оценка положительных и отрицательных сторон в изучаемом объекте.

Базовыми социально-философскими принципами микритического мышления являются идея открытого общества и понимание культуры как диалога равноправных цивилизаций и субъектов, то есть сосуществование различных мировоззрений при отсутствии единой, жестко заданной нормы восприятия и поведения.

Мышление как объект познания является особым приоритетом философии. Большинство философов в истории философии в той или иной степени внесли свой вклад в развитие теории мышления и его базового принципа – критического мышления. Однако формальное использование термина «критическое мышление» в социально-философском плане предложил в Юрген Хабермас, представитель Франкфуртской школы критической социальной теории.

Одними из первых в истории вклад в философское понимание мышления внесли софисты. В противоположность космоцентрическим учениям, где мышление и разум понимаются как

некие абстрактные сверх силы, в философии софистов разум впервые становится личной силой и способностью человека. Быть мудрым у софистов значит свободно мыслить, что совпадает с умением выражать свои мысли в свободной и грамотной речи [9, с. 15]. Их главное открытие было в свободе ума и речи. Появление софистики можно считать отправной точкой в появлении теории критического мышления [10].

Противником софистов (в вопросах нравственного и гносеологического релятивизма) был Сократ, который понимал мышление не просто как способ самопроявления самостоятельности личности, а, прежде всего, как способ познания и изменения бытия. Согласно Сократу правильное аргументированное мышление способно изменить бытие человека и окружающих. Сократовский способ философствования, основанный на рассуждении, аргументации, логике вопросов-ответных процедур, а также понимании мышления как способа изменения бытия внес вклад в формирование критического мышления.

Формализация логических мыслительных процедур и форм реализуется в философии Аристотеля. В его собрании трудов «Органоне» был представлен свод логических правил: учение о силлогистике, суждении, понятии, правилах определения, доказательствах, опровержении. Таким образом, Аристотель внес большой вклад в развитие самой процедуры критического мышления.

«Беспристрастный ум, освобожденный от всякого рода предрассудков, открытый Природе и внимающий опыту» – это исходные положения философии Бэкона представляют собой основные принципы современного критического мышления [11, с. 12]. Опора на опыт, борьба с «идолами» (стереотипами, авторитетами, собственными предубеждениями) заложила основы научной революции, прежде всего, в сфере мышления.

Один из важнейших принципов критического мышления был заложен в философии Р. Декарта. «Я мыслю, следовательно, я существую» – стало основой его философии [12, с. 63]. Принцип логики Декарта заключен во всеобщем сомнении, кроме самого акта мышления. Таким образом, преодоление стереотипов, ложных авторитетов, стремление доказывать очевидное, необходимость аргументированности даже общеизвестных истин внесли вклад в развитие европейской науки. Важно также, что Декарт придерживался принципа гносеологического оптимизма, согласно которому возможности по-

знания безграничны [10], что в целом также отражает установки критического мышления.

В XX веке понимание и правильное истолкование становятся важнейшими условиями сохранения бесконфликтного состояния общества. Поэтому дальнейшие философские искания во многом связаны с обращением к вопрос-ответным процедурам Сократа. «Всякий вопрос по делу – уже мостик к ответу. Ответ по существу – всегда просто последний шаг спрашивания. А он остается неисполнимым без длинного ряда первых и последующих шагов. Ответ по существу черпает свою подъемную силу из настойчивости спрашивания. Он есть лишь начало ответственности... поэтому подлинный вопрос найденным ответом и не снимается» [13, с. 43]. По существу, Хайдеггер отстаивает принципы критического мышления: любознательность, необходимость диалога, настойчивость в поиске истины, ответственность. В контексте современных гуманитарных процессов данные качества обладают статусом социокультурного императива.

В контексте сократовских вопрос-ответных процедур американский философ Э. Фромм поднимает проблему на уровень образования. Он выделяет два типа студента: первый ориентирован на обладание. Как следствие, по мнению Э. Фромма, они не стремятся к поиску нового, «ибо все новое ставит под сомнение ту фиксированную сумму знаний, которой они обладают», между ними и содержанием лекций так и не устанавливается никакой связи, они остаются чуждыми друг другу. Для второго типа студентов – главное – это взаимоотношения с миром. В образовательном процессе такие студенты не отвечают чужими мыслями. Фромм считает, что «у них рождаются новые вопросы, возникают новые идеи и перспективы. Для таких студентов слушание лекций – живой процесс» [цит. по 10]. Э. Фромм считал, что бытие – это собственно задание вопросов, новые идеи, результатом чего становится развитие самого человека.

Карл Поппер рассматривает социальные аспекты функционирования критического мышления и понимает его в качестве базисной детерминанты современного общества. В работе «Открытое общество и его враги» он выдвигает идею открытого общества, основу которого составляют принципы демократии и критического мышления индивидов. Таким образом, он перекидывает мостик между демократическим, открытым обществом и критическим мышлением. В целом эта позиция является базисной. Например, Фонд Розы Люксембург, являясь од-

ним из крупнейших центров политического образования в Германии, использует критическое мышление как идеологию в продвижении идей демократического социализма и достижения политических альтернатив [14].

Технологию критического мышления можно использовать в системе образования. «Однако при этом следует помнить, что одним из основных различий в восприятии критического мышления в США/Великобритании и постсоветском пространстве является разница в восприятии действительности: для американцев и англичан характерно *positive thinking* (позитивное мышление), в то время как для нас – *negative thinking* (негативное мышление). Американская мать, отправляя ребенка на детскую площадку, говорит ему: «Enjoy yourself!» (Играй, получай удовольствие!). А русская мать говорит: «Не балуйся!» Точно так же и слово «критический» имеет разные импликации в двух языковых культурах: в американской культуре это слово означает «важное размышление», «размышление, связанное с пронизательным суждением», а для русского менталитета картина совсем другая – это «размышление, связанное с вынесением неблагоприятной оценки, выявлением недостатков». При использовании технологии критического мышления необходимо упреждать критику ради критики, в том числе – необъективную критику студента товарищами по группе» [15].

Итак, преподавание и обучение критическому мышлению в Казахстане должно быть основано, как это имеет место в англо-американской педагогике, на философии и технологии критического мышления. Однако необходимо иметь ввиду, что европейская и американская культура мышления, помимо традиций сократических вопросов, основывается на протестантской системе ценностей – индивидуализм, индивидуальная ответственность, право индивида не просто на свою точку зрения, подкрепленную аргументами, но и на её реализацию. «Критическое мышление отражает не только языковую картину мира, но и социополитическую систему ценностей: не случайно во многих работах американских авторов присутствует фраза о том, что критическое мышление способствует распространению демократии... Таким образом, можно утверждать, что критическое мышление является не только философским подходом к образованию и педагогической технологией, но также идеологией и культурным феноменом» [15]. Таким образом, чтобы критическое мышление стало принципом мышления и стилем поведения, важны совместная продуктивная дея-

тельность всех структур общества. Критическое мышление представляет собой всепроникающее и самоулучшающееся гуманитарное явление, по-

этому оно раскрепощает систему образования и предоставляет большие возможности для личной и общественной жизни [8].

Литература

- 1 Москвская Н.Л., Муякина В.П. Критическое мышление как образовательная ценность // www.t21.rgups.ru/archive/doc2010/4/15.doc
- 2 Полат Е.С. Проблемы образования в канун XXI века // Интернет-журнал «Эйдос», 1998. <http://www.eidos.ru/journal/1998/1111-07.htm>
- 3 Hutmacher W. Key competencies for Europe//Report of the Symposium Berne, Switzerland 27–30 March, 1996. Council for Cultural Co-operation (CDCC): Secondary Education for Europe. – Strasbourg, 1997.
- 4 Темпл Ч., Мердит К., Стил Дж. Пособие «Как учатся дети: Свод основ».
- 5 Клустер Д. «Что такое критическое мышление?» // «Перемена». – 2001. – № 4.
- 6 Fisher A. Critical Thinking. An Introduction. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – № 5. – Р. 6.
- 7 Paul R. Critical Thinking: What Every Person Needs to Survive in a Rapidly Changing World. – Rohnert Park, CA: Center for Critical Thinking and Moral Critique, Sonoma State Univ. – 1990. – 8. – С. 91.
- 8 Критическое мышление: отчёт об экспертном консенсусе в отношении образовательного оценивания и обучения (Дельфи-доклад) // <http://evolkov.net/critic.think/basics/delphi.report.html>
- 9 Медведев А.Ф. Добро и зло в воззрениях софиста // Вестник Русского Христианского гуманитарного института. – СПб., 2001. – Вып. 4. – С. 372-397.
- 10 Королева А.В. Философские аспекты критического мышления // Психологическо-педагогический журнал Гаудеамус. – № 1 (17). – 2011.
- 11 Бэкон Ф. Соч.: в 2 т. – Т.2. – М., 1978.
- 12 Асмус В.Ф. Декарт. – М., 2006
- 13 Хайдеггер М. Что зовется мышлением? – М., 2006.
- 14 Ивунина Е.Е. О различных подходах к понятию «критическое мышление» // Молодой ученый. – 2009. – № 11. – С. 170-174.
- 15 Воевода Е.В. Критическое мышление как культурный феномен / Е.В. Воевода // Язык и коммуникация в контексте культуры: Сборник статей по материалам 7-й Международной научно-практической конференции, 21–22 мая 2012 года / отв. ред. С.В. Лобанов, Е.В. Воевода. – Рязань: РГУ им. С.А. Есенина, 2012. – С. 120-126. // <http://mgimo.ru/upload/iblock/014/014421a281e2f342139de20bdc53283c.pdf>

References

- 1 Moskovskaja N.L., Mujakina V.P. Kriticheskoe myshlenie kak obrazovatel'naja cennost' // www.t21.rgups.ru/archive/doc2010/4/15.doc
- 2 Polat E.S. Problemy obrazovaniya v kanun XXI veka // Internet-zhurnal «Jeidos», 1998. <http://www.eidos.ru/journal/1998/1111-07.htm>
- 3 Hutmacher W. Key competencies for Europe//Report of the Symposium Berne, Switzerland 27–30 March, 1996. Council for Cultural Co-operation (CDCC): Secondary Education for Europe. – Strasbourg, 1997.
- 4 Tempel Ch., Meredit K., Stil Dzh. Posobie «Kak uchatsja deti: Svod osnov».
- 5 Kluster D. «Chto takoe kriticheskoe myshlenie?» // «Peremena». – 2001. – № 4.
- 6 Fisher A. Critical Thinking. An Introduction. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – № 5. – R. 6.
- 7 Paul R. Critical Thinking: What Every Person Needs to Survive in a Rapidly Changing World. – Rohnert Park, CA: Center for Critical Thinking and Moral Critique, Sonoma State Univ. – 1990. – 8. – S. 91.
- 8 Kriticheskoe myshlenie: otchjot ob jekspertnom konsensuse v otnoshenii obrazovatel'nogo ocenivaniya i obuchenija (Del'fi-doklad) // <http://evolkov.net/critic.think/basics/delphi.report.html>
- 9 Medvedev A.F. Dobro i zlo v vozzrenijah sofista // Vestnik Russkogo Hristianskogo gumanitarnogo instituta. – Spb., 2001. – Vyp. 4. – S. 372-397.
- 10 Koroleva A.V. Filosofskie aspekty kriticheskogo myshlenija // Psihologicheskoe-pedagogicheskij zhurnal Gaudeamus. – № 1 (17). – 2011.
- 11 Bjekon F. Soch.: v 2 t. – T.2. – M., 1978.
- 12 Asmus V.F. Dekart. – M., 2006
- 13 Hajdegger M. Chto zovetsja myshleniem? – M., 2006.
- 14 Ivunina E.E. O razlichnyh podhodah k ponjatiju «kriticheskoe myshlenie» // Molodoy uchenyj. – 2009. – № 11. – S. 170-174.
- 15 Voevoda E.V. Kriticheskoe myshlenie kak kul'turnyj fenomen / E.V. Voevoda // Jazyk i kommunikacija v kontekste kul'tury: Sbornik statej po materialam 7-j Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, 21–22 maja 2012 goda / otv. red. S.V. Lobanov, E.V. Voevoda. – Rjazan': RGU im. S.A. Esenina, 2012. – S. 120-126. // <http://mgimo.ru/upload/iblock/014/014421a281e2f342139de20bdc53283c.pdf>

Сейдухаммед Абдунаим

**Әл-Баззәзидің «Жария зікірге
байланысты мәселелер» атты
шығармасы және оның берген
фиқһтық үкімі**

Seidmukhammed Abdunaim

**Work of Al Bazzazi «Questions
related Zhariya Zikir» and his
and fiqh verdicts**

Сейдмухаммед Абдунаим

**Работа Аль-Баззәзи «Вопросы,
связанные с Жария зикир» и
его фикх приговоры**

Бұл зерттеуде әл-Баззәзидің «Жария зікірге байланысты мәселелер» атты еңбегіндегі Ханафи мәзһабы ғұламаларының фиқһтық көзқарастары талданады. Жария зікірге қатысты әл-Баззәзидің келтірген дәлелдері және оның берген фиқһтық үкімі зерделенеді.

Түйін сөздер: зікір, шуқәқ, нифақ, қиям, кууди, салудың дарб-асма, дауран, сама, ракс, ара-зікір, қылует, хат-хажаган, фатуа, иждиһат.

In this study were analyzed the views and issues of fiqh scholars hanafit school of thought in the work of Al Bazzazi «Questions related Zhariya Zikir». Presented evidence of Al-Fiqh Bazzazi and fiqh verdicts on the basis of Zhariya Zikirov will be studied.

Key words: zikr, gleam, nifaq, kiyam, quudi, dauran, sama, raqs, ara-zikr, qyluet, khat-khazhagan, fatua, igtihad.

В этом исследовании проанализированы фикхи взгляды и вопросы исследователей ханафитского мазхаба в работе Аль-Баззәзи «Вопросы, связанные с Жария зикир». Приведенные фактические данные Ал-Баззәзи и его фикх приговоры на основе Жария зикир подробно исследованы и изучены.

Ключевые слова: зикр, луч, нифак, киям, кууди, дауран, сама, ракс, ара-зикр, кылует, хат-хажаган, фатуа, иджитһад.

**ӘЛ-БАЗЗАДИҢ
«ЖАРИЯ ЗІКІРГЕ
БАЙЛАНЫСТЫ
МӘСЕЛЕЛЕР» АТТЫ
ШЫҒАРМАСЫ ЖӘНЕ
ОНЫҢ БЕРГЕН
ФИҚҰТЫҚ ҮКІМІ**

Кіріспе

XIV ғасырда ғұмыр кешкен Хафизуддин Мұхаммед б. Мұхаммед әл-Баззази әл-Кердери Ислам әлеміне көптеген еңбектерімен танымал фикһ білгірі. Әл-Баззази Ханафи мәзһабы бойынша өз заманына сай иждиһат (үкім) жасаған ғұлама. Алтын Орданың астанасы Сарайда, Қырым мен Бұлғар қалаларында фақиһ-қазы қызметін атқарған. Алтын Орда құлдырай бастағанда, Осман мемлекетіне барып, сонда өмірінің соңына дейін ғылыммен шұғылданған. Ол негізінен «Фатауатул Баззазия» атты шығармасымен көпшілікке танымал. Дегенмен, әл-Баззазидің ғылыми айналымға әлі еңбеген трактаттары бар. Соның бірі әл-Баззазидің «Жария зікірге байланысты мәселелер» атты еңбегі болып табылады.

Әл-Баззазидің «Жария зікірге байланысты мәселелер» атты бұл еңбегі Сауд Арабиясының ар-Рияд қаласының кітапханасынан табылды. Ғылыми шығарманың мазмұны сопылық ілімдегі зікірді қамтығанмен, негізінен зікір салудың фикһтық үкіміне көбірек басымдық берілген. Яғни, фикһ ілімінің ғибадат бөлімі, оның ішіндегі жария зікір салу ритуалы фикһтық тұрғыда жан-жақты талданған.

Негізгі бөлім

Еңбектің алғашқы беті «Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Адамзат баласына тура жолды көрсету үшін әрі рақымшылығынан күннің шуағындай нұр болған, мүшріктерге ұнамаса да басқа діндерді толықтырушы елшісін жіберген, Алланы есіне алып, өз нәпсісімен күресуші құлдарын жаңсақ пікірлерден, керағар әрекеттерден, адасушылықтан аман сақтау үшін ғұламаларды жіберген Алла тағалаға мақтаулар болсын. Әуелгі және кейінгілердің әрі біздің жол көрсетуші басшымыз болған Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын» [1], – деген беташар сөзбен басталған.

Одан ары қарай: «Шариғатта зікір ету бар, оны жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен зікір айтудың шарттары бар, ол жария және жасырын болады. Сонымен бірге жария зікірдің

өзінің де шарттары бар» [1], – деп зікір салудың формалары мен алғышарттары бар екенін жеткізеді.

Шынтуайтында, шарифатта зікір салу қимыл бойынша қиями (аяқта тұрып) және қууди (отырып), ал дыбысы бойынша жария және жасырын болып бөлінеді [2. 47 б.]. Осыған байланысты Ислам елдерінде зікір салудың дарб-асма, дауран, сама, ракс, ара-зікір, қылуат, хат-хажаған [3. 121 б.] т.б. түрлері кең тараған. Зікір салудың осы ритуалдарына қатысты фикһ ғалымдары әртүрлі үкім берген. Ал, әл-Баззиді бұл еңбегінде Ханафи мазһабы бойынша жария зікірді талқылап, оған оң үкім беруге тырысып баққан.

Әл-Баззиді тақырыпқа кірмей тұрып, зікір салудың діни мән-маңызын былайша ашып көрсеткен: Құрметті бауырларым, Алланы зікір етіп еске алу тілмен, жүрекпен, жасырын, жария, құпия айтылуы жөнінде шарифи тұрғыдан дұрыс екендігі белгілі. Алла тағала бізді әһли шуқак (адасқан топ) және әһли нифак (екіжүзді топ) ақидасынан сақтасын. Негізінде бұл Аллаға итағат етудің, ғибадат етудің шыңы болып есептеледі. Бірақ мынадай шарттары болу керек: Аллаға деген сүйіспеншілік пайда болатын дәрежеде әрдайым ықыласпен ішкі жан дүниесінің бірлесуі, осы уақытта анасынан жаңа туған бейкүнә сәбидей болып, нәтижесінде махаббат, мағрифаттың жемісін көреді. Негізінде логикалық тұрғыдан ойланар болсақ, кімде кім бір нәрсені қатты жақсы көрсе оны әрдайым ойлап жүреді. Сондай-ақ бәр нәрсені білгісі келсе, оны да көп айтып жүред. Саған ашықтап түсіндірер болсам, егер бір сенің ішкі дүниең тазарса әрі іс-әрекетің соған сай болса, ол кезде сенің Исламға деген құштарлығың артады. Жолың оңынан болып, Алланың арқасында дәрежең көтеріледі [1].

Бұл жерде әл-Баззиді зікірдің шарифатқа қайшы емес екендігін алға тарта отырып, зікір салуды Құдайға деген құлшылықтың шыңына балайды. Әрі зікірді күнәдан арылып, пәктікке бөленудің амалына жатқызады. Өз пікіріне қисынды өлшем етіп алып, «кімде кім бір нәрсені қатты жақсы көрсе оны әрдайым ойлап жүреді. Сондай-ақ бәр нәрсені білгісі келсе, оны да көп айтып жүреді» [1] деп ой қорытады. Жүрек пен амал ұштасса, мақамың артып, рухани кемелденуге жол ашылатынын: «ол кезде сенің Исламға деген құштарлығың артады. Жолың оңынан болып, Алланың арқасында дәрежең көтеріледі» деген байламмен жеткізеді.

Әл-Баззидің зікір хақындағы ой-тұжырымы әһли-сунна сенімімен шарифатқа қайшы емес.

Зікірдің рухани тазаруға баулитынын, оның мәні Аллаға деген шексіз сүйіспеншіліктен тұратынын насихат қылған. Бұлайша зікір туралы ой қорыту Орта ғасырлық классикалық ғұламалардың көпшілігіне тән [4. 332 б.]. Әл-Баззиді де уақыт принципіне сай өз дәуірінде бекіген діни анықтамаларды құптаған.

Әл-Баззиді шығарманың негізгі тақырыбын былайша қаузады: «Діндегі жасалған әрбір амалдың өзінің негізгі бір орны бар. Бұл амалдар кейде жасырын, кейде жария жасалады. Шарифат негізгі қағидалары осы екі амалға барып тіреледі. Екеуінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Мысалы Исламдағы бес парыз: иман келтіру, намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау, қажылық амалдары. Осы бес парыздың бірі жария жасалса, кейбіреулері жасырын болғаны абзал. Бұған байланысты Алла тағала Құранда былай дейді: «Сондай амалдарын күндіз-түні көмес және көрінеу Алла жолында жұмсағандар, сонда оларға Раббыларының сыйлықтары бар. Сондай-ақ оларға қорқу жоқ және әрі олар қайғырмайды» (Бақара сүресі 274 аят) [1].

Яғни, әл-Баззиді Құран аятын негізге ала отырып, діни амалдарды шартты түрде жария және жасырын болады деп жіктейді. Ол осы тұста Ханафи мазһабы бойынша жария зікірдің үкімдеріне тоқталады. Атап айтар болсақ, Имам Ағзам Әбу Ханифа мен оның шәкірттері Имам Юсуп, имам аш-Шайбани және имам ән-Насафи, имам Тахауи, Қауамиддин Итқанидің көзқарастарын төсендегідей талдайды:

«Абу Ханифа жария зікірді макруһ деді. Имам Абу Ханифа мазһабының бұл мәселедегі негізгі пікірі айқын болады емес пе? Халыққа берілетін пәтуаны айтар болсам, былай жауап берер едім: Абу Ханифа және оның екі шәкірті Рамазан айтындағы намазға келе жатқанда жария зікір айтуды келтірген. Бұл Абу Бакр әл-Разиден келген. Дегенмен Тахауидің шархында Абу Ханифаның тәкбірді жария айтуға болмайтындығы келеді. Шарифаттың негізіне келер болсақ, Құранда Алла тағала: «Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер» (Ағраф 55 аят).

«Раббыңа ішіңнен жалбарына қорыққан түрде бәсең сөзбен ертелі-кеш зікір ет» (Ағраф 205 аят).

Хафизуддин әл-Нәсәфи осы аяттарға сүйене отырып, жария зікірдің макруһ екендігін айтады. Бұдан шығатыны жалпы Алланы жария зікір ету макруһ деген мәселе шығады. Осы себепті Имам Тахауи ораза айтындағы намазға бара жатқанда айтылатын тәкбірді жария айтылуына ешқандай

кедергі жоқ дейді. Бұны Қауамиддин Итқани Һидаяның шархында айтқан» [1].

Макрұһтың шариғаттағы үкіміне келетін болсақ, күнә емес, бірақ дініміз үшін сүйкімсіз жәйттарды айтамыз. Макрұһ үкімі таһриман және танзиһан болып бөлінеді. Таһриман макрұһ деп харамға жақын әрекеттерді айтамыз. Мысалы, темекі шегу, ер адамның алтын тағуы т.б. Ал, танзиһан макрұһ деп жауапкершілігі ауыр емес әрекеттерді айтамыз. Мысалы, екінті намазынан кейін нәпіл намазын оқу, пияз бен сарымсақ жеу т.б. әрекеттер жатады [5. 35 б].

Жоғарыдағы жария зікірге қатысты Ханафи ғұламалары макрұһ деген үкім берген. Ал, жария зікір таһриман макрұһ пе, әлде танзиһан макрұһ пе дегенге келетін болсақ, ғұламалар Құдайға жасалған құлшылықтарды таһриман макрұһке жатқызбаған. Әл-Баззази: «Негізінде жария зікір ету абзал, ұйықтап жатқа кісіге, намаз оқып жатқан немесе басқа адамға зияны тимейтін болса. Кейде ол жанындағы адамға пайдасы болуы мүмкін. Өзің айтып отырған зікірді басқа адам естісе де пайдасы болады. Сол зікірдің дауысы ұйықтап жатқан адамды оятуы мүмкін. Жария зікір етуден мақсат ол Құран оқуы мүмкін, діни дәріс өтуі мүмкін, момын-мұсылмандарға дұға жасауы мүмкін. Осы әрекеттер жария зікірге жатады әрі ұйықтап жатқан адам оянса, пайда алады» деген көзқарасты білдіреді. Яғни, бұл ой-пікірден жария зікірді харамға жақын макрұһ деп айта алмаймыз.

Әл-Баззази өзінің бұл ұстанымына шариғат бекіткен ғибадаттардан көптеген мысалдар берген. Мысалы, Құран Кәрімдегі ораза тұтудың парызы болғанын білдіретін үкімдегі: «Әрі Алланы ұлықтаңдар (тәкбір айтыңдар)» (Бақара сүресі 185 аят) – деген аятты былайша дәлелге алады:

«Бұл жердегі дәлел ораза біткен соң тәкбір айту жайлы әмір келгендігін көреміз. Демек тәкбір айтумен толық болып есептеледі. Қинйятул фатауада тәкбірді жария айтуды бидғат, осы жасауға бұйырылмаған, тыйымда салынбаған деп айтқан. Менің пікірім Алла тағала тәкбірді діннің бір белгісі етті» [1].

Әл-Баззази жария зікірдің дәлеліне құлшылықтың төресі саналған намаздан да мысалдар береді:

«Намаздың да негізгі кілті (такбирул ифти-тах) етті. Намаздың ішіндегі қимылдардың ауысуында да тәкбір бар. Азан айтылғанда тәкбірдің айтылуы намаз уақытының кіргендігінің белгісі. Қамат түсірген кезде тәкбір айтылып, имам намаз бастайды» [1].

Ислам дініндегі маңызды құлшылықтардың бірі Құрбан шалу екендігі белгілі. Әл-Баззази осы Құрбан құлшылығын атқаратын күндердегі «ташрик» айтуды да жария зікірдің дәлеліне жатқызады:

«Құрбан айттың «ташрик» күндері айтылатын тәкбірдің де өзіне лайықты мағынасы бар. Демек Алла тағала осы тәкбірдің әрбірін белгі етіп қойды. Демек осы құлшылықтардың тысындағы әрекеттердің барлығында тәкбірді жария айту бидғат екендігін көреміз. Мысалы духа намазында тәкбір айтылмайды. Осы себепті тәкбірлердің барлығын жария айта алмаймыз. Алла тағала Құранда былай дейді: «Әй мүміндер! Алланы өте көп зікір етіңдер. Оны ертелі-кеш пәктендер» (Ахзаб 41-42 аяттар) [1].

Жалпы жария және жасырын зікір айтудың формасы басқа болғанымен, мазмұны бір, Алланы еске алуда. Жария және жасырын зікірдің сыртқы пішініне қарап, бірінен бірін жоғары немесе төмен қою әбестік. Тек, жария зікір мен жасырын зікірдің әрбір құлшылықта өз реті бар. Осы тәртіпті сақтаса, жария немесе жасырын зікірді қателік деп айта алмаймыз. Әл-Баззази де жария және жасырын зікірді ажыратудан гөрі синтездеуге ұмтылған. Осы тұрғыдағы ойын ол былайша жеткізеді:

«Жария зікір етуді теріске шығара алмаймыз. Бұл мәселеде әр бір зікірдің ерекшеліктеріне мән беру керек. Егер макрұһ болса, оның негізгі астарына қарауымыз керек. Ол жалпы зікір ме әлде жалпы зікір емес пе? Жария зікірдің де екі түрі бар. Біріншісі жәй ғана сыбырлап, екіншісі дауысты қаттырақ шығарып зікір айту. Дауысты қатты шығару зікірге жатпайды. Жәй сыбырлап айту да жари зікірге жатпайды. Бір істі бастар уақытта «Бисмиллә» деп бастау, таң қалғанда «субханалла» деп айту, Исламды қуаттау үшін «Лә иләһә иллалла» деп айту, өлім аузында жатқан адамға иман үйіру секілді амалдарды ешкім макрұһ деп айтқан емес. Бұл жердегі жеккөріністілік басқа әрекеттерде. Мысалы дауысты қатты көтеру, бақыру, қасындағы адамдарды мазалайтындай әрекет макрұһ болып есептеледі. Бұл әрекеттер ақылға қонымды әрі Құраннан дәлел келтіруге де болад: «Намазда жариялап та, құпиялап та оқыма, осының арасындағы жолды ұста» (Исра сүресі 110 аят) [1].

Діни-уасит (орта жол) – әрбір мәселеде, тіпті құлшылық ету де қажет өлшем. Мұсылман орта жолдың өзегінен тайқыса, сауапқа кенелу былай тұрсын, күнәға батуы әбден мүмкін. Жария және жасырын зікір салуда да ортасын ұстану аса

маңызды. Әл-Баззәзи оған қатысты мына риуаятты негізге алады:

«Бір күні пайғамбардың сахабалары тауап жасап жатып Әбу Бәкрдің таһажжуд намазында Құранды ішінен оқығандығын көреді. Ал Омар болса дауыстап оқиды. Биләл болса екеуін де жасайды. Пайғамбарға келгенде осы көргендері жайлы сұрайды. Әбу Бәкір: «Мен кімге құлшылық етсем, Ол мені естиді» деді. Омар: «Шайтанды қуып жатырмын» деді. Биләл: «Мен жәннат бақшаларын аралап, бірінен екіншісіне өтіп жатырмын» деді. Сондай пайғамбар Әбу Бәкірге даусыңды шығарып оқы деді. Омарға жәй оқы деді. Биләлға «бір сүрені бастасаң оны аяқта, намазыңды қатты дауыстап оқыма» деп айтты. Даусыңды көтер дегеннен «жасырып оқыма» деген мағына шығады. Өйткені Алла тағала құранда былай дейді: «Намазда жариялап та, құпиялап та оқыма да осының арасындағы жолды ұста» (Исра сүресі 110 аят.). Аяттағы даусыңды шығарып оқыма (жариялап) дегеннен мақсат Құрандағы аятқа амал қылған болып есептеледі. Өйткені Құранның бір аяты екінші бір аятты тәпсірлейді. Дұғаға қатысты болған аяттар, мысалы: «Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер» (Ағраф 55 аят) деген аят Алла тағаланы зікір еткенде барлығын жасырын жаса деген мағынаға келмейді. Себебі дұға зікірден маңызды. Демек дұға жасағанда дауыстап айту, зікір айтқанда дауысты шығарып айту деген мағына бермейді [1].

Шынтуайтында, зікірдің нысаны – Алла құлының жүрек үнін дәйім ести алатын ас-Самиғ (естуші). Ол үшін Жаратушыға арақашықтық маңызды емес. Хақ-Тағаланың естуіне ешнәрсе кедергі келтіре алмайды. Бұл хақында әл-Баззәзи ойын былайша сабақтап, Құраннан дәлел келтіреді:

«Егер «Раббымыз жақын жерде ме сыбырлап сөйлейтіндей, әлде алыста ма айқайлап шақыратындай» деген сұраққа байланысты Алла тағала мынадай аят түсірген:

«Егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: «Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине тура жол тапқан болар еді» (Бақара 186 аят.)

Бұл жерде Алла тағала алыста ма әлде жақында ма деген сұраққа жауап берер болса, жоғарыдағы аятта оның жауабы келген. Аятта «Өте жақынмын» деп айтылған. Алла тағаланың жақын болуы, адамның Алланы дауыстап шақыруға рұқсат бермеуіне дәлел болмайды.

Егер шақырушы «Йа Алла» деп айтса, алыстан тұрып айқайлағандай болушы еді. Бірақ бұл олай емес» [1].

Әл-Баззәзи зікір туралы талдау жасай келе, жария зікірдің абзал болатын сәттерін, артықшылықтарын төмендегіше сөз етеді:

«Негізінде жария зікір ету абзал, ұйықтап жатқа кісіге, намаз оқып жатқан немесе басқа адамдарға зияны тимейтін болса. Кейде ол жаныңдағы адамға пайдасы болуы мүмкін. Өзің айтып отырған зікірді басқа адам естисе де пайдасы болады. Сол зікірдің даусы ұйықтап жатқан адамды оятуы мүмкін. Жария зікір етуден мақсат ол Құран оқуы мүмкін, діни дәріс өтуі мүмкін, момын-мұсылмандарға дұға жасауы мүмкін. Осы әрекеттер жария зікірге жатады әрі ұйықтап жатқан адам оянса пайда алады. Кімде-кім базарда дүние істерімен шұғылданып жатқан адамдардың арасында тасбих немесе таһлил айтатын болса, жеке өзі немесе адамдардың арасында айтқаны дұрыс па? Осының қайсыбірі абзал және айырмашылығы неде? Алланы естен шығарып дүние ісімен айналысып кеткен адамдар арасында тасбих айту Алла жолында күрескенмен тең. Жалпы құран оқу тасбих, зікір айтудан абзал. Құран оқудың өзі дұға, бұған тең келетін ешнәрсе жоқ» [1].

Әл-Баззәзи «Жария зікірге байланысты мәселелер» атты еңбегін Орта ғасырлардағы ислам дәстүрге сай беташарын «бисмилламен» бастап, сөз түйінін барша мұсылманға былайша дұға айтумен аяқтаған:

«Пайғамбардың отбасынан мынадай дұға келген:

Аллаһым сенен нығметтің толығын, сақтанудың жалғасын, рахымшылықты кеңінен, денсаулықты молынан, өмірдің берекелісінен, бақытты ғұмыр, жақсылықтың, нығметтің пайдалысын, фазилеттің тәттісін, мейірімділікті кеңінен бере гөр. Аллаһым бізге көмек бер, біздің дұғаларымызды қайтара көрме! Аллаһым соңымызды қайырлы ет. Мақсаттарымызды артығымен бер. Күніміз бен түнімізді тыныш ет. Сенің рахметіңе баратын жолымызды ашық ет. Күнәларамызға мейірімді жаңбырдай жаудыр. Кемшіліктерімізді түзеуге күш қуат бер. Тақуалықты азығымыз ет. Дінде ыждахаттылықты нәсіп ет. Саған тәуекел еттік, тура жолдан айырма. Қияметте өкінішке себеп болатын амалдардан сақта. Біздің жүгімізді жеңілдет, өмірімізді бақытты ет. Жамандардың жамандығынан сақта. Біздің, ата-аналарымызды, ұстаздарымызды қарыздан, зұлымдықтан, тозақтың отынан құтқара гөр. Әмин [1].

Қорытынды

Әл-Баззази «Жария зікірге байланысты мәселелер» атты еңбегінде шариғаттың ғибадат бөліміндегі бір детальді (жария зікір) ғана қарастырса да, тақырыпты терең талдап, оның мәнін жан-жақты аша білген. Ханафи мәзһабы ғұламаларының жария зікірді макрұһ деген үкімін негізге ала отырып, оған қарсы өзінің айшықты дәлелдерін келтірген. Әл-Баззази зікір туралы талдау жасай келе, жария зікірдің артықшылықтары мен ерекшеліктерін тізбектеп қалың мұсылман жұртына «Негізінде жария зікір ету абзал, ұйықтап жатқа кісіге, намаз оқып жатқан немесе басқа адамарға зияны тимейтін болса. Кейде ол жанындағы адамға пайдасы болуы мүмкін. Өзің айтып отырған зікірді басқа адам естісе де пайдасы болады. Сол зікірдің даусы ұйықтап жатқан адамды оятуы мүмкін. Жария зікір етуден мақсат ол Құран оқуы мүмкін, діни дәріс өтуі мүмкін,

момын-мұсылмандарға дұға жасауы мүмкін» деп атап көрсеткен.

Әл-Баззази жария зікірге қатысты білдірген тағы бір маңызды пікірі – жария және жасырын зікір салуда басқа құлшылық-ғибадаттардағыдай орта жолды ұстану аса маңызды. Ол жария зікір шариғат бекіткен деңгейде айтылса, оның сөкеттігі жоқ екенін, қайта өзгелерді имандылыққа шақыратын өнегесі мол амал екенін алға тартқан. Анығында, Ханафи ғалымдарының көпшілігі жария зікірді макрұһ деген фатуаға тоқтаған. Алайда, әл-Баззазидің Ханафи мектебінің өкілі бола тұра, жария зікірдің хақ екеніне көптеген дәлелдер келтіріп, оны жақтап үкім беруі мәзһаб үшін бұл сөзсіз жана иждиһат (үкім) еді. Әл-Баззази расында да өз заманында ғылымда кемелдікке жетті және өз елінде атағы шықты. Махмұт әл-Кафауидің айтуынша, «ғалымдар оның біліміне, қабілетіне таң қалатын. Сол себепті де ол туралы жұрт арасында жақсы пікір тарады» деді.

Әдебиеттер

- 1 Хафизуддин Мұхаммед б. Мұхаммед әл-Баззази әл-Кердери. «Жария зікірге байланысты мәселелер». Қолжазба. Әр-Рияд кітапханасы.
- 2 Сүлейман Атеш. Ислам тасаууфы. – Анкара, 1972.
- 3 Осман Түрер. Тасаууф тарихы. – Истанбул, 1995.
- 4 Имам Ғазали. Һимая Саадет. – Истанбул, 1991.
- 5 Зайдан А. Аһкамүл-з Зиммин уа Муста’минин фи дарул ислам. – Бағдат, 1963.

References

- 1 Hafizuddin Muhammed b. Muhammed al-Bazzazi al-Kerderi. «Zhariyazikirgebailanystymaseleler». Qolzhazba. Ar-Riyad-kitaphanasy.
- 2 dr. SulyemanAtesh. Islam tasauufy. – Ankara. 1972.
- 3 Osman Turer. Tasauuftarihy. – Istanbul. 1995.
- 4 imamGazali. HimaiyaSaadet. – Istanbul. 1991.
- 5 Zaidan A. Ahkamul-z ZimminuaMusta’minin fi darulislam. – Bagdad. 1963.

Сүлейменов П.М.
**Әл-Фарабидің білім және
білімді берудің маңыздылығы
туралы ойлары**

Бұл мақалада әл-Фарабидің философиялық жүйесіндегі білім мен педагогика мәселесі әлеуметтік феномен ретінде жан-жақты қарастырылады. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ерте жастан бастап дайындалатынын растайды. Білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы әл-Фарабидің ойынша, белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады.

Әл-Фараби, білім алу мақсаттарының барлығы үйрену мен тәжірибені бірдей деңгейде біріктерді: кез келген алынған теориялық білім тәжірибе жүзінде іске асырылуы тиіс деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: білім беру, теория, тәжірибе, саяси көшбасшы, моральдық, жеке тұлға, педагогикалық, интеллектуалды білім, дидактика.

Suleimenov P.M.
**Al-Farabi's thoughts of
importance of teaching and
knowledge**

In this article as a social phenomenon problems of education and pedagogics in philosophical system of Al-Farabi are versatily considered.

This phenomenon is closely connected with soul of the person and also confirms that each person since early years is going to become the member of society, to reach the level of perfection, and as a result to achieve the set goal. According to Al-Farabi, all activity directed on education is an of the person of values, knowledge and practical opportunities in society, in some period of time. If a main goal of education is achievement of perfection by the personality, the human life purpose in the world – to achieve the highest level of happiness – absolute good.

Al-Farabi unites all levels of knowledge and practice in the purpose of receiving knowledge: any received theoretical knowledge has to be put into practice.

Key words: Education, theory, practice, political leader, moral, personality, pedagogical, intellectual knowledge, didactics.

Сулейменов П.М.
**Значимость образования и
обучения по взглядам
аль-Фараби**

В этой статье в качестве социального феномена разносторонне рассматриваются проблемы образования и педагогики в философской системе Аль-Фараби. Этот феномен тесно связан с душой человека, а также подтверждает, что каждый человек с ранних лет готовится стать членом общества, достичь своего уровня совершенства, а в результате и поставленной перед собой цели. По мнению Аль-Фараби, вся деятельность, направленная на образование, является осваиванием человеком ценностей, знаний и практических возможностей в обществе, в каком-то периоде времени. Если главной целью получения образования является достижение личностью совершенства, то цель жизни человека в мире – добиться высшего уровня счастья – абсолютного добра.

Аль-Фараби объединяет все уровни познания и практики с целью получения знания: любое полученное теоретическое знание должно применяться на практике.

Ключевые слова: образование, теория, практика, политический лидер, моральный, личность, педагогический, интеллектуальное знание, дидактика.

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ
ЖӘНЕ БІЛІМДІ
БЕРУДІҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ
ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ**

Ғасырлар бойы ойшылдар адам өзі өмір сүріп жатқан дәуірімен үйлесімділікте болу үшін, қоғамда өз орнын табу үшін және нәтижесінде өзі мен қоғамға пайдасын тигізер азамат болу үшін нені үйренуі қажет деген мәселені алға тартқан. Осыдан келіп білімнің қажеттілігі туындағаны анық.

Дегенмен, білім және ғылыми таным жайлы түсініктер алуан түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы болып келетіндері де баршылық. Сондай ойшылдардың ішінде білімнің, сонымен қатар педагогика ғылымының қалыптасып, дамуына үлкен үлесін қосқан философтардың бірі Әбу Насыр әл-Фарабидің ойлары мен ілімдері жоғары маңыздылыққа ие. Көптеген ғалымдар бұл ойшылдың логикалық, метафизикалық және саяси ғылымдарға қосқан үлесіне көбірек көңіл аударғанына қарамастан, оның әсерлі Платонның еңбектерін негізге ала отырып, зерттеген білімге деген құштарлығын жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950 ж. ш.) – әскербасының отбасында дүниеге келген әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Әл-Фараби Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Мұндай білім жолының нәтижесі ретінде әл-Фараби философиялық ойларын тұжырымдай келе «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама [1].

Әл-Фарабидің әлем мен адамзатты түсінуге, соңғының әлемдегі орнын анықтауға және дүние мен қоғамның толық интеллектуалды бейнесіне қол жеткізуге деген құштарлығы зор болды. Ойшылдың интеллектуалды мұрасы тікелей антикалық философия өкілдері, оның ішінде Платон мен Аристотельдің философиялық ілімдері мен аудармаларына толы, сонымен қатар, өзінің көптеген ғылым салалары бойынша еңбектері де жетерлік. Ғалымдардың пайымдауынша, әл-Фарабидің жетпістен жүз алпысқа дейін трактаттары бар [2].

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде білім және педагогика элеуметтік феноменнің бірі болып табылған. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ерте жастан бастап дайындалатынын растайды.

Әл-Фарабидің тікелей білім мен педагогика жайлы ерекше арналып жазылған еңбектерінің болмауына қарамастан, оның «Бақытқа жолды бағыттау», ««Интеллект» сөзінің мағынасы туралы», «Философияны үйренуге дейінгі алғышарттар туралы», «Азаматтық саясат» және тағы басқа философиялық ойларын жете меңгерген адам олардан анық педагогикалық ілім элементтерін аңғаруға болатынына көз жеткізе алады.

Білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы әл-Фарабидің ойынша, белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады.

Мүлтіксіз тұлға, әл-Фарабидің ойынша, интеллектуалды білімін қорытындылайтын теориялық ізгілік пен рақымшылықты, адамгершілікке толы тәрбиенің кемеліне жеткен тәжірибелік ізгілікті бойына сіңірген адам. Бұл теориялық және тәжірибелік ізгілікті шынайы күшпен бақтастырған тұлға қоғамның басқа мүшелерінің алдында көшбасшы рөліне ие болып, саяси басшылыққа ие болады деп танылған. Әл-Фараби моральдық және эстетикалық құндылықтарды біріктірген: жақсылық ол әдемілік, ал әдемілік жақсылықтың бейнесі; сұлулық ақылдылықпен өлшенетін құндылық. Фарабидің еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды сол кезеңдегі білімнің дамуына ықпал жасады [3,8 б.].

Білім алудан күтілетін бұл кемелділік ілім мен адамгершілікке толы тәрбиені біріктіреді; бұл бір уақытта жақсылық та, бақыт та.

Теориялық және тәжірибелік кемелділікке қоғамда ғана қол жеткізуге болады. Егер тұлға қоғамнан тыс өмір сүрсе, ол тек жабайы жануар болуға үйрене алады деп саналған. Сондықтан, білімнің басты мақсатының бірі «барлық қалалары бақытқа жол іздеу мақсатында біріккен идеалды қоғам құру» болып табылады [4].

Білім алудың тағы бір мақсаты ретінде әл-Фараби саяси көшбасшыларды тәрбиелеу деп түсіндіреді, себебі кез келген қоғам өзін бағыттап, дұрыс жолға салушы көшбасшыны талап етеді.

Жоғарыда аталған мақсаттардан басқа, әл-Фараби шығармашылық қабілеттілікті алғартартады, оның басты себебі ретінде теориялық

және тәжірибелік шығармашылықтағы кемелділік данагөйліктің белгісі деп қорытындылайды.

Әл-Фарабидың пікірінше, білім алу мақсаттарының барлығы үйрену мен тәжірибені бірдей деңгейде біріктерді: кез келген алынған теориялық білім тәжірибе жүзінде іске асырылуы тиіс деп тұжырымдайды [5]. Ғылым тәжірибеге салынбаса, ешқандай да құндылығы болмайтынын аңғартады.

Осы аталған мақсаттарды жүзеге асыру барысында білім алу мен оқытуды негізге ала отырып, әл-Фараби Платонның ойымен қосылады.

Жалпы білім беру деген не?

Әл-Фараби бұл ұғымды түсіндіру мақсатында көптеген түсініктерді қолданған: тәртіп (ta'dib), бағалау түзеу (taqwim), үйрету (tahdhib), бағыттау (tasdid), жаттығу немесе үйрену (irtiyad), нұсқау беру және тәрбиелеу (tarbiya).

Әл-Фарабидің трактаттарының бірі «Бақытқа жету туралы» еңбегінде әл-Фараби білім беруді халықтар мен қалаларды теориялық ізгілікке үйрету деп анықтайды. Ал жақсы тәрбие, оның ойынша, жақсы қасиеттердің жиынтығы, ал тәртіп адамгершілік қасиеттерді құру жолы [6].

Әл-Фараби нұсқау беру мен тәртіпке үйретудің аражігін анықтайды. Алдыңғысы теориялық мәдениетке үйретсе, соңғысы тәжірибелік және техникалық қабілеттіліктерді бойға сіңіруге үйретеді. Сондықтан екеуі екі түрлі дүние.

Әл-Фараби сезімдік қабылдауға ерекше маңыздылық берумен Платоннан ерекшеленеді. Ол сезім мүшелерін адамзат білімді қабылдайтын жолдар деп түсіндіреді. Мұнан шығатын тұжырым, әл-Фараби білімді сезімдерден бастау алатын концепция ретінде түсіндіреді. Сонымен бірге, ол Аристотельдің «The Book of Demonstrations»! (түсіндірмелер) атты еңбегінде «Кімде-кім өзінің сезім мүшелерінен айырылса, білімнен айырылады» деп жазылған ойына үлкен көңіл бөлген [7].

Сезіммен тығыз байланыстағы білім беруге әл-Фарабидің көп көңіл бөлгеніне қарамастан, ұлы ойшыл сезімдер тек сананың құралдары ғана, ал сана өз кезегінде түсінік алуға/ үйренуге бағытталған деп түсіндіреді. Ол үйренудің негізгі табиғаты есте сақтау деп түсіндірген Платонның ойын негізге алған.

Білім әл-Фарабидің түсінігінде кемелділік пен бақытқа қол жеткізуге мақсатталған қоғамның барлық мүшелеріне қажет деп танылады. Сондықтан, білім беру әдістері қандай қоғам тобына бағдарлануына байланысты бейімделуі тиіс.

Білім беруде екі негізгі әдіс бар: оның біріншісі жалпы халыққа арналған наным-сенім болса, ал екіншісі элиталық қауымға арналған әрекет-қимыл көрсету деп танылды. Көрсету әдісіне сөз арқылы қол жеткізілсе, нанымдық әдісте сөзбен бірге іс-әрекет басшылыққа алынады.

Платонның білім беру моделін басшылыққа ала отырып, әл-Фараби диалог және сөз жарыстыру әдістерін де білім берудің маңызды бөліктері деп тұжырымдайды.

Жалпы халыққа білім беру олардың сана деңгейіне қарай жүргізілу керектігіне де ойшыл көңіл бөлген. Осындай қоғам мүшелерін үйретуде білім берудің тағы бір әдісі – қиялдау арқылы түсінуге қиын құбылыстарды метафора және басқа да ұқсас бейнелермен түсіндіру қажет деп танылды.

Жоғарыда аталған әдістерден басқа, әл-Фараби білім алудың маңызды бөлігі ретінде қайталау мен жаттауды атап көрсеткен. Ойшыл соңғысын екі секцияға бөлген: біріншісі оқушының сөздерді есте сақтағанша қайталап отыруы болса, екіншісі жай жаттап алудан тереңірек ойда тұжырымдауға бағытталған.

Әл-Фараби жаттап алу мен түсінудің қайсысы білім алуда маңыздырақ деген сұраққа түсіну есте сақтаудан әлдеқайда жақсырақ екенін, сонымен бірге, есте сақтау тек білімнің бөлшектерін жаттап алумен шектелетінін, ал түсіну үйретіліп жатқан құбылыстарды толығымен ой-санада мазмұндап, нәтижеге итермелейтінін айтып жауап қайтарған болатын.

Әл-Фарабидің осындай білім берудегі әдістері қазіргі таңда ең жоғарғы деңгейлі оқу орындарымен қолданылуын оның маңыздылығының жоғары деңгейде екенін аңғартады.

Жалпы білім берудегі басты қатысушылары, яғни оқушы мен оқытушы жайлы әл-Фарабидің ойларына тоқтала кетелік.

Ойшылдың тұжырымы бойынша, оқытушы оқыту мәдениетін өз еркімен, ешқандай міндетсіз бойына сіңіру қажет. Жалпы оқытушы тұлғасы келесідей ғылыми және моралдық талаптарға сай келуі керек: өзінің мамандығы бойынша жоғары деңгейдегі білімді, көрсетуге болатын құбылыстарды оңай көрсете білетін, өзі білетін білімді басқаларға тоқи білетін, түрлі мәселелерге төтеп бере алатын тұлға.

Ал оқушы болса мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс: білім концепцияларын түсіну қабілеті, оны қабылдау қабілеті және сол концепцияларды түсіндіре алу қабілеті.

Сонымен қатар, әл-Фарабидің пікірінше ізденуші әрқашан білім алуға құштар, басқаға кө-

ңіл бөлмей тек білім алуға бағытталған тұлға. Себебі оқу немесе білім алу ұзақ уақытты талап ететін дүние.

Әл-Фараби білім беру мәні, оның қатысушыларының негізгі қасиеттерінен бөлек білім беру пәндері тізіміне де ерекше мән берген.

Әр кезеңде өз мақсатына жету үшін білім беру белгілі бір бағдарлама арқылы жүзеге асуы тиіс, яғни білім беру кезектілігі болуы керек. Әл-Фараби білім беруде бағдарлама құрылымын жеке тұлғаның өз ұлты мәдени құндылықтарын игеруге, ал екінші жағынан, өз сезімдерінің шарықтау шегіне, кемеліне жеткізуге септігін тигізетін білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастырған. Осындай түсінікпен әл-Фараби ғылым салаларын тек жіктеп жүйеге келтіріп қана қоймай, мұсылман философтарының ішінде ең алғашқы болып оларды білім беру мақсатымен жіктеуге көңіл аударған. Оның «Ғылымдарды жіктеу» атты трактаты тікелей білімді игерудегі осындай жіктемені қарастырады [8].

Ұлы ойшылдың пайымдауынша, білім берудің бастамасы ретінде тілден және оның құрылымынан бастау алу керек. Жалпы тілдерді меңгерген тұлға басқа ғылым салаларын үйренуге бастама ашады.

Ойшылдың тілге үлкен мән беруін, оның түрлі мәдениеттермен қоғамдарды салыстыруға септігін тигізген бірнеше тілдерді меңгеруінен аңғаруға болады.

Тілдерді үйренуден соң білім беру бағдарламасы – логиканы үйренуге бағытталуы тиіс деп санады. Себебі, араб тіліндегі ‘logic’ (mantiq) түсінігі сөз бен интеллектуалды үрдістерді біріктірген, сондықтан ойшылдың ойынша, тіл үйрену адам санасын күрделі біліми дәрежеде жұмыс істеуге бастама деп танылды.

Білім беру бағдарламасының келесі құрылымдық бөлшегі математикаға тоқталады. Әл-Фараби теориялық ғылымдардың алғышарты ретінде арифметиканы меңгеру қажеттілігін атап өткен: ‘Кімде-кім теориялық шығармашылықты үйренгісі келсе, сандардан, өлшемдерден бастауы тиіс, себебі бұл жүйелер оптикалық, астрономиялық, табиғи ғылымдардың барлығына тән құрылғылар. Математиканы ойшыл бірнеше түрлерге бөліп қарастырған: сандар (арифметика), геометрия, ғылыми астрономия, музыка, динамика мен құрылғы-машиналар ғылымы.

Исламское решение проблемы альтруизма призывает людей видеть все отражением священного, божественного единства бытия. Нет никакой причины быть эгоистом, когда Божественное Присутствие настолько превалирует над существованием чего-либо еще, что любое заявление человека о том, что он, дескать, существует независимо от этой Божественной Реальности, не подлежит даже рассмотрению. С другой стороны, относительная степень существования все еще может быть приписана человеку в той мере, в какой существуют его *обязанности* перед сверх-существом Бога. В этом плане главной такой обязанностью выступит его интеллектуальная и духовная любовь к подлинному истоку всего и вся и его готовность пожертвовать самой идеей его автономного существования во имя созерцания Божественного Единства вне рамок и ограничений своего собственного «Я» и во имя следования Его воле в каждое мгновение жизни. С другой стороны, с точки зрения исламского права, эти действия желательны, но не обязательны. Человек, выполняющий их, считается достигшим одной из самых важных духовных состояний исламского «Суфизма» – состояния «Исар» (ар. «предпочтение других (и прежде всего, Всевышнего Создателя) своим собственным желаниям»). Как об этом было красноречиво сказано исламской мистической поэтессой Раби'а аль-Адавия (ум. в 801):

О, мой Господь, если я поклоняюсь Тебе из-за страха перед Адом, то сожги меня в Аду! Если я поклоняюсь Тебе из-за страсти к Райским садам, то не дай мне войти в них. И если я поклоняюсь тебе ради Тебя Самого, то не лишай меня Твоей извечной красоты! [12, с. 169].

Так что, с исламской точки зрения, кантовская этическая позиция становится едва ли не религиозным обязательством. Такие коранические стихи, как «Скажи: каждый поступает сообразно своему характеру и манерам, и твой

Господь лучше знает, кто лучше с точки зрения пути и кто есть хуже» (17:84); «Мы даровали детям адамовым честь и достоинство, и позволили им передвигаться по суше и по морю, и снабдили их прекрасными вещами и со всей очевидностью предпочли их многим другими созданиям» (17:70); «О, человечество, поистине, мы создали вас от мужчины и женщины, и сделали вас различными народами и племенами, чтоб познавали вы друг друга. Воистину, самый благородный среди вас есть тот, кто более праведен и благочестен» (49:19). Согласно этим аятам, каждый человек есть носитель божественного духа: «И вот когда Я человека сотворю и нечто из Моего духа вдохну в него, (о, мои ангелы!) падите ниц пред ним!» (15:29). То есть принимать каждого человека таким, какой он есть, и, в конечном итоге, любить его таким, какой он есть, есть то, что подразумевал немецкий философ под своим императивом «не делать из какого-либо человека средство для достижения некой более важной цели». То есть человек не может быть приведен к уровню некоего «средства» для достижения некой более довлеющей цели, ведь Сам Господь требует того, чтобы каждого человека уважали только потому, что последний есть обладатель человеческого, а значит, возвышенного духа.

Таким образом, эта форма гуманизма как своеобразной заботы о других людях, что так долго воспевалась философами Просвещения, находит свое выражение в исламском откровении с тем отличием, что там предстает в «теоцентричной» форме, т.е. всецело опираясь на Священное Писание, а не только на человеческий разум [13, с. 520-547]. И все же не каждый способен полностью отказать от следования своему «Эго», и потому эта ступень религиозности, ступень альтруизма желательна для достижения, но не обязательна. В конце концов, полностью быть «альтруистичным» (как «думающем *только* о других») прямом смысле этого слова просто невозможно – ведь, в любом случае, наши альтруистические эмоции произойдут от первоначального осознания нами самих себя как независимых от других и, следовательно, в какой-то мере эгоистичных или прагматически настроенных индивидуумов [19]. Наше «Эго» есть первичная ступень нашего самоосознания, и потому без некой доли привязанности к нашему «Я» мы никогда не сможем осознать, что означает привязанность к благополучию других людей. Доброта окружающих по отношению к нам вполне может сделать нас «рабами» добродетелей, но происходит это только от того, что

наше «Я» всегда влюблено в тех, кто совершает добро по отношению к нему. И все же, как отмечает известный исламский теолог аль-Газзали (1058–1111), те люди, эстетические и моральные склонности которых достигли высокого уровня развития, перестают любить себя и как бы «растворяются» в своей любви к абстрактным проявлениям красоты и доброты [14, с. 139-143].

Следуя за аятом «Те, которые выполняют данные им обещания и страшатся дня, зло которого распространится повсюду, те, кто кормит во имя Аллаха бедняков, сирот и пленников, говорят: «Мы кормим вас во имя Всевышнего Создателя; мы не хотим от вас ответа благодарности или признания» (76:7-9), мусульмане старались привести в жизнь идеал альтруизма в исламском мире в виде так называемых институтов «Вакф» – благотворительных фондов. Значение этого арабского понятия следующее: «закрепить что-либо за чем-либо», «предотвратить что-либо»; кроме того, это слово применяется в значении «навсегда зарегистрировать какое-либо имущество в качестве общественного достояния, предотвращая, таким образом, приобретение прав на пользование им другими лицами» [15, с. 77]. Те случаи, когда доходы от «вакфа» были ограничены какой-либо семьей, были крайне редкими; скорее, «вакфы» предназначались для использования всеми нуждающимися. Примерно 75% подобных фондов в Османском Государстве XVIII в. направляли значительные денежные средства для обслуживания людей, не имеющих к фонду никакого отношения; 18% же из этих фондов представляли собой благотворительные фонды в строгом смысле слова. То есть «вакф» представлял собой попытку навсегда предотвратить пользование неким имуществом в личных целях; это имущество начинало считаться «имуществом Аллаха», и все доходы и прибыли от его содержания использовались в благотворительных целях или в целях улучшения общественной жизни [16, с. 294]. Мусульмане, финансирующие эти заведения, верили в то, что существование в этом бренном мире лишь временно, и что предназначать доходы для улучшения жизней других людей есть уникальный способ повысить свои шансы на достижение счастья в следующей, вечной жизни [17]. По всему огромному пространству Исламского мира, начиная от Тихого Океана и заканчивая Атлантическим, бесчисленные учреждения, игравшие незаменимую роль в социальной жизни людей, спонсировались и поддерживались посредством «вакфов»; интересно отметить, что некоторые

из последних просуществовали более чем тысячу лет [18], предоставляя нуждающимся и лишенным такие первичные вещи, как еда, ночлег, образование, а также возводя такие важные сооружения, как кладбища, маяки, общественные бани, мосты, фонтаны, водопроводы, мечети и дороги – одним словом все, что приносит в общественную жизнь комфорт и спокойствие [19].

Подведя итог, можно сказать, что религия не противопоставляет себя альтруизму даже в комтовском смысле этого понятия. Исследования, проведенные европейскими организациями «European Value Systems Study Group» и «British Household Panel», показывают, что те люди, что регулярно посещают церкви, в три раза более склонны к участию в добровольной службе во благо других людей чем те, кто не посещают церковь [20, с. 174-5]. Таким образом, любовь к людям может быть вызвана не только секуляристской или гуманистической склонностью современной западной цивилизации к возвеличиванию людей и приданию им высшего онтологического статуса, но и также – и даже в первую очередь – присутствием любой монотеистической религии императивом «любить людей как лучших творений Всевышнего». В действительности, любой подлинный монотеизм и гуманизм в этом плане будут совершенно солидарны с той оговоркой, что первая приходит к этой идее следуя за Откровением свыше, а другая – путем независимого от религиозного источника рационального мышления. Однако же, в отличие от философского гуманизма, которые – будучи производением школы философского критицизма, основанной родоначальником современного скептицизма Рене Декартом (1596-1650) – всегда подвержена бесконечным сомнениям в отношении своей собственной внутренней состоятельности и логичности, религии монотеизма, исходя из неизменных и самоочевидных в глазах своих последователей постулатов веры, обладает многовековыми социальными институтами и медитационными техниками, что способны предоставить человечеству подобного рода бесценное духовное и телесное воспитание – воспитание, что человечеству всегда недостает. Как отмечают авторы книги «Альтруистичный вид» Эндрю Майкл Флешер и Даниэль Л. Уорзен,

Альтруизм не есть что-то дарованное людям изначально, равно как и не является чем-то недостижимым для людей. Скорее, это все время имеющаяся потенция, которую всегда можно активизировать. Будучи скорее вопросом тренировки, чем таланта, и, следовательно, результатом тяжелого труда, альтруизм связан с нашим моральным развитием [21, с. 239].

С другой стороны, нет ничего негативного в том, что люди, совершая альтруистический акт с точки зрения религиозной атмосферы, несут в себе толику эгоцентризма, ведь любой человек по-своему прагматичен. Намного важнее для нас быть настолько уверенными в правоте альтруистичного образа жизни, чтобы трансформировать это внутреннее желание помочь окружающим в конкретные физические действия. Судя по всему, именно эта оторванность воспетой современностью любви к людям от многовековых практик и духовных тренировок, именно эта ее основанность на философских спекуляциях и гипотезах и привела в итоге к знаменитому «Освенцему» – адскому концентрационному лагерю, возведенному никем иным, как соотечественниками И. Канта, а также стала причиной трагедии в Хиросиме и Нагасаки – массовому убийству, учиненному последователями идеи английского утилитаризма о «всеобщем благополучии»; благополучии человечества, ценой которого могут стать жизни отдельных народов. С этой стороны, исламская перспектива на альтруизм учит нас следующему – если высочайшим началом всего и вся есть не человеческий интеллект, а Единый Бог теологов и всех верующих, то все наши действия будут принадлежать не нам, а Самому Всесильному Творцу. Мы как бы «погружены» и «растворены» в сиянии Единого и Всевышнего Божественного «Эго». Нашей целью в этом случае станет не препятствовать своим собственным «эго» проявлениям божественной милости и сострадания, демонстрирующим себя повсюду в этом мире, но, скорее, стереть, «растворить» последнее в море бытия Божественного. Действительно, религиозные альтруисты поведут себя несколько вразрез с кантовским идеалом – они все же будут использовать людей в качестве *средства* для достижения чего-то высшего и трансцендентного – довольства Всевышнего. Тут нужно отметить, что зачастую забывается что трансцендентная суть этой цели вовсе не мешает нам проявлять альтруизм максимально возможной степени к другим людям в плане практического, материального сосуществования на нашей общей планете. Религиозные альтруисты считают своей обязанностью помогать людям, облегчать их страдания, обращаться со всеми одинаково и не стремиться во что бы то ни стало «переделать» окружающих людей на свой лад. Все это ни что иное, как идеалы И. Канта, которые он – не совсем успешно – пытался привить человечеству. С этой точки

зрения, все делается во имя довольства Все-
вышнего и не ожидая каких-либо возможных
мирских/материальных результатов. Как гово-
рит Священный Коран, «Мы кормим вас ради
довольства Всевышнего и не ищем иные цели.
Нам не нужна ваша благодарность или награ-
да» (76:9). Именно таким образом и решается
проблема, существовавшая в подходе средневе-

ковой церкви к альтруизму, та самая проблема,
что так занимала и занимает умы философов
Просвещения и их последователей вплоть до
сегодняшнего дня – а именно то, что религия
есть просто инструмент, используемый религи-
озными институтами для управления массами,
что она органически не принимает во внимание
подлинные устремления большинства людей.

Литература

- 1 Ronald M. Green. *Religious Reason: The Rational and Moral basis of Religious belief*. – New York: Oxford University Press, 1979.
- 2 James R. Ozinga. *Altruism*. – London: Praeger, 1999.
- 3 Jacob Neusner. *Altruism in World Religions*. – Washington D.C.: Georgetown University Press, 2005.
- 4 Comte, Auguste. *System of Positive Polity, Volume 1: Containing the General View of Positivism & Introductory Principles*. Translated by John Henry Bridges. – New York: BurtFranklin
- 5 Mill, John Stuart. *Auguste Comte and Positivism*. – London: N. Trübner & Co.
- 6 Kant, I. *Groundwork of the Metaphysics of Morals*, trans. H.J. Paton. – New York: Harper and Row, 1964.
- 7 Thomas, Hill Jr. *Beneficence and Self-Love: A Kantian Perspective*, in *Altruism*, ed. by Ellen Frankel Paul, Fred D. Miller Jr., and Jeffrey Paul. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 1993.
- 8 *The Altruistic Species: Scientific, Philosophical, and Religious Perspectives of Human Benevolence* / by Andrew Michael Flescher and Daniel L. Worthen. – Philadelphia and London: Templeton Foundation Press, 2007.
- 9 Singer, Peter. *The expanding Circle: Ethics and Socio-biology*. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 1981.
- 10 *Attuning Consciousness: The Origins of Altruism* – paper presented at conference on Altruism in the World Religions. – Bard Collage, Annandale-on-Hudson, New York, November 17, 2004.
- 11 Palmer, George Herbert. *Altruism: its Nature and Varieties*. – Westport: Greenwood Press, 1970.
- 12 Translated by Paul Losensky in *Early Islamic Mysticism*, ed. by Michael Sells. – New York: Paulist Press, 1996.
- 13 Kim, Heon Choul. *Gülen's Dialogic Sufism: A Constructional and Constructive Factor of Dialogue* // *Confrence materials*. – Washington D.C., 2009.
- 14 Çağrı, Mustafa. *Gazzali'ye Göre İslâm Ahlâkı*. – İstanbul, 1982.
- 15 Akgündüz, Ahmet. *İslam Hukukunda ve Osmanlı Tatbikatında Vakıf Müessesesi*. – İstanbul: Osmanlı Araştırmaları Vakfı, 1996.
- 16 Bilmen, Ömer N. *İstilahat-ı Fıkhiyye Kamusu*. – İstanbul: 1969 (V. 4).
- 17 Yediyıldız, Bahaeddin. *Place of the Waqf in Turkish Cultural System*. Translated by R Acun and M Oz. İstanbul: Second United Nations Conference on Human Settlements (Habitat II) / www.history.hacettepe.edu.tr/archive/waqfkultur.html.
- 18 Çizakça, Murat. *A History of Philanthropic Foundations: The Islamic World from the Seventh Century to the Present*. – İstanbul: Bogazici University Press, 2000.
- 19 Yalawae, Asming, and M. Tahir, Izah. *The Role of Islamic Institution in Achieving Equality and Human Development: Waqf or Endowment* / www.capabilityapproach.com/pubs/Asming%20Yalawae,%20and%20Izah%20TahirWaqfAsmeng.pdf.
- 20 Gill, Robin. *Churchgoing and Christian Ethics*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1999.
- 21 Flescher, Andrew Michael and Worthen, Daniel L. *The Altruistic Species: Scientific, Philosophical, and Religious Perspectives of Human Benevolence*. – Philadelphia and London: Templeton Foundation Press, 2007.

2-бөлім
МӘДЕНИЕТТАНУ

Раздел 2
КУЛЬТУРОЛОГИЯ

Section 2
CULTURAL STUDIES

Асанова С.С., Абжалов С.У.

**Қазақстандағы неопаганистік
қозғалыстар: «Ақжол» ұйымы
мысалында**

Бұл мақалада Қазақстан аумағында тәуелсіздіктен кейінгі жылдары пайда болған деструктивті сипаттағы «Ақ жол» қозғалысы туралы баяндалады. «Ақ жол» қозғалысының қызметінде адамның денсаулығына зиян беретін, психологиялық тұрғыдан зиянды белгілер айқындалды. Бұл қозғалыс діни сауаты төмен қара халықты киелі жерлерді зиярат жасату арқылы барлық рухани әрі материалдық проблемалардан арылтуды насихаттайды. Ғұрыптық қызметтерінде оккультті мистикалық ағымдарға тән элементтер қолданады. Киелі орындарды аралату, құрбандық шалу секілді ғұрыптарға кететін барлық шығындар адепттер тарапынан төленеді. Ақжол қозғалысы шын мәнінде коммерциялық сипаттағы деструктивті ағым екені осы жолға түсіп алданған көптеген адамдардың айтқандарынан анық аңғарылады.

Түйін сөздер: ақ жол, деструктивті секта, әруак, әулие, аққу, сұңқар.

Asanova S.S., Abzhalov S.U.

**The neo-pagan movement
in Kazakhstan: the case
of the movement «Akzhol»**

This article describes the religious movements of destructive character, «Akzhol» which appeared after the independence of Kazakhstan. In the process of analysing the activities of the movement Akzhol defined negatively influencing the parties on health and the human psyche. This movement made a pilgrimage to the holy places, manipulates the low level of religious education of the population and preach to solve any spiritual and material problems. In their funeral ceremonies use occult mystical elements. The cost of tours to Holy places, sacrifice, etc. are paid from the followers. Movement, Akzhol is actually a commercial sect destructive nature and proof of the affected people.

Key words: Akzhol, a destructive sect, aruak, saints, Akku, Sunkar.

Асанова С.С., Абжалов С.У.

**Неопаганистические движения
в Казахстане: на примере
движения «Ак жол»**

В данной статье рассматривается религиозное движение деструктивного характера «Ак жол», которое появилось после независимости Казахстана. В процессе анализа деятельности движения Ак жол определены негативно влияющие стороны на здоровье и психику человека. Данное движение совершает паломничество в святые места, манипулирует низким уровнем религиозной образованности населения и проповедует, что может решить любые духовные и материальные проблемы. В своих ритуальных обрядах использует оккультно-мистические элементы. Расходы на туры по святым местам, жертвоприношение и т.п. уплачиваются со стороны адептов. Движение Ак жол на самом деле является коммерческой сектой деструктивного характера и этому доказательство пострадавшие люди.

Ключевые слова: Ак жол, деструктивная секта, аруак, святые, акку, сункар.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
НЕОПАГАНИСТІК
ҚОЗҒАЛЫСТАР:
«АҚЖОЛ» ҰЙЫМЫ
МЫСАЛЫНДА****Кіріспе**

Қоғамның ескі рухани құндылықтары құлдыраған, ал жаңасы әлі қалыптаспаған посткеңестік кезеңдегі рухани вакуумды, сондай-ақ халықтың дәстүрлі діндері жөніндегі білімінің таяздығын пайдалана отырып, демократияны әртүрлі ұрандарын бетперде еткен сан түрлі жалған ілімдер мен секталар Қазақстан Республикасына қаптады. Соңғы жүзжылдықта Қазақстан аумағында бұрын-соңды болмаған әртүрлі діни ағымдардың санының өсуі байқалуда. Бұл дәстүрлі емес діндер салыстырмалы түрде алғанда жақын аралықта пайда болғандар (XIX-XX ғғ.). Дәстүрлі емес діни қозғалыстар Қазақстанда XX ғасырдың 90-жылдары асқан белсенділік көрсетті.

Сәуегейлік, балгерлік, сиқыр, үйді дуадан тазарту үшін «әулие» деп аталатындардың қызметіне жүгіну – осы аталғандардың барлығы қоғамдық өмірге кіргені соншалық ұлттық ғұрыпқа айналып кетті. Қазіргі адамдар қиын жағдайға ұшыраса тәуіптерге (сәуегейлер, емшілер), балгерлерге, мазарларға барады. Исламның атын жамылған және Түркістан мазарларына жасалатын құлшылықты ұйымдастырумен айналысатын «Ақжол» қозғалысының құлашын кеңге сермеуі, олар баратын мазарлардың, «қасиетті орындардың» күн санап артуы ислам теологтарының аландаушылығын тудырды.

Қазақстандықтардың діни өміріндегі дәстүрлі емес көріністердің бірі «Ақжол» болып табылады. Қазақстанның дәстүрлі діні болып табылатын исламның атынан сөйлейтін ақжолдықтар сыртқы жағынан (киімі, дұғасы, құлшылықтың басқа да түрлері) мұсылмандық дінге ұқсайды. Бірақ «Ақжолдың» діни өмірінің культтық тәжірибесін зерттеп қарар болсақ, оның ислами дәстүрге қайшы екенін ұғамыз. Яғни исламмен толықтай сәйкессіздік және ислам канондарына қатысты қарама-қайшылық байқалады. Аталған қозғалыстың идеяларынан, әдеп ережелерінен, сондай-ақ біздің халықтың мәдениетімен және рухани өмірімен еш байланысының болмауынан «Ақжолдың» дәстүрден тыс ағым екенін ұғамыз. Ақжолдың басшылары дәстүрлі емес ағым екенін еш мойындамайды. Олар халықтың атынан сөйлей отырып, өздерінің ілімінің халық дәстүріне және нағыз Исламға сәйкес екенін айтады.

Қозғалыс 1997 жылы ақпанда «Ақжол» деген атаумен пайда болды. Кейіннен атауы «Ата жолы» деп өзгерді және 2001 жылы Алматыда кәсіптік ұйым ретінде тіркелді. Аталған қозғалыс Қазақстанның тоғыз аймағында өз қызметін жүргізді.

Ұйым белгілі бір ақыға кез келген адамды емдейді және оны киеліге (әулиеге) айналдырады. Емдеу курсына бабалар рухымен, яғни әруақтармен байланысу үшін Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне (Түркістанға) бару кіреді. Ақжолдықтар келушілердің әрқайсысына «сенің ерекше қасиеттерің және емшілік қабілеттерің бар, сен адамдарды емдеуге тиіссің. Егер сен әруақтардың айтқанына құлақ түрмесен, саған бақытсыздық келіп жетеді», – деп үгіт-насихат жүргізеді. Құқық қорғау органдары «Ата жолы» ағымының негізгі қаржыландыру көзі келушілердің салымы екенін анықтады. «Ата жолы» тарапынан қолданылатын емдеу шаралары ресми медицинаның да, халықтық медицинаның да принциптеріне қайшы келеді. Қозғалыстың қызметі және ғұрыптық тәжірибесі оккультті-мистикалық сипатқа ие. Бұл ұйым адамдардың санасын арбау және психикасына әсер ету әдістерін қолданады. «Ата жолы» қозғалысының қызметі салдарынан Қостанай облысының 48 жасар Р. есімді тұрғыны өз өзіне қол жұмсаған. Адамдардың денсаулығына қауіп төндіргендіктен Алматы қаласының соты 2009 жылы «Ата жолы» қозғалысының қызметіне тыйым салды. Қызметіне тыйым салынғанына қарамастан аталған қозғалыс Қазақстан аумағында әлі де қызмет атқарып жатыр және жаңа мүшелерді өз қатарына қосуда. «Ақжол» қозғалысының пайда болуының алғышарттарына тоқталып өтейік [1].

Жаңа діни ағымдардың кеңінен таралуы көптеген себептермен байланысты. Тарихи себептерге байланысты тұрғындардың басым бөлігінің діни сенімі терең болмады. Қазақстанның және өзге де посткеңестік елдердің өміріне дін 90-жылдардың басында ғана кірді. Атеистік дәуірдің идеологиясы әсерінен көптеген адамдар өз діні жөнінде жеткілікті білмеді және культтік ғұрыптарды немқұрайлы орындады. Мәселен, сенушілердің бір бөлігі үшін христиан болу крест тағумен ғана, ал мұсылмандар үшін шошқаның етін жемеумен ғана көрініс тапты. Біздің көптеген азаматтарымыз діни орталықтарға (мешіт, шіркеу) ірі мейрамдар кезінде ғана барады, ал күнделікті өмірде дінмен байланыс мүлдем болған жоқ десе де болады [2].

Міне, осындай рухани аштық пен шынайы Ислам жөніндегі білімнің жеткіліксіздігі әсерінен руханилық түрлі баламалардың ықпалымен кетті. Күшті мистикалық көңіл-күйлер адамдарды балгерлерге, шамандарға, тәуіптерге, магтарға т.б. итермеледі. Газеттер, журналдар, теледидар бағдарламалары оккультті мазмұндағы бағдарламаларға толып кетті. Әртүрлі маг-экстрасенстер мен астрологтардың қызметі жарнамаланды. Бұл «қайраткерлердің» барлығы адамдардың жеке мәселелерін және күллі адамзаттың мәселелерін шешіп беруге уәде берді. Психикасы еліккіш, діни білімі жоқ адамдар осындай адамдардың көмегі арқылы барлық мәселесінің шешілетініне сенді.

«Ақжол» – авторитарлы қозғалыс. Оның негізгі мақсаты – адамдарды басқару және олардан ақша алу арқылы сол ұйымның басшылығына пайда келтіру. Осы мақсатқа жету жолында олар әртүрлі бетперделерді (дін, психология, мәдениеттану, педагогика, саясат және т.б.) киеді.

«Ата жолы» ЖШС-нің негізгі қызметі – Қазақстандағы киелі орындарға турлар ұйымдастыру. Бұл ұйым өз жарғысы бойынша бейбіт және тіпті ізгі қызметті жүзеге асырады. «Ата жолы» адасқандарды тура жолға түсіреді, салауатты өмір салтын ұстануға шақырып, адамдарды ішімдіктен, шылым шегуден, есіркіден арылтады. Бұл бейбіт сапарлардың артында не тұрғанын, саяхат барысында қандай жайттар болатынын алдағы бөлімде айтып бермекпін.

Бүгінгі таңда Қазақстанның «қасиетті орындары» тұрақты табысты мемлекеттік қазынаға емес, «Ата жолы» ЖШС-нің қорына түсіруде. Бұл жұмыс автордың «Ақжолдың» культтік ғұрыптарын білу үшін аталған ұйымның ғұрыптарына қатысып жүргізілген зерттеулеріне сүйеніп жасалынды.

Негізгі бөлім

«Ақжол» қозғалысының мистикалық-оккультті ғұрыптары

«Шырақ» – әруақтарды шақырудың спиритистік сеансы. Спиритизм – Жер шарының барлық бөліктерінде кеңінен таралған құбылыс. Спиритизмге, яғни рухтарды шақыру ісіне көптеген адамдар сенеді, олардың арасында мұсылмандар да бар. Спиритизм жақтастары өз идеяларын скептиктардан жақтау үшін бітіссіз күрес жүргізді. Көптеген елдердің үкіметтері рухтарды шақыру кезіндегі құпия құбылыстарды зерттеу мақсатында өте көп

қаржы бөлді. Таңқаларлық құбылыстарды зерттеуге ғалымдар, жазушылар, болжаушылар және т.б. қосылды. Олардың барлығы спиритизм сеансы кезінде өлген адамдардың рухы осы әлемге келетініне толықтай сенеді. Сеанстың аса маңызды шарттарын сақтаған жағдайда әлгі рухтар өздерін қатысушыларға білдіре бастайды. Қатысушылар сұрақ қояды, ал рух оларға жауап береді. Кейбір сәттерде рухтар бөлмедегі заттарды қозғай алады немесе қаламды әлде компьютерді пайдалана отырып жазы бастайды [3].

Шырақ әдетте кешкісін немесе түнде қандай да бір емшінің, сәуегейдің, сиқыршының үйінде өтеді. Шырақ үшін жекелеген бөлмені немесе сол үйдің басқа бір бөлігін таңдап алады. Бұл орын «орда» деп аталады. Орда қандай да бір бабаның немесе атақты тұлғаның есімін иемденеді. Мәселен, «Сыпатай батыр ордасы», «Қарасай батыр ордасы» немесе «Жамбыл ата ордасы» және т.б. Орданың ашылуы – «ақжолдықтардың» өміріндегі салтанатты оқиға. Оны ашу үшін сектаның ерекше қызметкерлері – «Аққу» немесе «Сұңқар» деп аталатын «әулиелер» келеді. Ашылу рәсімі сиқырлық дуаларды оқумен, жаман рухтарды қуу ғұрпымен, Құран оқумен және басқа да ғұрыптармен жасалады. Осыдан соң ол араға баба рухы келеді және оған қызмет ету міндеті тапсырылады. Орданың есімі сол араға келген рухтың атымен аталады [4].

Бұдан кейін сиқыршы өзіне әртүрлі мәселелер бойынша (ауру-сырқау, бала көтермеу немесе тағдырдағы басқа қиындықтар) келгендердің барлығын шыраққа шақырады. Шырақ кезінде рухтар келушілердің сұрақтарына жауап беріп, оларға жол көрсететініне, тіпті барлық мәселені шешетініне сиқыршылар сөз береді.

Түнгі мезгілде барлық қатысушылар еденге шеңбер формасында дөңгеленіп отырады. Сиқыршы шеңбердің ортасына шырпысы бар ыдысты қояды. Бұдан соң әлгі шырпыны сіріңкемен тұтатады. Адамдар отқа қолдарын тосып, алақандарымен беттерін сүртеді. Осы әрекеттері арқылы игілікке жетеміз деп түсінеді. Сиқыршы дуаларын оқи отырып, рухтарды шақырады. Осыдан соң тылсым оқиғалардың реті басталады. Рухтар сиқыршы арқылы сөйлей алады, яғни рух сиқыршының тәніне енеді. Сиқыршы шырақ кезінде рухтың атынан сөйлейді. Әрбір бабаның әруағы жеке-жеке сиқыршының тәніне еніп, жиналғандарға хабарларын айтады. Әрбір әруақ өзінің жерленген моласына шыраққа қатысушылардың келуі қажеттігін және баталарын алуы тиіс екенін

білдіреді. Міне сонда ғана қатысушылардың барлық мәселелері шешіледі.

Шыраққа қатысушылар сеанста болып жатқан дүниелерге еш күмәнсіз сенеді. Толқыған көңіл-күй үстінде қатысушылар рухтың кез келген тапсырмаларын орындауға әзір тұрады. Әсіресе өзіне жақын және жақсы көретін адамның рухы болса, сеансқа қатысушы кез келген бұйрыққа мойынсұнады. Міне дәл осындай жолмен, яғни білімсіздерді ақымақ ету арқылы Түркістандағы мазарларға немесе басқа да қасиетті орындарға баратын зияратшылар тобы құралады. Топты жинағаны үшін сиқыршы «Ақжолдың» басшылығы тарапынан қаржылай сыйлықпен марапатталады.

«Жүрекпен сөйлеген» Аққудан алған сауалнама кезінде Аққу транс барысында санасы бұлыңғырланып, бойына тағы біреу еніп алғандай сезінетінін айтқан. «Аққу» әйел былай дейді: «Әруақтың сөзін жеткізген сәтте мен өзімнің санамның, ойлау қабілетімнің біртіндеп өшкенін аңғарамын. Мен өзімнің бірдеңе сөйлеп жатқанымды сеземін, бірақ аузымнан шыққан сөздің мазмұны мен мағынасын түсінбеймін. Менің тілімді, менің тәнімді біреу басқарып жатқанын сеземін».

Емдеу және бал ашу. Емдеу мен бал ашу «Ақжол» қозғалысының кеңінен таралған қызметтерінің бірі. «Ақжолдықтардың» мәлімдеуінше, емдеу мен бал ашу қабілеті – қасиетті орындарды аралаушыларға әруақтардың берген сыйы болып табылады. Емшілік және балгерлік қабілет жаңа зияратшының бойында да бар екені ақжолдықтар тарапынан жаңа зияратшыға жеткізіледі. «Ерекше» қабілеті бар әлгі адам өзін ғана емес, басқаларды да аурулар мен сәтсіздіктерден құтқара алады [5].

«Бата алу» ғұрпы. «Ақжол» қозғалысының оккультті-мистикалық ғұрыптарының бірі – әруақтардан «бата алу» сеансы болып табылады. Ақжолдықтардың қасиетті орындарға барудағы негізгі мақсаты – зияратшылар үшін әруақтардан бата алу. Осы мақсат үшін бастапқы ұяшық-ордада әзірленген адамдар тобын автобустарға отырғызады және тиесілі бағыттар бойынша «қасиетті» мазарларға апарады. 40 немесе одан да көп адамнан құралған керуен исламның ақ туын көтеріп, Қазақстанның жолдарында сапарға шығады. Секта ер жынысты қызметкерлерін – «сұңқар», ал әйел жынысты қызметкерлерін «аққу» деп атайды. Сұңқарлар мен аққулар «қасиетті жандар» ретінде өлілер әлемімен байланысқа шығады және о дүниеден мына дүниеге батаны жеткізеді.

Қазақстанның жері әулиелердің мазарына толы және олардың әрбірін құрметтеу қажет. Ең алғашқы аялдама Қордай батырдың мазарынан басталады. Халық бата алу салтанатты рәсімінің алдында дәрет алуға асығады. Бұл жайт шарият нормаларына қайшы, өйткені ислам бойынша дәрет Аллаға құлшылық ету алдында ғана алынады. Атақты бабадан өте жақсы және өте көп бата алу үшін бұдан әрі ақжолдықтар әруақтың көңілін табу үрдісіне кіріседі. Осы әрекет үшін олар тауаф, яғни мазардың айналу рәсімін жасайды. Мазарға тәжім етіп, мазарды ақтықпен (ақ матамен) жабады. Қабір үстін қолдарымен сипайды және одай кейін алақандарымен беттерін сүртеді.

Халық мазарға шеңбер түрінде жиналады және бұдан кейінгі оқиғаларды асыға күтіп тұрады. Ортаға Аққу шығады. Ол кенеттен қорқынышты үнмен бірдеңелерді әндетіп айта бастайды. Бұл әйелдің бойына Қордай батырдың рухы қонды және осы тұлғаның рухы Ақжолдық зияратшыларға батасын бере бастады. Жап-жас Аққу сұлу абыржыған көрермендер алдындағы қойылымда өз рөлін тамаша орындап шығады. Аққу транс күйінде көзін орайды, тұтыға сөйлеп өз кеудесін ұрады, кейде бірнеше секунд үнсіз қалады. Рух асқан жомарттықпен батаны оңға да, солға да береді. Бір айта кетерлігі жынның рухани дәрежесі қандай болғанына қарай бата өлең түрінде де беріледі. Бірнеше жүзжылдықтар бойы өмір сүріп келе жатқан, Бұқар жырау дәуіріндегі жыр дәстүрін меңгерген жындар да бар. Сөздің ежелгі құрылысын, күтпеген поэтикалық әдістерді, халықтың сүйікті нақылдарын пайдалана отырып әлгі «рух» адамдардың жүрегі мен санасын жаулап алады. Кейде Аққу зияратшының жақын туысының, әкесінің немесе шешесінің рухымен «байланысқа шыға алады». Әлгі өмірде тіршілік етіп жүрген ұлына мейірімді, жан тебіренерлік сөздермен қайырылғанда, қатысушылардың жүрегі қорқыныштан жарылардай болады және қатты таңданады. Міне осындай күй кезінде адам кез келген ақпаратты қабылдауға даяр болады. Сонымен әруақтардан – «бата алу» рәсімі жүріп жатыр. Әдетте әруақтар өзінің батасымен бірге, зияратшыға қандай да бір қасиетті дарытады. Мысалы, емшілік немесе балгерлік. Зияратшыға ерекше міндет жүктелгенін ақжолдықтар қабылдайды. Ол міндет – дұрыс істер жасап, халықты ауру-сырқаудан емдеу немесе көріпкелдік ету. Зияратшыға бұл ұлы міндеттен бас тартуға болмайды. Егер бас тартса оған немесе оның туысқандарына қайғы-қасірет,

ауру-сырқау, бақытсыздық келеді. Мұндай күйге түскен адам қиын жағдайда болады. Оған не істеу керек? Адамның бойын үрей билейді. Әрбір адамның өз қорқынышы бар. Біреулер өлімнен, біреулер жақындарынан айырылудан қорқады... Бар болғаны адамды қорқытатын мәселені таба білу ғана керек. Адамдар киелі орындарға жеке мәселелерін шешу үшін барып жатады. Осындай қиын сәттерде олар ақжолдықтардың құрған тұзағына түседі. Дәл қазіргі сәтте әлгі адамға махаббат, қауіпсіздік, денсаулық және жақындарының көмегі жетпей тұрғанын айтады.

Емшілер мен сәуегейлердің барынша көп болуы ақжолдықтар үшін аса тиімді. Өйткені олардың әрқайсысы өз үйінде орда ашып, жаңа зияратшылар мен ұйымның жаңа мүшелерін тартушыларға айналады. Зияратшылардың саны артқан сайын, діни туризмнің географиясы да артады. Осының ізінше бұдан түсетін табыстар да көбейеді.

«Бата алу» сеансы кезінде жас Аққу алдында қай ұлттың өкілі тұрғанына қарай кейде орысша, кейде қазақша сөйледі. Арнайы танысусыз-ақ ол әрбір адамға аттарын атап қайырылды және оларға әруақтардың сөздерін жеткізді. Мұндай сеанстар Аққудың немесе Сұңқардың физикалық мүмкіндігіне қарай сағаттап созылатын. Сеанстың соңында біздің Аққу өзін жағымсыз сезінді және теңселіп шеңберден шығып кетті. Зияратшылардың барлығы бірдей бата ала алмады. Міне сондықтан да жұрт наразылық білдіре бастады: «Бұл қалай, біз неге әруақтың бізге қатысты сәуегейлігін естімедік?». Осы сәтте Сұңқар барлығын тыныштандырып былай деді: «Алаңдамаңыздар, бата сіздерге де болады».

Аққу экстрасенсорлық сеанстар кезіндегі өзінің бойындағы сезімдер жайында былай дейді: «Пациенттің ауырған мүшесі әруақтың көмегімен менің тәнімде де ауырады. Осы арқылы мен пациенттің диагнозы жайында біле аламын. Кейде менің көз алдыма экран тәрізді бейне көрініп, науқастың дене мүшелерін контурлық картадан көргендей боламын. Кейде маған рух сөйлейді және менің ішімнен шығып жатқан дыбыс маған алдымдағы адамның тағдырын айтып береді. «Бата алу» сеансы кезінде, әруақтың сөзін жеткізген сәтте мен өзімнің санамның біртіндеп өшкенін байқаймын. Мен өзімнің бірдеңе деп сөйлеп жатқанымды білемін, бірақ сөзімнің мазмұны мен мағынасын білмеймін. Мен өзімнің тілімді, тәнімді біреу басқарып тұрғанын сеземін. Сеанстың соңында мен қатты шаршап, сүрініп жығыламын. Мен «Ақжолда» жасап жүрген әрекетімнің жақсы еместігін,

дұрыс еместігін білемін. Бірақ бұл құбылысқа не деп анықтама беретінімді және бұл жағдайдан қалай шығарымды білмеймін. Мен бұл нәрседен арылғым келеді».

Құрбан шалу. «Ақжолдықтардың» қасиетті орындарға жасайтын зияраттары кезіндегі міндетті ғұрпы – құрбан шалу. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб кесенелерінде, Айыртаудағы Қарасай батыр кесенесінде және өзге де ірі мемориалды кешендерде құрбан шалу рәсімі міндетті түрде орындалады. Ғұрыптың бұл түрі Түркістанда ерекше дамыған. Мұнда жергілікті тұрғындар зияратшыларға қызмет ете отырып, күніне жүздеген қойларды сатады. Әсіресе қара түсті қойларға сұраныс жоғары. Өйткені оларды бабалардың әруағы «жақсы көреді» және сол себепті олар көп береке әкеледі. Аталған бизнес жергілікті тұрғындарға қомақты табыс түсіреді. Өлген бабаның әруағын риза қылу үшін құрбан шалу бабаның мазарында орындалады. Дәл сол орында құрбандыққа шалған қойдың етінен үлкен қазандарда ет асылады. Ет қайнап жатқан уақытта, зияратшылар мазардың басына жиылады және осы орында «бата алу» рәсімі орындалады. Әруақтардың құрметіне құрбан шалынғандықтан, әруақтар да жомарттықпен зияратшылардың барлығын батамен риза етеді [6].

Ақжол қызметкерлері кейбір жағдайларда, адамдарды жаман рухтардың ықпалынан емдеу үшін қара қоразды құрбандыққа шалуды талап етеді. Адамның бойынан «жаман рухты» қуу үшін сиқыршы бауыздалған қара қоразды ұстап алып аурудың айналасында жүгіреді. Аурудың денесінің барлық бөлігін өлген қораздың қаны толық жапқанша, оның арқасынан қоразбен ұра береді.

Исламның шариғат заңдары бойынша, құрбан шалу анықталған діни ережелер негізінде тірі жануарды бауыздау. Мұсылмандар құрбан шалу ғұрпын Аллаға жақындау және Алланың ризалығын алу үшін жасайды.

«Ақжол» қозғалысының деструктивтілігі бірнеше сипаттары бойынша танылады.

«Ақжол» – авторитарлы қозғалыс. Оның негізгі мақсаты – адамдарды басқару және олардан ақша алу арқылы сол ұйымның басшылығына пайда келтіру. Осы мақсатқа жету жолында олар әртүрлі бетперделерді (дін, психология, мәдениеттану, педагогика, саясат және т.б.) киеді.

«Ақжол» қозғалысының деструктивтілігі өз мүшелерін қатаң түрде қадағалаудан байқалады. Ұйымның іліміне және жетекшілеріне

сын көзбен қарауға жол берілмейді. Кейде жекелеген адамдардың отбасынан және қоғамнан жырақ өмір сүруі тәжірибе жүзінде қолданылады. Мұндай тәжірибе кезінде адамдар қандай да бір сиқыршының үйіне, «ордаға» немесе тіпті мазарға барып тұрады. Ұйым мүшелерін бақылау олардың іс-әрекетін манипуляциялау арқылы жүзеге асады. Манипуляция дегеніміз психологиялық озбырлық. «Ақжол» қозғалысы өз іліміне сай келетін өмірлік құндылықтар мен іс-әрекеттерді адамдарға сіңіру арқылы олардың санасын бақылайды. Егер адамдарды сөзбен көндіруге күштері жетпесе, ұйым жетекшілері гипнозды, медитацияны, бір сөйлемді бірнеше мәрте қайталауды қолданады. Адамды мәңгірттендірудің әдістері ұйым тарапынан тиімді қолданылады. Нақтырақ айтқанда психологияда пайдаланылатын нейро-лингвистикалық бақылау әдістері олардың қажетіне жарауда. Бұл әдіснама арнайы құрылған сөз тіркестері арқылы адамның ойлауын және іс-әрекетін бағдарламалауға мүмкіндік береді. Бірақ психологияда бұл әдіс психологиялық саулықты жақсарту және күрделі жағдаяттарды шешу үшін қолданылады. Мұндағы бағдарламалау тұтынушының өз қалауына сәйкес таңдалып алынады. Ал сектада бұл әдіс жеке тұлғаларға ескертпестен қолданылады. Бұл ұйымдағы адамгершілік қатынастар өз деңгейінде емес, Ақжол ұйымында адамдар секта жетекшілерінің қалауын көзсіз сеніп орындайтын мәңгіртке айналып кетеді. Жеке тұлғаның дербестігі өзін-өзі жариялаған «әулиелер» мен «пайғамбарлардың» шексіз бақылауына тәуелді болады. Адамдағы құндылықтар жүйесі толығымен өзгереді. Жеке тұлғаның бар өмірі жалған діни ұйымның ережелеріне бағынады. «Ақжолдағы» психологиялық тәуелділік есірткіге тәуелді болудан кем емес [7].

Психологтарға «Ақжол» ұйымының бұрынғы мүшелері жиі шағымдануда. Психологтардың айтуынша, адамдар, әсіресе жастар бұл ұйымнан үлкен қорқынышпен, бұйығы көңіл-күймен кетеді.

«Ақжол» ұйымының қызметі салдарынан Қостанай облысының 48 жасар тұрғыны Р. Байғабылова өз-өзіне қол жұмсаған. Байғабылованың отбасы мүшелері әйелдің өз-өзіне қол жұмсауына «Ақжол» сектасы себепкер деп мәлімдеді. Туыстары мен таныстары Байғабылованың өмірде көңілді әрі энергиясы мол жан болғанын айтады. Бірақ сектаға кіргеннен соң өмірі күрт өзгерген. Бұл әйел «Ақжолдың» бастапқы ұяшығы «ордада»

тұруға жиі барып жүрген. Тылсымнан өзіне бұйыра айтылған сөздерді естігенін және оларды орындауы тиістігін Р.Байғабылова басқаларға айтқан. Қайғылы жағдай орын алардан бұрын Байғабылованың қызы анасының денесінен көптеген ісіктерді байқаған. Бұл ісіктер «жағымсыз аурадан арылту» рәсіміндегі камшының іздері болатын [8].

Бүгінгі таңда біздің мемлекет сауатты ислам теологтарына мұқтаж. «Ақжолдықтардың» исламмен байланысты емес екені барлығына мәлім болуы тиіс және оларды рухани тұрғыдан қоғамымыздан толықтай алшақтатқанымыз жөн.

Халықтың діни сауатсыздығы және діни мәселелерден бейхабарлығы діннің мәнін дұрыс түсінбеуге әкеледі. Өз кезегінде бұл діни заңдылықтар мен құндылықтарды қауіпті күштердің өз мүддесіне пайдаланып кетуіне мүмкіндіктер жасайды.

Қорытынды

Қазіргі уақытта қоғамда дінге қызығушылық жастар арасында кеңінен танымал болып отыр. Діни жаңғыру, руханиятқа бетбұрыс тұрғысынан алғанда мұны жағымды құбылыс деуге болады. Дегенмен аталған үрдістің бақылаудан тыс жүруі және шашыраңқылығы алаңдаушылық

туғызуда. Халықтың діни сауаттылығының төмендігін пайдаланған кейбір күштер діни ұрандарды жамыла отырып, билік пен байлыққа қол жеткізуді көздейді.

Дәстүрлі ислам дініміздің атын жамылған, қалың бұқараның білімсіздігін пайдаланған, мұсылманның негізгі парызы намазды орындауға шақырса да, сонымен бірге ислам канондарына қайшы келетін оккультті-мистикалық ғұрыптарды көпшілікке орындатып жүрген «Ақжол» ұйымының зияны көп. «Ақжол» қозғалысы исламмен ортақ емес. Шын мәнінде «Ақжол» қозғалысы ислам принциптеріне керісін қарама-қарсы дүниелерді насихаттап жүр.

2009 жылдың 5-ші ақпанында Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Қазақстан тұрғындарының денсаулығына зиянын тигізу арқылы мемлекет қауіпсіздігін бұзатын «Атажолы» ЖШС және «Ата жол» (Ақ жол) қозғалысының қызметін БАҚ арқылы тарату мен насихаттау жұмыстарына тыйым салынды.

«Ақжол» тәрізді ұйымның қызметіне исламтанушы теологтар «Ақжол» қозғалысының оккультті-мистикалық ғұрыптарындағы тылсым құбылыстарының табиғатын түсіндіре алады. Демек бүгінгі таңда бізге білікті ислам теологтары керек.

Әдебиеттер

- 1 Шуленова Л.В. Казахстане завелась еще одна опасная тоталитарная секта – «Атажолы» / Дорога предков», <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1202280000>
- 2 Айталы А. Мемлекет және дін. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=14016>
- 3 Беспаленко П.Н., Римский В.П. Политико-идеологические и социокультурные основания типологии нетрадиционных религий// Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки. – Тула: Тульский государственный университет, 2009. – № 1. – С. 3-13.
- 4 Акынұлы М. Орда орға жықпасын, http://imam.ucoz.kz/publ/adasqan_agymdar/11-1-0-25
- 5 Каримова Ж. Не верьте «Ата жолы», <http://informburo.kz/obshchestvo/ne-verte-ata-zholy-972.html>
- 6 Ханака Туркестана, <http://azan.kz/gallery/show/id/72.html>
- 7 Негативные факторы обрядовой и проповеднической деятельности псевдорелигиозных течений в Казахстане, <http://pricom.kz/?p=4999>
- 8 Шуленова Л. Смерть на дороге предков, http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=14467

References

- 1 Shulnova L.V. Kazahstane zavelas' eshhe odna opasnaja totalitarnaja sekta – «Atazholy» / Doroga predkov», <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1202280000>
- 2 Ajtaly A. Memleket zhane din. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=14016>
- 3 Bepalenko P.N., Rimskij V.P. Politiko-ideologicheskie i sociokul'turnye osnovaniya tipologii netradicionnyh religij// Izvestija Tul'skogo gosudarstvennogo universiteta. Gumanitarnye nauki.- Tula:Tul'skij gosudarstvennyj universitet, 2009. – № 1. – S. 3-13.
- 4 Akynuly M. Orda orga zhykpasyn, http://imam.ucoz.kz/publ/adasqan_agymdar/11-1-0-25
- 5 Karimova Zh. Ne ver'te «Ata zholy», <http://informburo.kz/obshchestvo/ne-verte-ata-zholy-972.html>
- 6 Hanaka Turkestana, <http://azan.kz/gallery/show/id/72.html>
- 7 Negativnye faktory obrjadovoj i propovednicheskoj dejatel'nosti psevdoreligioznyh techenij v Kazahstane, <http://pricom.kz/?p=4999>
- 8 Shulnova L. Smert' na doroge predkov, http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=14467

Діннің тұтастығы – елдің тұтастығы: діни алауыздық ұлттық алауыздыққа апарып соқтырады.

Маған рухани күш, яғни адамның ішкі жандүниесінің тазалығы мен діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады. Мен адам Құдайға жақын болу үшін оған қарай өмір бойы сапар шегуі керек дегенді жұбаныш етемін.

Нұрсұлтан Назарбаев

Альмухаметов А.Р., Махмет М.

**Ислами білім берудің
қазақстандық моделі:
исламтану ғылымының өткені
мен бүгіні**

Кең далада көшіп-қонып өмір сүрген көшпелі қазақ қауымына ислам дінінің таралуы талай ғасырға созылған күрделі тарихи жолды басынан өткізді. Осыған ілесе, ислам діні таралған өңірлерде исламдық оқыту жүйесі де біртіндеп жалпыласып, тарала бастады. Бұл үдеріс жаңаша оқыту кезеңі басталғанға дейін жалғасты.

Бұл мақалада қазақ даласындағы медреселер жүйесінен бастап қалыптасқан исламтану ғылымына дейінгі аралықтағы күрделі даму барысы жөнінде қысқаша тарихи дінтанулық талдау жасалынады.

Түйін сөздер: медресе, ислам, дін, мәдениет, мектеп.

Almukhametov A., Makhmet M.

**The model of Islamic education
in Kazakhstan: the past and
present Islamic studies in science**

The spread of Islam in the Kazakh community, leading a nomadic way of life was associated with a complex historical process, which lasted for several centuries. On the territory of the spread of Islam, Islamic education system was introduced gradually. This process lasted until the beginning of a new learning stage.

This article is a brief historical analysis from the theological point of view on the formation of a complex system of madrassas to Islamic science.

Key words: madrasah, Islam, religion, culture, School.

Альмухаметов А.Р., Махмет М.

**Исламское образование
в Казахстане: прошлое и
настоящее в контексте
современной исламоведческой
науки**

Распространение ислама в казахской общине, ведущей кочевой образ жизни, было сопряжено со сложными историческими процессами, которые длились несколько веков. На территории распространения ислама система обучения внедрялась постепенно. Этот процесс продолжался до начала нового этапа обучения.

В данной статье с религиоведческой точки зрения делается краткий исторический анализ сложного формирования системы медресе до исламоведческой науки.

Ключевые слова: медресе, ислам, религия, культура, школа.

**ИСЛАМИ
БІЛІМ БЕРУДІҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
МОДЕЛІ: ИСЛАМТАНУ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨТКЕНІ
МЕН БҮГІНІ**

Жаһандану дәуіріне бет бұрған бүгінгі күннің уақыт талабы мен қоғам сұранысына назар аударар болсақ, еліміздегі білім-ғылым жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өзара бірлік-байланыста интеграциялаудың қажеттілігі күн өткен сайын айқын аңғарылып келеді. Бұдан, әрине, жаһандану үдерісі, дамыған елдердің үздік үлгісі, ықпалы сезілмейді деуге болмайды. Оны да ескеріп, бақылап-зерделеп, содан кейінгі тұстарда ұлттық ерекшеліктерімізге сай ұтымды, тиімді жақтарды өмірге, тәжірибеге батыл енгізуге болады.

Тарих тамырына зер салып көрсек, қай елді болмасын, қазіргі таңдағы озық білім беру жүйесі әу бастан діни білім беруден бастау алған. Діндегі айырмашылықтар, ұлттық мәдениеттегі өзгешеліктер мен әртүрлі тарихи кезеңдер бұл процесті әртүрлі формамен қалыптастырған. Қазіргі таңда Қазақстанның жалпы халық санының 70-тен астам пайызын иеленіп отырған мұсылмандардың діни оқыту жүйесі қазіргі Қазақстандағы ғылыми оқытудың негізі болды.

Араб түбегінде пайда болған ислам дінінің қазақ даласына таралуы ертедегі Түркеш қағанаты (704-756) тұсында басталды. 751 жылы Атлах шайқасында араб әскерлері қытайларды жеңіп, Жетісу, Мавернахр, шығыс Түркістан аймағын иелеуі – қазақ даласына исламның тарала бастауынан дерек берді.

Ислам діні қазақ даласына таралғаннан кейін, көшпелі қазақ қоғамына үлкен өзгерістер алып келді. Бұрынғы діни нанымдық, ғұрыптық тұрмыс формасы ендігі жерде исламдық өң ала бастады. Осылайша, мұсылман-араб мәдениеті қазақ даласына өз әсерін көрсетті. Дегенмен ислам бірден жалпыласып кете қоймады. Бұл туралы Абай шығармасында былай өрнектеледі: «Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсіп кете алмапты» [1, 491-б].

Тарих көшінің алға жылжып, ислам дінінің Қарахандар елі мен Моғолстанның, Алтын орда мен Қазақ хандығының мемлекетті діні болуы жариялануы өңірде ислам дінінің орнығып, өркендеуіне барынша жағдай жасады.

Діннің таралуы мен дамуы нәтижесінде халық арасында діни оқыту қолға алына бастады. Ауқатты адамдар балаларын өз үйлерінде діни білімі бар адамдарды жалдап сабақ бергізді. Кейін бұл мешіт жанындағы медреселерде сабақ беруге ұласты. Осылайша, Қазақ даласындағы алғашқы діни оқу орны медресе болды. Медресе – конфессионалдық мұсылмандық мектеп.

Дін қызметкерлерін, мұсылман бастауыш мектептерінің мұғалімдерін және Таяу, Орта Шығыс, тағы да басқа елдердің мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын орта және жоғары мұсылман мектептері еді [2, 482-б.]. Тарихи деректерде айтылғандай, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін пайғамбар мешітінің жанынан тек білім алумен айналысатын мұсылмандар оқитын медресе іспеттес қарилар үйі ашылды. Бұл орындар медреселердің алғашқы бастамасы болған [3].

Зерттеуші, дінтанушы А. Әбдірәсілқызының айтуынша, Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Ең алғашқы ислами орта оқу орындары болған медреселердің араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Мұсылмандықты қабылдаған түркі халықтары үшін ислам дінінің негіздерін үйрену, шарият заңдылықтарын түсіну, зерттеу, тарату талпынысын араб тіліндегі Құран Кәрімді, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерін, исламдық мәтіндерді игеру арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін болып табылатын.

Ең алғашы ислам оқыту жүйесін медреселік оқытуды өмірге келтірген қазақ даласы болды деген пікірден басқа, парсылардың, үнділердің жерінде де медреселер ашылды деген пікір де кездеседі. Мысалы, Мәдинадан бастау алған медреселер бірте-бірте Нишапур, Бағдад, Басра, Бұқара және Самарқанда салынып жатты. Бұл дәстүр Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сығанақ секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Нақты мамандандыру жүйесі арқылы медреселерде діни білім берілсе, рухты кемелдендіру жүйесі арқылы рухани білім ордалары (текке, құжыра, забия, ханака) да қызмет етті [4].

Мұсылман мектептері оқу орындарының бастапқы сатысы болды. Бастауыш мектептен білім алған балалар оқуларын медреседе жалғастыра алды. Медреселерде ірі Бұқара, Стамбұл, Қазан, Уфа, Орынбор, Троцкі, Омбы сияқты ірі қалалардан оқып келген оқытушылар

дәріс берді. Шәкірттерге араб тілі, дін, риторика, шығыс әдебиетімен қатар физика, химия, астрономия, ботаника, алгебра, геометрия сияқты пәндер тереңдете оқытылды [5, 54-б.].

Медреселерде ересек балалар оқыған және олар емтихансыз қабылданған. Оқу қыркүйек айында басталып, мамыр айында аяқталды. Сабақтар аптасына 3-4 рет өткізілді, ал қалған күндері шәкірттер жеке дайындалуға тиіс болды. Ораза кезінде медреседегі сабақтар бір айға тоқтатылды. Жазғы демалыс уақытында шәкірттер үйлеріне қайтып, ауыл балаларын оқытумен айналысқан. Мұсылман мектептері мен медреселерін Орынбор мүфтилігі де тікелей қадағалап отырды.

Зерттеуші Қ. Адамбековтің пікірі бойынша, қазақ даласында ашылған медреселер өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Айталық, медреселер өзіне дінді, отан сүйгіштікті, отан пайдасы үшін отан балаларын жетілдіруді мақсат етті, отанға және ұлтқа деген сүйспеншілікті арттырды, тұрмыста тәуелсіз қарекет ете алу, түрлі, күнделікті мәселелер алдында абдырап қалмау, өзінің ахуалы мен мұқтажының талабына жарата аларлық, шетке шыққанда өзін тәрбие айтып, алып кетерлік білім берді.

Осы мақсатта әр жердегі әр түрдегі медреселер негізінен дін, ана тілі, есеп, орыс тілі, жағрафия, табиғаттану, ұлт тарихы, отан тарихы, ашқал және рәсім, күй және гимнастика қатарлы пәндерді оқытты [6, 19-б.].

Ислами оқу жүйесінің күн санап, қанат жаюымен, «жәдидизм «усул-ү жәдид» (жәдит тәсілі) алғашқы түрік зиялылық қозғалысы болып табылатын жәдитшілік қозғалысы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысының басында тіл, оқу-ағарту және дінмен байланысты салалардағы жаңару қозғалысы ретінде басталды. Бұл қозғалыстың негізгі өкілдері сол кезде Орта Азия бойынша діни ғұламалар Абдүлнасыр Курсави (1770-1814), Муһабеддин Маржани (1815-1889), Абдулкаюм Насыр (1824-1907), және Һусейн Феизһани (1826-1866) болды. Жәдитшілік – Ресейдегі түрік халықтарында болған экономикалық өзгерістердің нәтижесінде және осы өзгерістердің ықпалымен жанданған ояну, жаңалық қозғалысы. Кейінірек «Усул-ү жәдид» қозғалысы бүкіл түрік әлеміне тарау жолын іздеді. Бұл қозғалыс ең алдымен ағарту саласында жаңалықтар енгізуді мақсат еткен. Татар мектептерінде жаңа оқу әдісінің қолданылуының талқылануы кезінде ескі әдісті қолдайтын «қадимшілер» жаңа әдісті қолдайтын «жәдитшілер» арасында бір тартыс басталған

болатын» [7, 116-6]. 1905 жылдан бастап ескі оқу жүйесіндегі Қадимшылардың саны азайып, жадиттік оқыту жүйесі басым орынға шықты. Жәдидтік қозғалыстың жандануы «жаңа әдісті» мұсылмандық медресе, мектептердің көптеп ашылуына алып келді.

Уфадағы «Ғалия» медресесі 1905 жылы ашылып, қазақ балаларының оқитын орындарының біріне айналды. Ол жоғары мұсылман оқу орны ретінде татар, башқұрт және Ресейдегі басқа мұсылман халықтарын ағарту саласында үлкен рөл атқарды. «Ғалияға» білімге құштар мұсылман жастары жер-жерден ағылды. Мұнда қызғылықты әдебиет кештері өткізіліп, пікірсайыс клубтары жұмыс істеді. Қазақ, татар, өзбек тілдерінде қолжазба журналдар шығарылды [8, 182-183-б]. Медресеге орта сыныптық «рушдиядан» өткендер сынақ тапсыру жолымен қабылданған. Төменгі басқыш «ибтидаияда» үш жыл, орта «рушдияда» үш жыл, жоғарғы «Ғалияда» алты жыл, жиыны он екі жыл оқыған. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары Ж. Тілепбергенев, М. Жұмабаев, Б. Майлин, Т. Жомартбаев, Б. Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырды.

Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулвалиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. «Мамания» медресесі 1899 жылы Ақсуда бой көтерді. Бастапқы кезде медреседегі оқу араб жазуы негізінде діни бағытта ғана оқытылды. Ал 1904 жылдан бастап Сейітбаттал мен Есенғұл Тұрысбековтер медресені жаңа әдісті оқу орны ретінде қайта құрып, қажетті мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырған. «Мамания» медресесін оқып шыққандар кейіннен Уфа, Орынбор сияқты ірі қалаларда оқуларын жалғастырған. Мұсылманша оқитын оқушылардың саны жыл сайын артып отырды. Патша шенеуніктері панисламизм пен пантүркізм идеяларын насихаттауы мүмкін деген қорқынышпен жаңа әдісті мектептердің оқу жүйесіне енгізілгеніне қарсы болды. Сондықтан мұсылман медреселері мен мектептерінің оқу бағдарламалары қатаң тексеріліп, дәріс беретін мұғалімдер құпия түрде бақылауға алынып, олардың іс-әрекеті турасында арнайы іс ашылған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында ашылған мұсылман мектеп-медреселері мен ағартушылық қоғамдарының ағарту саласына қосқан маңызы зор [9].

Қазақ даласындағы ислами білім беру тек қазіргі Қазақстан территориясымен шектелмеді. Шетелдегі қандастар арасында да діни оқыту өз бетінше қанат жайды. Мысалы. Қазіргі ҚХР иелігіндегі Шығыс Түркістан қазақтары да алғашқы оқу-ағарту ісін діни оқудан бастады. Исламның бұл өңірге таралуы ерте болғанымен, діни оқыту істері жайырақ басталды. Тарихи деректерге негізделгенде, 1827 жылы Алтай молдалары арасында беделді Мұхамет Момын (оқымысты Шаһи Мансур ұлы) Алтайдағы Қожамжар төре ауылында төре бейіті деген жерден үй салып, жанынан медресе ашып, бала оқытады. Кейіннен бұл медресенің орнына мешіт салдырады. Оның сыртқы көрінісіне қарап халық «сары мешіт» деп атап кетті. Мұхамет Момын атқарған қызметтерінің арқасында қазылық қызметіне көтеріледі. Осылайша Алтайда тұңғыш ислами үкім шығаратын қазылық билік жүйесі орнайды [10, 25-26 б.].

Тарихшы, ғалым Қабимолла Мәнжібаевтің «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» деген еңбегінде: «Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген өңірлерде медреселі мешіттер XIX ғасырдың екінші жартысының соңынан бастап салына бастаған. Бұған Алтайдың Сары терек деген жерінде 1870 жылы салынған «Жота қажы» медресесін айтуға болады. 1920 жылы Іле ауданында «Тоқжан» медресесі салынған», – деген дерек кездестіреміз [11, 168-б.].

Шығыс Түркістан өңірінің әр түкпірнен ашылған медреселерден Ақыт Үлімжіұлы, Мәми бейсі, Зуқа Сәбитұлы, Бөке батыр Жырғалаңұлы, Оспан батыр Сіләмұлы, Ғазез Ақытұлы қатарлы қазақтың біртуар оқымыстылары мен қоғам қайраткерлері шыққан. Ғазез Ақытұлы алғаш рет қасиетті Құран Кәрімді қазақшаға аударып бастырып, 3000 данамен халыққа таратқан. Бұндай игі істер Қазақстан территориясындағы ислами ілімдерінің қанат жаюына да өз септігін тигізді.

Бұл оқу орындарынан білім алған қазақ шәкірттердің кейбіреулері шет мемлекеттерде білімдерін жалғастырып, ғылым жолына түссе, ал біреулері қазақ қоғамының қызметіне белсене араласып, қазақ газет-журналдарын, оқулықтарын шығаруға белсене араласты. Осы оқу орындарын бітіргендер қазақ зиялыларының қатарын толықтырып, мемлекеттік орындарда қызмет етті. Кеңестік кезеңде ислам білім беру

жүйесі тоқырауға ұшырады деп мойындауға болады. Кеңестік идеология дінді мемлекеттен толық бөлуді мақсат етіп қойып, жүзеге асыруға тырысты. Дегенмен, мемлекет өмірінен тыс, стихиялы түрде ислам қағидалары мен талаптары туралы білім ишандар мен ахундардың ілімдерінде насихатталып, таратылып отырғаны белгілі. Мысалы, қазақ еліндегі ислам дінінің алғашқы орталығы саналатын Сыр өңірінде Қалтай ахун, Ақмырза ахун, Марал ишан секілді көптеген кісілердің еңбектері кең таралған. Дегенмен, олардың көпшілігі репрессияның құрбандарына айналды [9].

Тарихи, саяси себептермен, Монғол жорығы және кеңестік кезеңдерде әлсірген ислами оқыту жүйесі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары қайта түледі. 1990 жылғы 12 қаңтарда өткен Қазақстан мұсылмандарының тұңғыш құрылтайында дербес Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы құрылды. Республикада ислам дінін оқытып-үйрететін мамандар даярлау, ислам дінін насихаттау, сондай-ақ, шет елдік діни ұйымдармен, бірлестіктермен, оқу орындарымен қарым-қатынас орнату, діни әдебиеттер, оқулықтар, т.б. қажетті басылымдарды әзірлеу сынды мақсаттарға ие бұл мекеме өз жұмыстарын жан-жақты тиянақты жүргізіп келеді.

Тәуелсіздік таңы атып, дініміз бен тілімізге қайта оралып отырған бүгінгі күнде, ислами оқыту жүйесі мемлекет тарапынан зор қолдау тауып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарасты курстар, медреселер және имамдар біліктілігін жетілдіру институты, сондай-ақ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ақылшылығымен университет деңгейінде дін мамандары дайындалады:

1. Мешіттер жанындағы діни сауат ашу мен Құран сүрелерін жаттау курстары.
2. Діни оқу-тәрбие процесін жүргізетін Қайырымдылық мекемелері.
3. Құран кәрім сүрелерін кәсіби тұрғыда жатқа оқуды үйрететін қарилар дайындау орталықтары.
4. Медреселер.
5. Университет.

Мешіттер жанындағы діни сауат ашу мен Құран сүрелерін жаттау курстары – Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі мешіттердің жанынан ұйымдастырылатын діни сауат ашу курстары білім алуға ниетті шәкірттердің жасы мен білім деңгейін ескере отырып, оларды топтарға бөліп сатылы білім береді. Сол арқылы оның діни тәлім-тәрбие алуын және имандылыққа

бейімделуін, мұсылмандық тұлғасының қалыптасуына толыққанды үлесін қосады.

Курсты тәмамдаған тұлға бес парызға қатысты мәселелерді игерумен қатар арабша хат танып, Құран кітабын оқи алатын, бірнеше сүрелерді қағидасымен жатқа оқитын деңгейге жетеді. Жалпы білім беру-оқыту мерзімін толық орындаған, сынақтан өткен шәкірттерге сертификат табысталып, өз қалауларымен Құран жаттау курсында оқуын жалғастырады.

Орта арнаулы діни білім беретін медреселер 2007 жылдан бері Астана, Алматы, Павлодар, Орал, Ақтөбе, Шымкент, Сарыағаш, Шамалған, Тараз өңірлерінде ашылған. Оқу мерзімі – 3 жыл. Өткен жылдары 11 сыныпты бітірген немесе колледж, университет тамамдаған шәкірттер қалдырылып келсе, 2015 жылдан бастап, Сарыағаш медресесінде 9 сыныпты бітіргендер де қабылдана бастады. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында қыздарға арналған медреселер де бой көтерген.

Алғашында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты орта арнаулы діни білім беретін медреселер заман және уақыт талабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қажетті мамандықтар тізіміне енгізіліп, мамандыққа мемлекеттік шифр берілген. Соның нәтижесінде медреселердің оқыту жоспары мемлекеттік стандартқа сәйкес жасалынған.

Медреселердің оқу жоспарына Құран, хадис, ақида, фикһ, дағуат әдістемесі, пайғамбарлар тарихы, араб тілі қатарлы ислами пәндерден сырт, Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, информатика, мәдениеттану, экономика қатарлы зайырлы пәндер де енгізілген. Оқытылатын барлық оқулықтар, әдебиеттер мен оқу бағдарламасы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан ханафи мазхабының ұстанымдарымен толық сәйкестігі тексеріле отырып бекітілген.

Ислами оқу беретін Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті. Университет құрылғаннан кейін Ислами білім беру жүйесі жүйелі білім беруге көшкен. Көп жылдық қызмет пен ізденістер нәтижесінде, ислами оқыту жүйесі исламтану мамандығы болып, 2011 жылы тіркеуден өтті. Алғашында бакалавр жүйесінде ғана оқытылып келген мамандық, қоғам талабы мен ғылыми сұраныс қажеттілігін қанағаттандыру үшін 2008 жылы магистратура бөлімі және 2012 жылы докторантура бөлімі ашылды.

Исламтану мамандығы қазіргі таңдағы қалыптасқан қоғамдық, саяси жағдайларға байланысты, мемлекеттік маңызға ие ірі мамандыққа

айналып отыр. Сол себепті, мамандыққа мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, жыл сайын мемлекеттік білім гранттары бөлініп келеді.

Шәкірттерге сапалы ислами білім беру, отандық оқыту жүйесін халықаралық білім беру кеңістігіне шығару – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Университет ислами оқыту үрдісінде, Мысыр Араб Республикасы, Түркия, Малайзия, Ресей қатарлы мемлекеттермен ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылған.

Шәкірттердің университетте сапалы, жүйелі білім алуына шарт-жағдай жасау мақсатында Талғар қаласында университеттің исламтану мамандығының түсушілеріне арналған дайындық курсы жұмыс жасайды. Дайындық курсында шәкірттер ислами білімдермен қатар, араб тілі, қазақ тілі және Қазақстан тарихы пәндерінен дайындалады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде исламтану мамандығының білім алушылары тек діни бағытта ғана емес, ғылыми бағытта да жоғары білім алу мүмкіндігіне ие. 2015 жылдың мамыр айында Исламтану мамандығы

ұлттық-инстиционалдық аккредиттеуден сәтті өтіп, республикалық білім үдерісінде өз орнын қалыптастырды.

Қорытып айтқанда, нақты зерттеулерге сүйене отырып байқайтынымыз – қазақ даласы дін ғұламалары көптеп шыққан киелі мекен. Бұл өңірде әл-Фараби, Ахмет Яссауи, әс-Сығанақи, әл-Қарнақи, әл-Исфиджаби атты шоғыр ғұламалар болған. Мұндай оқымыстылар кеңес үкіметіне дейін жалғасқан [12]. Дін ғұламалары мен олардан тәлім алған шәкірттер қазақ жерінде жаңаша діни білім беру жүйесін қалыптастырды. Тарихи жағдайлармен аз-кем үзіліс тапқан оқыту жүйесі тәуелсіздікпен бірге қайта түледі.

Дәстүрлі Ханафи мазһабындағы қазақ қоғамы ислами оқыту жүйесінен жаңа формадағы исламтану мамандығына дейінгі аралықта күрделі қалыптасу барысын бастан кешірді. Ислами оқу жүйесі – қазақ халқының діни және ғылыми сауат ашуының негізі болса, исламтану ғылымы – ислам ілімдерін жүйелі қарастыратын ғылыми бағытқа айналды. Халық ықыласы мен ел үкіметінің қолдауымен хақ дінді оқытуға деген талап пен талпыныстың арта берері даусыз.

Әдебиеттер

- 1 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961.
- 2 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006.
- 3 Елмалылы Хамди Языр. «Құран ділі Хақ дини». – Стамбул. II/940–941
- 4 Ержан Қ., Махмет М. Діни білім беру орталықтары: кеше және бүгінгі: исламтану және араб филологиясы мәселелері – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2014. – 13 том. – 74-81 бет.
- 5 Миropиев М.А. О положении русских инородцев. – СПб., 1901.
- 6 Адамбосынов Қ. Қазақстан медреселеріндегі ұлт тарихы // Қазақ ордасы. – 2003. – №1
- 7 Яшар Шахиноғлы. Жәдитшілік және Исмаил Гаспаралы // Түркология журналы. – №3 (23). – 2006. – 128 бет.
- 8 История Уфы, 1981 ж.
- 9 www.e-history.kz
- 10 Мынжанұлы Н. Ислам дінінің қазақ халқына таралуы // Шынжаң қоғамдық ғылымдары журналы. – 1990. – № 1.
- 11 Мәнжібаев Қ. Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. – Үрімжі: «Халық», 1998.
- 12 Керім Ш. Исламды оқыту, игеру-өркеніетке сай ғылыми тұрғыдан жүргізілгені ләзім // Егемен Қазақстан газеті. – 29 маусым 2014 ж.

References

- 1 Abaj Qunanbayuly. Shygharmalarynyñ bir tomдық toлық zhinary. – Almaty, 1961.
- 2 Oryssha-kazaksha tysindirme sözdik: Pedagogika. – Pavlodar: «JeKO» ҒӨФ. 2006.
- 3 Elmalyly Hamdi Jazyr. «Qұran dili Haқ dini». – Stanbul. II/940–941
- 4 Erzhan Q., Mahmet M. Dini bilim beru ortalyqtary: keshe zhәне bygini: islamtanu zhәне arab filologijasy мәселелері – halykaralyқ ғыlymi-tәzhiribelik konferenciya materialdary. – 2014. – 13 tom. – 74-81 bet.
- 5 Miropiev M.A. O polozhenii russkih inorodcev. – SPb., 1901.
- 6 Adambosynov Q. Kazakstan medreselerindegi ұlt tarihy // Kazak ordasy. – 2003. – №1
- 7 Jashar Shahinorly. Zhәditshilik zhәне Ismail Gasparaly // Tyrkologiya zhurnaly. – №3 (23). – 2006. – 128 bet.
- 8 Istorija Ufy, 1981 zh.
- 9 www.e-history.kz
- 10 Myñzhanұly N. Islam dininiñ kazak halkyna taraluy // Shynzhañ qoғamдық ғыlymdary zhurnaly. – 1990. – № 1.
- 11 Mәnzhibaev Q. Kazak oқu-aғartu tarihyнан qysqasha derekter. – Yrimzhi: «Halyқ», 1998.
- 12 Kerim Sh. Islamdy okytu, igeru-örkenietke saj ғыlymi tırғыdan zhүrgizilgeni lәzim // Egemen Kazakstan gazeti. – 29 mausym 2014 zh.

Бағашаров Қ.С.
**Ислам жүйесінде бала
тәрбиесінің орны**

Мақалада ислам дініндегі тәрбие жүйесі, әсіресе бала тәрбиесінің орны, бала тәрбиесінің нәзік тұстары, балаға жеткілікті көңіл бөлуде Мұхаммед пайғамбардың өзіндік тәжірибесі, бала тәрбиесінің мұсылмандық негіздері жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, Мұхаммед пайғамбардың балаларға қалай көңіл бөлгені, тәрбиеге үлкен жауапкершілікпен қарағаны, баланы тәрбиелеу үшін мейірімділік таныту, жақсы көру, ақылмен еркелету, көңіл бөліп ойнату, адал несібемен бағып-қағу, ұл-қыз деп алаламау, ешқашан алдамау, берген уәдені орындау ұстанымдары айқындалады. Бұған қоса, әр қылығына түсіністікпен қарау, жынысына сай тәрбие беру, денесін шымырлыққа шынықтыру, жастайынан иман негіздерін сіңіру, ата-ана ретінде отбасында жақсы өнеге көрсетіп, нашар қылықтарға жуытпау, баланы жастайынан тазалыққа, адамгершілікке, ізгілікке, мұсылмандық әдептілікке баулу мәселелері тілге етіледі.

Түйін сөздер: бала тәрбиесі, ислам, Мұхаммед, мұсылмандық.

Bagasharov K.S.
**Place children's education in
Islam**

The article discusses the system of education in Islam, in particular, the place of parenting, subtle aspects of children's education, the experience of the Prophet Muhammad in matters full attention to the children, Muslim foundations in the children's upbringing, and others reveals the principles that adhere to the Prophet Muhammad in the education: Full attention, as a high level of responsibility in the upbringing and mercy, love, mischief reasonable, cooperative games, child permissible religion, not separating children by gender, unacceptable lies in education, the performance promises. However, addresses such topics as : treat with understanding for the misdeeds of children education, taking into account peculiarities of the child's sex, positive parental example, not to provoke bad behavior in the child vaccination in childhood healthy lifestyle, purity, humanity, kindness, fundamentals of religion and Muslim morality.

Key words: Child's education, Islam, Muhammad, muslim.

Бағашаров К.С.
**Место детского воспитания
в исламе**

В статье рассматривается система воспитания в исламе, в частности, место воспитания детей, тонкие аспекты детского воспитания, опыт пророка Мухаммеда в вопросах полноценного внимания к детям, мусульманские основы в детском воспитании и др. Раскрываются принципы, которых придерживался пророк Мухаммед при воспитании: полноценное внимание, проявление большой ответственности и милосердия при воспитании, любовь, разумное баловство, совместные игры, обеспечение детей дозволенным религией, неразделения детей по половому признаку, неприемлемость лжи в воспитании, исполнение данных обещаний. Вместе с тем затрагиваются такие темы, как: относиться с пониманием за проступки детей, воспитание с учетом особенностей пола ребенка, положительный родительский пример, не провоцировать плохое поведение у ребенка, прививание с детского возраста здорового образа жизни, чистоты, гуманизма, доброты, основ религии и мусульманской нравственности.

Ключевые слова: воспитание ребенка, ислам, Мухаммед, мусульманство.

ИСЛАМ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ОРНЫ

Кіріспе

Бүгінгі күні елімізде дәстүрлі исламға қарқынды бетбұрыс байқалып отырғаны шындық. Осы орайда Исламды тек құлшылық қана емес, тәрбие негізі ретінде қарастырудың берері мол. Мақалада Ислам дініндегі бала тәрбиесінің орны қарастырылды. Бүгінге дейін елімізде зерттелмеген исламдағы бала тәрбиесінің маңызды тұстарын ашу мақсат ретінде алға қойылды. Осы мақсатқа сай Мұхаммед пайғамбардың өмірлік тәжірибесі сарапқа салынады. Мұхаммед пайғамбардың балаға деген ұстанымдары негізге алына отырып, Ислам жүйесіндегі бала тәрбиесінің орны анықталады. Исламда отбасы құрудағы негізгі мақсаттардың бірі – өмірге ұрпақ әкелу, иманды, ізгі ұрпақ тәрбиелеу. Хадисте бұл турасында «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – ол тәрбие» делінген. Балаға көңіл аудару, өскенде жаны ізгілікке толы мұсылман, қоғамға пайдалы азамат етіп қалыптастыру – үлкен сауапты істің бірі. Сондықтан Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) ата-аналарға: «Балаға бір мәрте көңіл бөліп, тәрбие беру – бір сағ¹ көлемінде садақа бергеннен де жақсы», «Кімде-кім жылаған баланы жұбатса, Аллаһ тағала жаннатта оған қалағанынша сый-сияпат береді» – деп, балаға көңіл бөлудің сауап жағынан да артықшылығын ұқтырған.

«Тәрбие» – арабтың сөзі. «Көктету, өсіру, жетілдіру» деген мағынаны білдіреді. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінің алғысөзінде адамның басқа жаратылыстардан бөлек екенін, тәрбиені қажетсінетінін былай деп білдірген: «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағип, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы – туғанда іңгөлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды» [1, 4 б.]

¹ Бір сағ – 2120 граммға тең.

Тәрбие кешенді, жан-жақты қолға алынуы тиіс. Алайда тәрбиенің өзегін қайдан алу керек? Кемел тәрбиені қайдан табамыз? Қала берді, тәрбие берудегі мақсатымыз не болуы тиіс? Тәрбиеден не күтеміз?

Бұл мәселеге аталмыш еңбегінде М.Жұмабаев төмендегідей жауап айтады:

«Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» [1, 4 б.]

Демек, баланы тәрбиелеудегі мақсат – оны жан-жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Осы орайда, Ислам дінінің кемел тәрбиеге қосар үлесі зор. Ал, Исламдағы тәрбие негіздерімен танысуға руханият дамып келе жатқан бүгінгі күні толық мүмкіндік туып отыр. Исламда бала тәрбиесі жігіттің өзіне қалыңдық таңдау сәтінен-ақ басталады. Өйткені, болашақ ананың ары бар, ақылы бар, ұятты, көргенді, діндар болуы ұрпақ тәрбиесіне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Шығыс халықтарында айтылатын «Бала қымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні терең. Өйткені, тәрбиелі ұрпақ – ата-ананың мақтанышы, елдің ертеңі. Кез келген халықтың болашағы, оның өміршеңдігі рухани қайнардан сусындаған, ұлттық рухы кемел, жақсы тәрбиеленген ұрпақтың қолында. Егер ұлт өз болашағын аманат етіп тапсыратын текті, саналы ұрпақ өсіре алмаса, оның келешегі бұлыңғыр тартпақ. Сөз жоқ, ұрпақ тәрбиесіне, ұлттың келешегіне ата-ана жауапты. Сондай-ақ баланың тар ойлы, жетесіз болып өсуіне, парықсыз қылық танытуына тәрбиешінің кінәланғаны тегін емес. Тіпті «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген Иран елінің мәтелі де осыдан туған. Сол себепті ұрпағының өзінен оза туғанын қалаған мұсылман халықтары бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қараған.

Халқымыздың бір ерекшелігі – тәрбиеге үлкен мән беруінде. Өйткені, бүкіл салт-санасы, әдет-ғұрпы, ертегі, аңыздары, мақал-мәтелдері, жыр-термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары барлығы да айналып келіп тәрбиеге тірелген. Бірақ, өкініштісі, соңғы жылдары қазақ қоғамында да ұлттық тәрбие жүйесі қағажу көріп, тәрбиелік ырғағы бұзылып, бала тәрбиесінің тым нашарлап кеткені белгілі.

Оған есірткі мен анашаға тәуелділер, ішкілік пен темекіге әуестер, жасөспірімдер арасында бұзақылықтар мен қылмыстың өршіп кетуі т.б. дәлел. Себептер де аз емес. Көбіне іскерге қоймадағы жүгі, саудагерге сатқан малы, шенеунікке шен-шекпенінің қымбат болуы, үй ішіндегі күйбең тіршіліктен шешенің қолының бір босамауы, жұмысбастылықтан әкенің уақыт таппауы т.б. Қазіргі уақытта теледидардағы кино мен мультфильмдердің көбі атыс-шабыс, төбелес, қирату, ұру, сындыру, күш көрсетуге негізделген. Ал бұл себептердің санасы әлі қалыптаса қоймаған балаға зиянды екені айтпаса да түсінікті.

Ұлыбританияда теледидардың әсері жайында жазылған 2286 мақаланы сараптағанда, көптеген зерттеушілердің ортақ ой тоғыстырған тұсы – теледидардан көрсетілетін қатыгездік пен озбырлық әрекеттердің көрермендерге де жұғатындығы. Бұл жағдай, әсіресе, бала санасына көбірек әсер қалдырады. Баланың теледидардан не көрсе соны істейтіндігі, жағымды-жағымсыз қылық болсын өзіне үлгі ретінде қабылдап, соған қатты еліктейтіндігі байқалған.

Америкада 8 жасынан 30 жасына дейінгі адамдардың өмірі зерттелгенде, жас кезінен ұрыс-төбелеске жақын бағдарламаларды көбірек көріп өскен адамдардың кейін өскенде де мейірімсіз, тасжүректеу келетіндігі, қылмыс істеуге де жақын тұратындығы анықталған. Сондай-ақ олардың өз балаларын сотқар етіп өсіретіндіктерімен қоймай, оларға күштеп жаза беруге де дайын тұратындықтары байқалған. Міне, бұлар бала тәрбиесінің негізін шайқалтатын кері іс-әрекеттер болып табылады. Бұл сондай-ақ егер бала тәрбиесімен саналы түрде айналыспасақ, болашақта бізді үлкен қауіп-қатер күтіп тұрғанын ұқтырады. Бұл кереғарлықтардың қатарына дәстүрден қол үзгенімізді, дініміздегі тәрбие құндылықтарымен жете таныс болмағанымызды да қосыңыз.

Мұхаммедпайғамбар (с.а.у.) өз тәжірибесінде бала өмірге келмей жатып-ақ оған қамқөңілділік танытқан. Баланың өмір есігін ашқанын қуаныш көрген. Туыла салысымен мұсылмандық тәрбие нышандарын жасаған. Айталық, қызы Фатима (р.а.) босанып, немересі Хасанды алғаш көргенде, үстіндегі сары жаялығын шешіп, ақ жаялыққа ораған [2, 337-338 б.] Бұл оның сәби жынысына сай түсті таңдағанын білдірсе керек. Сәби туылғанда сүйінші бергенді ұнатқан. Өзінің ұлы Ибраһим туылғанда, сүйінші сұрап келген Әбу Рафиға сый-сияпат тарту еткен. Жаңа туған сәбиді құшағына алып тұрып, игі

дұға тілейтін, сосын құрманың сөлін таңдайына жағып, алғашқы дәм таттыратын болған. Айша анамыз бұл жайды: «Пайғамбарымыз өзіне әкелінген нәрестелердің әрбіріне береке тілеп, дұға оқитын», – деп еске алған [3, 108 б.]

Балаларды жүректің жемісіне (сәмәртүл-күлуб), көздің нұрына (құрратул-айн) теңеген Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) Абдуллаһ ибн Аббасқа бала кезінде: «Иә, Алла тағалам, бұған хикмет үйрете гөр!» деп дұға жасаған. Ал Әнәсқа (р.а.) байлығы мен бала-шағасының көп болуын, ұзақ өмір сүруін, берген садақаларының қайырлы болуын тілеген. «Ата-ананың баласы үшін жасаған дұғасы қабыл болады» деген Пайғамбар бала тәрбиесінде Алладан тілек тілеп, дұға жасауда үлкен мән бар екенін осылай ұқтырып отырған.

Нәрестелерге туыла салысымен ат қойған кездері болған. Бірақ, көбіне бұған нәресте туылғаннан кейінгі жетінші күнді дұрыс көрген. Сәбиге азан шақырып, ат қоюды ата-ананың балаға деген алғашқы міндетінің біріне жатқызған. Сондай-ақ әрдайым балаға мағыналы, жақсы ат қоюға шақырған. Бұның мәнін «Сендер қиямет күні өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Олай болса балаға әдемі есім қойыңдар» [3, 70 б.] деп түсіндірген. Ең әдемі есімдердің қатарына Абдуллаһ (Алланың құлы) және Абдуррахман (Рахманның құлы) деген қос есімді жатқызған. Кей нашар аттарды мағынасы дұрыс, естір құлаққа жағымды есімдерге өзгерткен.

Немерелері Хасан мен Хүсейін (р.а.) өмірге келгенде, немерелі болғанына шүкіршілік білдіріп, арнайы құрбандық шалған (ақиқа). Қызы Фатимаға (р.а.) сәбилердің үлпілдек шашын алып, алынған шаштың салмағындай садақа беруді тапсырған [4, 109 б.] «Нәрестеге берілген сүт адамның болашақ табиғаты мен мінез-құлқын қалыптастырады» деп, адал сүтпен қоректендірудің маңызын ұқтырған. Қандай да бір себеппен баланы басқа біреу емізген жағдайда, харамға ауыз салмайтын адал жанға табыстауға көңіл бөлуді аңғартқан.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) жылаған баланы жұбатуға да ерекше көңіл бөлетін. «Кімде-кім жылаған баласын жұбатуға тырысса, Алла тағала жаннатта оған риза болғанға дейін нығметтерін үйіп-төгеді» деген ол жамағатқа намаз оқытып тұрғанда, жылаған баланың дауысын естісе, намазды тезірек бітіруге тырысатын.

Бірде таң намазын әдеттегіден жылдам оқып бітіреді. Сахабалардың бірі бұған таңданып: «Уа, расулалла, бүгін намазды неліктен жыл-

дам аяқтадыңыз?» – деп сұрағанда, «Арт жақтан жылаған баланың дауысын естімедің бе? Анасы барып тезірек жұбатқанын қаладым», – деген жауап естіген [5, 122 б.].

Үйіне кіре бергенде баланың жылаған дауысын естіп: «Мына бала неге жылап жатыр, көз тиюге қарсы оқытпап па едіңдер?» – деп сұрағаны да бар [6, 72 б.].

Мұхаммед пайғамбар балалардың кіш етіп қойғанына да түсіністікпен қарайтын. Бұл жайында Уммул-Фадл басынан өткен мына бір оқиғаны баяндаған:

«Мен Әлидің ұлы Хүсейінді емізіп жатқанымда Алла елшісі (с.а.у.) қасыма келіп, баланы сұрады. Қолына ұстатқаным сол еді, сәби үстіне сиіп қойды. Баланы қайта алмақ болып қолымды соза бергенімде: «Асықпа, аяқтасын. Кедергі жасама», – деді. Ал киімінің былғанған жерін сумен тазалап жіберді» [7, 180 б.] Баланың еркінен тыс болған іске қабақ шытпайтын.

Баланы алдамауға, берген уәдені орындауға қатты көңіл бөлетін.

Бірде Мәдинаға хижрет жасаған сахаба аналарымыздың бірі Ләйла (р.а.) Пайғамбарымыздың үйінде отырған кезінде сыртта ойнап жүрген ұлын шақырып:

– Балам, келе қойшы, саған бір нәрсе беремін, – дейді.

Бұны естігенде Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) дереу одан:

– Ұлыңызға не бермексіз? – деп сұрайды.

Әйел:

– Құрма берейін деп едім, – дегенінде, – Егер балаға «бір нәрсе берем» деп шақырып, ешнәрсе бермесеңіз, амал дәптеріңізге «өтірік айтты» деп жазылар еді, – деп ескерткен [3, 80 б.]

Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) балаларға деген сүйіспеншілігі турасында он жыл қызметінде болған Әнәс (р.а.) былай дейді: «Бала-шағасына пайғамбардан артық мейірімді жанды көрмедім». Бір хадисінде былай деген: «Балаларыңды көп сүйіндер. Себебі, сүйген сайын жаннатта бір дәреже беріледі. Әрбір дәреженің ара қашықтығы бес жүз жыл. Періштелер әр сүйгендеріңді санап, жазып отырады». Бір күні немересі Хасанды өбектеп, сүйгіштеп отырғанда, қасына келген Акра ибн Хабис: «Менің бір емес он балам бар, ешқайсысын әлі күнге басынан сипап, маңдайынан сүйген емеспін», – дейді таңданып. Сонда пайғамбар: «Сен басқаларға мейірімділік танытпасаң, Алла да саған мейірімділік көрсетпейді», – деген мағынада жауап қатады [3, 156 б.]

Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) балаларды райхан гүліне ұқсатып, ал иісін жаннаттың иісіне теңеген. Немерелерін жиі-жиі қасына шақырып, бауырына басып, мейірлене иіскейтін. Тіпті кейде оларды құшақтап, сүйгеннен кейін: «Иә, Алла тағалам, бұларды мен жақсы көремін, Сен де жақсы көре гөр!» деп дұға ететін. Бөлмесіне ешкім кірмесін деген уақыттарда да немерелері кірсе қарсылық танытпайтын. Тіпті мешітте жамағатпен намаз оқып жатқанда немерелері келіп ұмар-жұмар үстіне асылып ойнайтын.

Әбу Қатадә былай дейді:

«Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір күні жиен немересі Умамәні иығына отырғызған күйде мешітке келді. Жамағатқа намаз оқытты. Рұқуғқа иілгенде қызды жерге түсіретін, сәждеден тұрған кезде қайтадан алатын». Ханафи мәзхабының ғалымдары осы хадистен үкім шығарып, намаз оқып тұрған кезде осы секілді мәжбүрлік жағдайда артық қимыл жасауға болатынын айтады.

Бір күні хазірет пайғамбар немерелері Хасан мен Хүсейнді арқалаған күйде мешітке кіреді. Жамағатқа намаз оқыту үшін орнына барып тұрады да, балаларды оң жағына отырғызады. Өзі сәждеге барған кезде сәждені ұзақ жасайды. Намаз біткен соң жамағат: «Уа, расулалла, намазда сәждені көбірек создыңыз. Мұндай сәждені бұрын-соңды көрмеген едік. Бұл Алла тағаланың әмірі ме?» – деп сұрайды. Сонда: «Жоқ, бұл Алланың әмірі емес. Немерем арқама мініп алды. Өзі түскенге дейін күткенді дұрыс көрдім», – деп жауап береді [4, 165-166 б.]

Басқа риуаяттарда хазірет Пайғамбар (с.а.с.) намазда сәжде жасағанда немерелерінің арқасына мініп алатыны, сәждеден тұрар кезде жайлап жерге түсіретіні, құлап кетпесін деп қолымен ұстап, рұқуғ жасаған кезінде аяқтарын ашып тұратыны, намаз біткен соң оларды бауырына басып, сүйетіні жайлы айтылады. Кейде сахабалар бұндай сәттерде намазға кедергі жасамау үшін балаларды көтеріп алмақшы болған кездерінде Пайғамбар (с.а.у.) оларға тиіспеуге ым жасайтын. Намаздан кейін «Балаларды алып анасына апарайық» дегендерге де, «Тиіспендер», – дейтін. Біраздан кейін өзі немерелеріне «Аналарыңа бара қойыңдар», – дегенде, олар өз еріктерімен тұрып, үйлеріне қарай жүгіре жөнелетін.

Жұма күні бірде пайғамбар хұтба оқып жатқан болатын. Немерелері Хасан мен Хүсейін сүріне-қабына мешітке кірді. Пайғамбар (с.а.у.) сөйлеп жатқан жерінен тоқтап, мінберден түсіп, екеуін көтеріп алады да, мінберге қайта шығады. Екеуін алдына отырғызып: «Алла тағала: «Бала-

ларың мен дүние-мүліктерің сендер үшін сынақ» деп қалай дұрыс айтқан. Олардың құлап-сүрініп келе жатқанын көрген кезде шыдай алмадым, айтып жатқан сөзімді бөліп, барып оларды құшағыма алдым», – дейді.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) тек өз балалары мен немерелерін ғана емес, сахабалардың да балаларын жақсы көрген. Усамә (р.а.) өзінің балалық шағындағы бақытты сәтін былай баяндайды: «Алла расулы бір тізесіне мені, екінші тізесіне немересі Хасанды отырғызды, сосын бізді құшағына қысып: «Уа, Жасаған ием, бұларға рақымдылығыңды төге гөр, себебі мен де оларға мейірімдімін», – деді» [8, 22 б.]

«Баласы бар баламен бала болсын» деп өсиет қалдырған Пайғамбар жас сәбилерге ерекше мейіріммен қараған. Кейде өзі де немерелеріне ат болып, кейде иығына мінігізіп жүріп ойнатқан. Бірде оның екі немересі Хасан мен Хүсейнді иығына отырғызып алып, көтеріп ойнатып жүргенін көрген Омар (р.а.) бұған қатты сүйсініп «Әй, балақайлар, мініп алған сәйгүліктерің қандай тамаша!», – дейді. Сонда Пайғамбар оған «Олар да осал атқа мінерлер емес», – деп жауап береді.

Мұхаммед пайғамбарбалаға «Алла тағаланың берген сыйы» деп қарағандықтан, ұлды артық көріп, қызды кемсітуге жол бермеген. Қоғамды қызбаланы жек көрмеуге шақырып, «Егер тандау еркі маған берілсе, қайта қызбаланы артық санар едім» деген. Өйткені, қызбаланың жүрегі жұмсақ, жаны нәзік, ол ертеңгі біреудің қимас серігі, оң босағадағы қонақ деп түсіндірген. Өзі сапарға шыға қалса, ең соңынан қызы Фатимамен қоштасып, оралғанында ең алдымен соған амандығын сұрап, кіріп шығатын. Қызды қор көрмеуге шақырып, «Кімде кімнің үш қызы болып, ұлды олардан артық санамаса, жақсы тәрбиелесе, Алла ондай ата-анаға жұмақты нәсіп етеді» дейтін. Қызбалаға мейіріммен қарауға шақырып, оның сауабы зор екенін білдіретін. Осы орайда хазірет Айша (р.а.) тілге тиек еткен мына бір дерек өте мәнді.

«Бірде маған бір әйел қайыр сұрай келді. Қасына ертіп алған екі қызы бар екен. Менде бары бір тал құрма еді. Әлгі әйел мен берген құрманы екі бөліп, екі қызының аузына тосты. Өзіне ештеңе қалдырмады. Олар кетіп қалғаннан кейін Пайғамбарымыз келді. Мен болған жайтты әңгімелеп бергенімде, «Кім өмірде қыздарымен сыналса, қыздарына жақсы қараған жағдайда қыздары ата-анасын тозақтан сақтайды» деп еді.

Әркез отбасында балаларды бір-бірінен алаламауға шақырып, «Балаларыңды бөліп-

жармай, теңдей көріндер», «Бала алдындағы ата-ана міндеттерінің бірі – оларды алаламау», – дейтін.

Бірде бір кісі Пайғамбардың (с.а.у.) қасында отырған кезінде, жанына ұлы келеді. Өлгі кісі ұлының бетінен сүйіп, оны алдына отырғызады. Сәлден кейін қызы келеді. Қызын да шақырып, алдына отырғызады. Бірақ оның бетінен сүймейді. Бұны байқаған Пайғамбар (с.а.у.): «Екеуін теңдей көрмейсің бе?» – деп ескерту жасайды. Осы тәрізді бірқатар хадистерді талдай келе, мұсылман ғұламалары «балаларға сыйлық бергенде ғана емес, еркелетіп, бетінен сүйген кезде де оларды алаламауға көңіл бөлу керек» деген қорытынды жасаған.

Осы тұрғыда мына бір оқиға да ерекше мәнді.

Нұғман ибн Бәширдің (р.а.) әкесі бір күні:

– Уа, Алланың елшісі, өзге балаларым да бар. Бірақ, Нұғманым бір төбе. Рұқсат етсеңіз, дүние мүлкімнің көбірек бөлігін Нұғманға бергім келеді, – дегенде, Пайғамбар:

– Өзге ұлдарыңа да сол мөлшерде бердің бе? – деп сұрады. Бәшир:

– Жоқ, – деді.

Алла елшісі басқаларына да ескерткісі келгендей көтеріңкі дауыспен:

– Алладан қорқындар, балаларға әділ қарандар! – деді.

Артынша Бәширге бұрылып:

– Сен әлде бар балаларыңның өзіңе бірдей құрмет көрсетуін қаламайсың ба? – деп сұрады.

Ол:

– Жоқ, қалаймын ғой – деп күмілжігенде, – Ендеше, бұлай жасаушы болма – деп қатан ескерткен еді.

Кейде балалармен әзілдескенді ұнататын. Хасанды еркелетіп лұқа (бұзық), Әнасты Зұл-Ұзұнайн (қосқұлақты), ал кішкене бауырын Әбу Ұмайр деп атаған. Махмұд ибн Рәби бес жастар шамасында Пайғамбарымыздың өзімен су бүркіп ойнағанын айтқан. Бұл оның Ансарлық сахабалардың балаларымен әртүрлі әзілдесіп ойнағанынан туған. Баланы жақсы көретіндігін әртүрлі жағдайлармен көрсетіп отыратын. Мекке-Мәдинаға келген кезінде алдынан жүгіріп шыққан балаларды көлігіне мінгестіріп алатын. Ибн Аббасриу аятында Меккеге келген кезінде

өзін күтіп жүгіріп шыққан Абдулмұтталиб әулетінің балаларының бірін алдыға, бірін артына мінгестіріп алғандығы айтылады.

Баланың тентектігіне ашуланбай, сабырлылық танытқан. «Бала кішкене кезінде бұзық болса, бұл оның өскенде ақылды болатындығының белгісі» дейтін.

Баланың физикалық жетілуіне де көңіл бөлетін. «Топырақ – баланың көктемі» деп, апақ-сапаққа қалмай, баланың күн жарықта ойнағанын құп көрген. Тамақтан бұрын және тамақтан кейін қол жуу, оң қолмен жеу, «бис-милламен» бастау, өз алдынан жеу деген секілді тамақтанудың әдебін, бұған қоса тән мен жан тазалығын үйретумен қатар, ер балаларға күрес, садақ ату, жүгіру, суда жүзуді игертуге шақырған. Жыныстық тәрбиені де назардан тыс қалдырмай, «Он жасқа толғанда қыз бен ұлдың төсегін бөлек салыңдар» деген.

Бала оң-солды ажырата бастағаннан бастап, оны ұяттылыққа, имандылыққа тәрбиелеп, ненің күнә, ненің сауап екенін үйрету, мешітке үйретіп, Алланы, пайғамбарды танытуға, Құранды үйретуге, 7-10 жастарынан бастап намаз оқу секілді мұсылмандық міндеттерді орындауға баулу да сүннеттен егізге алынған.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Ислам жүйесінде тәрбиенің, әсіресе бала тәрбиесінің өзіндік алар орны ерекше. Өз тәжірибесінде Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) балаларға қатты көңіл бөліп, тәрбиеге үлкен жауапкершілікпен қараған. Баланы тәрбиелеу үшін мейірімділік танытуға, жақсы көруге, ақылмен еркелетуге, көңіл бөліп ойнатуға, адал несібемен бағып-қағуға, ұл-қыз деп алаламауға, ешқашан алдамауға, берген уәдені орындауға шақырған. Әр қылығына түсіністікпен қарап, жынысына сай тәрбие беруге көңіл аудартқан. Денесін шымырлыққа шынықтырумен қатар жастайынан иман негіздерін сіңіруге назар аудартқан. Ата-ана ретінде отбасында жақсы өнеге көрсетіп, баланы жастайынан тазалыққа, адамгершілікке, мұсылмандық әдептілікке баулуды үлгі еткен.

Әдебиеттер

- 1 Бағашаров К. Воспитание детей в исламе. – Алматы: Кокжиек-Б, 2013.
- 2 Ибн Хажар әл-Асқалани, әл-Исаба фи тамиизи сахаба, IV. Бейрут.
- 3 Әбу Дәуіт Сүлейман ибн Асас әс-Сижистани, әс-Сүнән, Чағры йайынлары. – Стамбул, 1992.

- 4 Әл-Хаким, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдиллаһ ән-Нисабури, әл-Мүстадрак алас-сахихайн, III. Дарул-кутубил-илмия. – Бейрут, 1411-1990.
- 5 Ибн Хажар, әл-Мәталибул-алия би зауаидул-масадинис-самания, I. – Кувейт, 1973.
- 6 Ахмед ибн Ханбәл, Әбу Абдуллаһ әш-Шәйбани, әл-Мүснад, VI, Муассасатул Куртуба, Мысыр.
- 7 Әл-Хаким Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдиллаһ ән-Нисабури, әл-Мүстадрак алас-Сахихайн, III. Дарул-кутубил-илмия. – Бейрут, 1990.
- 8 Әл-Бұхари, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед ибн Исмаил. Сахихул-Бухари, I-VIII, Әл-Мактабатул-исламия. – Стамбул, 1979.

References

- 1 Bagasharov K. Vospitanie detej v islame. Almaty. Kokzhiek-B. 2013.
- 2 Ibn Hazhar әл-Asқalanі, әл-Isaba fi tamiizi sahaba, IV. Bejrut.
- 3 Әбу Дәуит Сүлейман ибн Асас әс-Сизхистани, әс-Сүнән, Chарry jajynlary, Stambul. 1992.
- 4 Әл-Наким, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдиллаһ ән-Нисабури, әл-Мүстадрак алас-сахихайн, III. Darul-kutubil-ilmija, Bejrut, 1411-1990.
- 5 Ibn Hazhar, әл-Мәталибул-алия би зауаидул-масадинис-самания, I. Kuvejt, 1973.
- 6 Ahmed ibn Hanbәl, Әбу Абдуллаһ әш-Шәйбани, әл-Мүснад, VI, Muassasatul Kurtuba, Mysyr.
- 7 Әл-Наким Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдиллаһ ән-Нисабури, әл-Мүстадрак алас-Сахихайн, III. Darul-kutubil-ilmija. – Bejrut, 1990.
- 8 Әл-Бұхари, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед ибн Исмаил. Sahihul-Buhari, I-VIII, Әл-Мактабатул-исламия. – Стамбул, 1979.

Борбасова Қ.М.,
Рысбекова Ш.С., Доскеев А.

**Қазақ ағартушыларының
патша үкіметінің діни отарлау
саясатына қарсы күресі**

Borbasova K.M.,
Rysbekova Sh.S., Doskeev A.

**The Struggle of the Kazakh
Educators Against Religious
Expansion of the Tsarist State**

Борбасова К.М.,
Рысбекова Ш.С., Доскеев А.

**Борьба казахских
просветителей против
религиозной экспансии
царского государства**

Мақалада Ресей патшалығының қазақ даласында өзінің билігін толық жүргізіп отыру мақсатында дінді өте ұтымды қолданғаны қарастырылады.

Миссионерлік екі бағытта: саяси және идеологиялық жолмен өрбіді. Шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын қазақ елінде де жүзеге асыруға тырысты. Осы саясатқа өз кезеңінде қарсы шыққан Шоқан, Ыбырай, Абай сынды қазақ ағартушыларының еңбегі баға жетпес. Мақалада аталған үш тұлғаның қазақ халқын рухани құлдықтан аман алып қалу жолындағы ағартушылық еңбектерімен қоса қоғам қайраткерлері ретіндегі іс-шаралары талданады.

Түйін сөздер: қазақ ағартушылары, отарлау саясаты, миссионерлік, шоқындыру, орыстандыру.

The article reveals how Russian Imperial power during the establishment of their rule in its activities widely used in missionary work from an advantageous position for the government.

Missionary work was conducted in two areas: political and ideological. Russification and Christianization were the main policies of Tsarist Russia. Also in this article we consider a great contribution to the struggle against colonization of the Kazakh educators such as Shokhan, Abai, Ybyray. Analyzing the works of three great Kazakh educators along with their great contribution to the spiritual development of the Kazakh steppe, showing their achievements as public figures.

Key words: Kazakh Educators, The Policy of Colonization, Missionary, baptizing, Public Figure.

В статье раскрывается, как во время установления своего господства Российская царская власть в своей деятельности широко использовала с позиций выгоды для власти миссионерскую работу.

Миссионерство проводилось по двум направлениям: с политической и идеологической. В ходе данной политике пытались широко реализовать на территории Республики и политику христианизации. Авторами показывается, как во время колонизации против данного действия выступили казахские просветители, такие как Чокан, Абай, Ыбырай. Их вклад не оценим. Анализируя труды трех великих казахских просветителей, наряду с их большим вкладом в духовное развитие казахской степи, анализируются процессы их достижения как общественных деятелей.

Ключевые слова: казахские просветители, политика колонизации, миссионерство, крещение, общественный деятель.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ДІНИ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСІ

Қазақ жерінде діни экспансияның ең қатты қарқын алған уақыты XIX ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Алтын орда империясын құлатып, түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға шашылып кетуі – Ресейдің оларды біртіндеп жаулап алуына мүмкіндік туды. Ресей оларға қатысты шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын мықтап ұстанды.

Қазақ даласында миссионерлік екі бағытпен жүргізіліп, саяси және идеологиялық жолмен өрбіді. Қазақ даласында миссионерлік саясаты күшпен де рухани, идеологиялық тәсілдермен де жүргізілді. Христиандандыруды күшпен жүргізушілер: генерал Скоблев, патша үкіметінің өте үлкен чиновнигі, орыстың мемлекеттік және саяси қайраткері М.М. Сперанский болса, рухани жолды жүргізушілердің бірі Н.И. Ильминский болды. Ильминский орыс графикасымен қазақ тілінде бірталай кітап шығарды. Оның бұл ісі қазақтарды озық орыс мәдениетіне ұштасу бағытында прогресстік роль атқарғанымен, басқа әрекеттері бір халықты екінші бір халыққа бағындыру жолындағы рухани озбырлықтың дәл өзі еді. Миссионерлік кітаптарды «бөгде тілге» аударудағы мақсатын Н.И. Ильминский былай деп түсіндіреді: «Бөгде тілдердегі кітаптар бөгделердің құдайға құлшылығы, әулие, шіркеулерге бөгде тілдегілердің құрметі – менің снарядтарым» [1].

Саяси жолмен жаулау мақсатында қазақ жерінде көптеген әскери қамалдар мен бекіністер пайда болды. Ең алғаш салынған бекініс Петр I-нің жарлығымен Ресей шекарасын кеңейту мақсатында 1715 жылы Ертіс бойында салынған. Кейін ол жерді тұрғылықты халық Семей деп атады.

Негізінен Ресей патшалығы мен түркі халықтары арасындағы қарым-қатынас бұдан II-III ғасыр бұрын басталған. Патшалық Ресей қазақтардың діни өміріне, қоғамда қалыптасқан қағидалар мен салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрып пен тұрмыс-тіршілікке тікелей араласқан жоқ. Бұл процесс әу баста осы аймаққа қоныс аударған Дон казактары мен орыс мұжықтары арқылы жүзеге асырылды.

Отарлауды жүзеге асыру мақсатында көшпелі қазақ халқын бір орталыққа қарай тартып, дінге де көп көңіл бөлді. Атап айтқанда, олар осы мәселелерге байланысты арнайы шешім қабылдады: садақа беру, ғибадатханалар салу, оларды

қамтамасыз ету, құрбан шалу, діни қызметкерлерге барлық жағдайдың жасалынуы секілді жұмыстарды бұрыннан келе жатқан сұлтандарға жүктеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жеріне рухани тұрғыда экспансия жасаудың жоспарын құру үшін, патша II Александр Москвада 1869 жылы миссионерлік орталық құрды. Орталық бұратана халықты шоқындырудағы мақсаттарын XIX және XX ғасырларда қарқынды жүргізді [2].

Осы орталықтың аянбай еткен «еңбектерінің» жемісінің көрінісі болып патша үкіметінің жарлығымен 1877 жылы мамыр айының 4-інде Түркістан өлкесінде архиерей кафедрасы ашылды. 1872 жылы оның резиденциясы құрылып, жағдайға қарай екі бағытта әрекет ете бастады. Алдымен келген келімсектер үшін, дін орталығы қажет болса, жергілікті бұратана халықты шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын жүргізу керек болды. Түркістан өлкесіндегі бодандыққа түскен халықтарды шоқындырудағы миссионерлік әрекеттің ресми діни орталығы Верный қаласындағы кафедралды соборға жүктелді. Бұл қазіргі Алматы қаласындағы Вознесенский кафедралдық соборы. Кафедралдық соборды 1901 жылы 11 қарашада Ресей империясының миссионерлік саясатын бүкіл Орта Азия халықтарының арасында іске асыру мақсатында салдырғаны белгілі.

Қазақ даласын отарлау үшін патша үкіметі алдына екі мақсат болды. Біріншісі – экономикалық тұрғыда болса, екіншісі – рухани тұрғыда болды. Алғашқысын орыс капиталистері мен саудагерлері оңай жүзеге асырды. Шешуі қиыны екіншісі еді.

Мұны патша үкіметі Святой Синодқа тапсырды. Олар миссионер ғалымдарға жүктелді. Мұндағы нысана қазақтарды шоқындыру, орыстандыру мәселесі. Осы мақсатпен православ шіркеуі отарлау ісіне үкіметпен бірге білек сыбана кірісті. Миссионерлердің қазақ жеріндегі әрекеттерінің басында кіші жүзді шоқындыруда профессор Ильминский, орта жүзді орыстандыруда профессор Алекторов, түркістандықтар мен ұлы жүз қазақтарын шоқындырып, орыстандыруда атақты профессор Остроумов тұрды. [3].

Миссионерлер қазақ халқын шоқындырмастан бұрын, олардың тарихы мен әдет-ғұрыптарын, мінез-құлқын әбден зерттеп, зерделеп барып кірісті. Сонымен бірге, сол кезеңдегі қазақ арасындағы сауаттылықтың төмен дәрежесін ескере отырып, далалықтарға аралас, яғ-

ни қазақ-орыс мектептерін ашуды жоспарлады. Аралас мектеп мәселесін қолға алып, алғашқы үлгісін орнықтырған Сырдария губерниясының тұңғыш генерал-губернаторы Кауфман болатын. Ол Перовскідегі (Ақмешіт) орыс-түзем мектебін тексеру үшін келіп, орыс тілінде оқып жатқан бұратана халықтардың баласы оқитын мектептің дәрісіне кіріп, балалардың орыс тілін жақсы меңгеріп жатқанына ризашылық білдірді. Бірақ, қоңырау соғылып, балалар далаға шығып ойнап жүргенде, олар тек қазақ тілінде сөйлеуіне назар аударма қарады. «Неге олар өз тілінде сөйлейді, не себепті олар өздері оқыған орыс тілінде сөйлеп ойнамайды? Олар өз тілін ұмытып, тек орыс тілінде ғана сөйлеп кетуі үшін не амал қолдану керек?», – деп, отаршыл генерал ойланды, ойланды да бір байламға келді. Ол байламы – мектепте орыс балалары мен қазақ балаларын аралас мектеп арқылы бірге қосып оқытып, орыс тілінде сөйлеу ортасын орнықтыру. Сөйтіп, орыс-қазақ балаларын араластыра оқыту қажет деген кеңес берді. Генерал-губернатор келесі жылы осы ойының жүзеге асуын тексеруге арнайы түрде қайта айналып келіп, олардың ойын үстіндегі сөйлеу тілін бақылады. Балалар енді қоңырау соғылған соң далаға шығып, бәрі де орыс балаларымен араласып, орысша сөйлеп ойнап жатты. Мақсаты жүзеге асқанына дән риза болады. Осы қалыпты орнықтыруға кеңес берді. 1903 жылы Әулиеата қаласында ашылған қыздар гимназиясы да осы саясаттың ағарту саласындағы жемісі еді.

Орыстар татарларды пайдалану арқылы қазақтарды қол астында ұстау үшін оларға ислам дінін үйрету жұмыстарын ұйымдастырумен қатар, христиан миссионерлерінің іс-әрекеттеріне де қолдау көрсетіп отырған. Алайда, қазақтар христиан дінін қабылдауды дін немесе мәдениет ауыстырудың астарында жатқан орыстандыру саясаты деп түсінгендіктен, орыстар дйттеген мақсаттарына жете алмады. Сол жылдары қазақтар арасында жұмыс істеген христиан дінінің миссионері қазақтардың осы ұстанымдарына былайша баға береді: «Қазақтарды орыстандыру жұмыстары барысында бір қазақты орыстандыру, демек көшпелі қазақты зорлықпен отырықшы ету, орыстардың сенімі ортодоксалды христиандыққа енгізіп, шоқындыру болып табылатын. Надан қазақ үшін бұл жаңа сенім христиан дініне кіргізуден гөрі орыстандыру деген мағынаны білдіретін...». Осы ниетті түсіне алмаған Ш. Уәлиханов бұл туралы былай жазған: «Татар молдалары мен Орта Азия ишандарының атқарған жұмыстары-

ның нәтижесінде кейбір қазақ сұлтандары мен байлары әйелдерін жеке үйлерде ұстап, тысқа шығармайтын еді... Түсінігі мол, сенімді болып көрінгенімен татар мектептері қазақтарға ешқандай құны жоқ схоластикалық діни ілімнен басқа еш нәрсе үйрете алмайды. Сол себепті де біз қалай болған күнде де татарлардан сақтануымыз керек. Үкімет бұл мәселеде бізге қажетті көмекті көрсетуі керек. Аймақтарда татар мектептері емес, орыс мектептері ашылуы тиіс» – деп жазды. Орыс мектебі батысқа ашылған терезе болып көрінді. Бұл сол дәуірдің шындығы болатын. [4].

Патша үкіметі жалпы отарланған бұратана халықтарды біртіндеп, асықпай, сақтықпен шоқындыру арқылы орыстандыру жолындағы ең басты тәсілдерінің бірі – қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазуын қолданыстан шығару болатын.

Күнделікті тұрмыста қолданылып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда – бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, діни-нанымынан айырып, рухани жағынан қалай илесең, солай жығыла беретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты. Бұл үрдіс, кейін Кеңестік дәуірде де өз жалғасын тапты. Осының салдарынан арадағы ұрпақ сабақтастықтары үзіліп, кейінгі ұрпақ өзінің бұрынғы өткен тарихын, әдебиетін оқи алмайтын дәрежеге жетіп, өздігінен құлдық қамытын мойнына киді. Тарихта төл жазуынан айрылған халықты қоғамдағы бағытынан адастырып, оның санасын бұрып әкету оңайға соғатынын сол кездегі империалистік Ресей өте жақсы түсінді.

Патша үкіметі қазақ даласына келімсектерді көптеп әкеліп, шекарасын кеңейту, әрі оны бекіту мақсатында бекіністермен бірге шіркеулер салып отырды. Атап айтқанда, Елизавета Петровна патшайымның тұсында, 1752 жылы Есіл өзенінің бойынан Петровск бекінісін салды. Кейін ол, яғни 1807 жылы қала статусын алады. 1730 жылдары Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресейге бодан болып кіргеннен кейін 1738 жылы 3 тамызда Орынбор бекінісі салынып, ол жерде Әбілқайыр хан Ресей бодандығына өту үшін патшайым Анна Иоановнаға берген анты қабылданды.

1798 жылы Орта жүз қазақтары Ресей бодандығына өтті. Осы кезеңдерде орта жүз рулары мекендеген Сарыарқа өңірінде Қарқаралы, Көкшетау, Ақмола, Баянауыл, Үшбұлақ, Аманқарағай және Көкбетті әскери-әкімшіліктері құрылды. Ал, 1837 жылы Аягөз бекіні-

сі ашылып, ол жерде 1847 жылы казак ауылдары пайда болды. Бұл жер Сергиополь казак селосы атанды.

Ұлы жүз ордасы І Николайға ант бергеннен соң, Ұлы жүз жерінде 1850 жылы Қапал бекінісі бой көтереді. Осы салынған бекіністерде міндетті түрде отарлаудың екінші түрі миссионерлік әрекеттерді жарнамалайтын шіркеулердің болғандығы ақиқат.

1853 жылы Перовский мен Қазалы бекіністерінде приходтар ашылған. Көптеген елді мекендерде орыс православ шіркеулері мен приход мектептері бой көтеріп жатты. Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде Түркістан епархиясынан басқа Семей, Петропавловск, сонымен қоса Омск, Орынбор епархиясынан Қостанай епархиялары бөлініп, өз қызметтерін атқара бастады.

1854 жылы патша Николай І-нің жарлығымен Жетісу бекінісі 1854 жылы 17 қыркүйекте Верный болып ауыстырылды. Бұл атау «әулиелер» Вера, Надежда және Любавлар мен олардың анасы Софияның құрметіне сол күні берілді.

Верный бекінісіне келген келімсектермен бірге Томск епархиясының священнигі Евтихий Вымесловцевтің келіп, 1856 жылы кішігірім ғибадат үйін салып, оны екі жылдан соң София шіркеуі деп атауының өзінде қаншама астар жатыр.

Сол кезде Түркістан өлкесі Томск және Орынбор епархиясына қараған Жетісу, Сырдария деп екіге бөлінген болатын. XX ғасырдың басында бір ғана Верныйда 16 шіркеу, бірнеше кішкене шіркеу үйлері болған. 1909 жылы Түркістан, Ташкент епиконы Дмитрийдің басшылығымен әйелдер монастрі салынды. Мұнда жүзге жуық қыздар мен әйелдер тәрбиеленді [27].

Патшалық Ресейдің қазақ даласына жалған миссионерлік әрекеттері оны толық өзіне бағындырғаннан кейін кезең-кезеңімен іске асырып отырды. Бұл үшін барлық бар мүмкіншіліктерін аямай жұмсай білді. Сонымен бірге, миссионерлік әрекеттерін қарқынды жүргізіп, христиандық догматтарды сіңіру үшін, жергілікті халық арасынан Ресейдің сойылын соғатын және саясатын қолдайтын өкілдер табуы да ойларынан қалыс қалдырмады. Осындай мақсатта, олар Шоқан, Ыбырай және Абай сынды халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақтың зиялы қауымын пайдалануға әрекет етті.

Шоқан Уәлиханов Ресей патшалығына, ғылымына, орыстың қазақты зерттеп, тануына қызмет етті. Шоқан Дербес Сібір корпусы командирінің ерекше тапсырмалар жөніндегі адъютанты

міндетін атқарып жүрген кезеңде Ұлы жүз қазақтары мен Ыстықкөл қырғыздарының Ресей қарамағына отарлануы жүріп жатты. Жетісуда Қапал (1847), Верный (1854) секілді бекіністер бой көтере бастады. Әйтсе де, Ресей үшін әлі алда Іле Алатауы, Тәңіртаулары мен Ыстықкөл маңында алда атқарылуы тиіс ұшан-теңіз жұмыстар күтіп тұрғаны белгілі. Бұл аймақтар Қоқан хандығының құрамында еді. Міне, сондықтан да осы аймақтарды Ресейде ың-шыңсыз қосу ісінде аса сақ, әрі тиімді саясат жүргізу керек болды. Бұл істе патша ұлықтарына Шоқан секілді жергілікті халық арасынан шыққан, туыстас жұрттардың өмірі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін жақсы білетін, алғыр, оқымысты, мәмілегер адамдардың көмегі ауадай қажет еді [5].

Шоқанның Ыстықкөл бойын зерттеулеріне ықпал еткен, Қақшал тауларына дейін қоныстанған екі рудың арасындағы жер дауына байланысты туындаған. Патшалық Ресей Ыстықкөл маңындағы саяси ахуалды реттеу үшін және тұрғылықты халықтың тұрмыс-тіршілігін білу географиялық ерекшеліктерін және Ыстықкөл маңайын картаға түсіріп, арғы беттегі Қашғар өңірін зерттеу мақсатында әскери-ғылыми экспедиция құрады. Отрядты басқару полковник Коментовскийге жүктеліп, руларды татуластыру мәселесімен шұғылдану үшін генерал-губернатордың ерекше тапсырмасын орындайтын адъютанты Шоқанға жүктеген.

Ол осы сапарының нәтижесі ретінде «Ыстықкөл сапарының күнделігі» деген еңбегін қалдырды. Онда Шоқан XIX ғасырдың орта тұсындағы Жетісу мен Ыстықкөл төңірегі, осы өңірлерді мекендеген жұрттардың өмірі мен тұрмысы туралы құнды мағлұматтар келтірген.

Ыстықкөл, Құлжа сапарларына барып қайтып, «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қытай империясының батыс өлкесі туралы», «Құлжа мен Шәуешектегі сауда жайында», бұған дейін «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Қазақ халқының поэзиясының түрлері» сол кездегі Ресей үшін баға жетпес еңбектердің біріне айналды. Бұл Шоқанның осы уақытқа дейін жасаған еңбектері, сол кезеңдегі орыс отаршылары үшін беймәлім болып келген Қашқарияға сапар шегуіне итермеледі.

Бұл сапары орыс географиялық қоғамы үшін өте құнды болып есептелді. Қашқарияны жан-жақты зерттеген ғалым Шоқан беймәлім болып келген мемлекеттің Ресей үшін бетін ашқан алғашқы ғалым болды. Қашқарияны зертте-

ген еңбегін күнделік ретінде жазып, география қоғамына тапсырды.

Патшалық Ресейге осыншалық тер төге еңбек еткен Шоқан отаршылдардың қитұрқы әрекеттерін білмеді десе болады. Ол өзінің халқын қараңғылықтан тек орыс ғылымы арқылы құтыла алады деген толық сеніммен, барлық ерік-жігерімен өз халқының тарихы мен мәдени құндылықтарын, жер жағдайларын зерттеп берді.

Алайда, ол патша өкіметінің қазақ халқының болашағын көздемегенін кейіннен білді. Ол өз халқын жақсы көрген. Қазақтарды бұратана жабайы деген ұғымға бар жан-тәнімен қарсы болған. Ол сот реформасының жобасы жайындағы халық пікірін жинауға Далаға сапар шеккен комиссия басшысы болған, облыстық басқарманың кеңесшісі Иван Еремеевич Янсен-комен болған сұхбатындағы: «Жабайылық қырғыз-қайсақтарының мінез-құлқының үлгісі деген сөзіне, менің халқымды қонақжайлылығы үшін мақтаған да, онда не жай қырғыз, не жай қазақ деп атайды. Ал егер дәрежелігі мен жабайылығын бетіне басу керек болғанда, міндетті түрде қырғыз-қайсақ деп атайды. Осы сөзде вокалдық жоқ деп ойламайсыз ба, сіз?» – деген осы сөздері бұлтартпа дәлел [6].

Қазақ даласындағы ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен билер сотына отаршыл Ресейдің өзгертулер енгізуіне қарсы болды. 1862 жылы 30 қыркүйекте Санк-Петербургский сенатский «ведомствосында» басылып шыққан жаңа сот ісін жүргізу жобасы Омбыда қыс бойы түбегейлі талқыланды. Осы мәселені іске асыру мақсатында 1863 жылдың жазында Шоқан сот реформасының жобасы жайында халық пікірін жинауға далаға аттана комиссияның жұмысына атсалысты. Бұның бәрі алдын ала ойластырылған мәселе болатын. Сондықтан, генерал-губернатордың пікірімен толық үйлесетін халық пікірін әкелу үшін көп жерлерде жергілікті халықпен санаспаған жұмыстары да болды.

Билерді ұлықтың өзі сайлауы олардың арасында дау туындайтынын, сонымен қоса паракорлықтан да етек алатынын ол жақсы түсініп, қазақтар өздері білетін әдісін сақтап қалуға тиіс деп санады.

Үкімет адамдарының қарсылығына қарамай, олардың шешіміне бастан-аяқ қарсы келетін халық пікірін жинады. Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Баянауыл округтерінің кейбір сұлтандары мен билері кейбір тұста ғана жаңа бітістіруші судьяның билер сотымен үйлеспейтінін және осы себептен де билердің құқықтары мен міндеттеріне сәл ғана өзгерістер

енгізіп, оны сол қалпында қалдыруды ұйғарған қаулыға өз қолдарын қойып, таңбаларын басқан.

Потанин өзінің естеліктерінде бір жолы қатты науқастанып қалған Шоқанды түлкі ішігін жамылып, бөлменің төрінде жатқан жерінде көргенін әңгімелеп берген. Шоқан сондай жабырқау екен және бастықтар туралы шағынған.

Патша үкіметінің саясатына Шоқанның қарсы болуы және оның пиғылының айқын көрінісін байқаған тұсы полковник М.Г. Черняевтің Әулиеатаға жорығы кезінде болды. Шенқұмар Черняев бастаған Әскери экспедиция Әулиеатаны 1864 жылдың 2 маусымында жаулап алады.

Шоқан мен Черняев арасындағы келіспеушіліктің шарпысқан түп-төркіні де дәл осы Әулиеата жұртының азасына қатысты [7].

Шоқанның дінге деген көзқарасын анықтауда еңбектеріне қарап, оның діни көзқарастарын сипаттай келе, көптеген ғалымдар оны материалист деп бағалайды. Бірақ, Шоқан еш уақытта атеист болмаған. Ол туралы өзі еш уақытта мен атеистпін деп те айтпаған. Себебі, оның өскен ортасы қазақ даласы, тәрбиеленген ордасы қазақтың беделді төресінің отбасы, тәлім алғаны кемеңгер, ақылгөй әжесі Айғаным болған.

Штаб офицері А. Гейнстің берген хаттарындағы Уәлихановтар әулетінің үй-жайы туралы сипаттамасын біз Шоқанның қандай жерде және қандай ортада өсіп, тәрбиеленгенін көруімізге болады. Ол былай деп жазады: «Шыңғыстың қыстауы қоныстан он шақырым жерде орналасқан қарағай жапқан, ені көркем тау оның үй-жайын жауып тұр; тасты ормен, құламамен жүріп өткенде біз бірнеше орта қолды помещиктер талғамымен салынған үйлерді көрдік, ал ортада мешіт орналасқан». Ал, Шоқан өлімінен кейін 30 жыл өткенде Потанин оның әкесіне барғанда көзіне ең алдымен мешіт түседі.

Шоқанның досы Потанин естеліктерінің бірінде: «Мәңгілікпен салыстырғанда, бұл түкке тұрмайды» – ол (Шоқан) осы сөздерді жиі айтатын, бірақ бұл сөзде оның ең басты ойы еді. Шоқан өзі туралы ұрпаққа қалар естелік туралы қам жеген емес. Ол үшін өмірдегі ең қымбат сыйлық – жамандық атаулының барлығының келесінен сескеніп, одан тығылуда. «Мәңгілікпен салыстырғанда бұл түкке тұрмайды» деген сөздерінің мәніне терең үңілейік. Шоқан ұрпаққа қалар естелік туралы қам жемейді, яғни Шоқан үшін мәңгілік бұл өмірде емес... бірақ бар» [8] – дегенінің өзі Шоқанның діни көзқарасын бізге нақты айқындап беріп отыр.

Шоқан еш уақытта ислам дінін терістеген, сынаған емес, керісінше ол Ыбырай, Абайлар секілді дінді уағыздаушы молдалардың дүмшелігін сынады. Дінді тек ғибадаттың, жалаң діни мотивтегі аңыз-әпсанамен емес, керісінше таза оқумен, ғылым мен ақиқатты табуға талпынған.

А. Левшиннің еңбегіне жазған «Замечание на третьей части описания киргиз-казачьих орд» атты шығармасында: «Кез келген қайсақ Мұхаммедтің ізбасары мұсылман екенін біледі, ал мұсылмандардан өзгелердің барлығы бақилық өмірде мәңгілік тозаққа баратын, құдайдың қарғысын алған кәпірлер» – дейді. Осыдан келіп қайсақ өз дінін білмейді деп айтуға бола ма? Сондай-ақ, ол: «Ислам орыс халқына және кез келген христиан өкіметіне көмектесе алмайды, сатылғыш татар дінбасыларына да сенім артуға болмайды. Бұл бақытсыз тақуалар, сұлтанға католиктер, папаға қарайтындай нақұрыстықпен қарайды және қазіргі наместниктер, халифтер Сүлеймен мен Алмұратқа әулие YIII Григорий мен IV Иннокентийге ұқсас. Бірақ біз үкіметтен білімге мейлінше қарсы дінге қамқорлық көрсетпеуін сұраймыз және талап етеміз, қырға зорлықпен, үрей мен ұрып соғушылыққа негізделген теологтары мен Ортаазиялық әулиелердің зиянды әсерін мүлдем құртуды сұраймыз. Молда атағын тек жергілікті қырғыздар мен қырғыз қожаларына беруді сұраймыз» [9] – деп патша үкіметінің сол кездегі исламды саяси мұратқа пайдаланған және кәсіпке айналдырып, мал тауып, дінді соқыр фанатизмге қосақтап отырған татар дінбасылары мен діни қызметкерлерді қатаң сынға алды.

Ш. Уәлиханов көзқарастарындағы жаратушы мен оған құлшылық етуге деген көзқарасының екіжақтылығын айқын да нақты айыра білу қажет: біріншісі – исламды, не үшін сенім бар екенін нақты түсініп, оның заңдылықтарын ақыл-күшіне сүйену арқылы сақтау, ал екіншісі – соқыр сенімге негізделу. Соңғысын Шоқан қатты сынап, түбінде ол жалаң фанатизм халықты үлкен трагедияға ұшырататынын жақсы сезінді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, патша өкіметі қазақ даласын бағындырудың билеп-төстеудің тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады: қазақ балаларына арнап мектептер ашуға кірісті. Патша өкіметінің бұл мектептерді ашқандағы мақсаты мектеп туралы ережеде ашық айтылған: «Мектеп құрудағы басты міндет – шекарадағы басқару ісін атқара алатын адамдарды сұлтан – ел билеушілердің, ордаға аралық бастықтардың ісін жүргізе білетін және

айрықша қызметтерді атқара алатын адамдарды дайындау», – деп жазылған.

Аталған кезеңдегі патша үкіметінің миссионерлік саясатына Ы. Алтынсарин де қарсы шыққан. Ол қазақ халқын оқуға, білімге тарту ісіне белсене араласқанымен, қазақ мектептерінде христиан діні сабақтарын оқытуға батыл наразылық білдірген. Торғай облысының оқу инспекторы қызметінде жүргенде, ол Орынбор оқу округінің татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі инспекторы В. Катаринскийге жазған хатында Ор қаласындағы мұғалімдер мектебін басқарушы, әрі оқытушы А. Бессоновтың миссионерлік жат пікірі жөнінде: «Сізге өте бір қайғылы хабар білдіруге тура келіп отыр... Бақсам, олар мұғалімдер мектебінің 3 және 4 класстарына бір ай бойы Інжіл және оның парыздарын уағыздай бастапты. Тіпті, ол өз шәкірттерін залым деу сияқты сөздерге дейін барыпты» – деп, бұған асқан сорақылық деп қарайды. Бұдан әрі Ы. Алтынсарин мұғалімдер мектебінде дін сабағын оқытуды мүлдем тоқтату жөнінде төтенше бұйрық шығарылсын, ондай болмаса, орыс, қазақ мектептерінде дін сабағы бөлініп оқытылсын» – дейді. Ал Бессоновты мұғалімдіктен босатып, қатаң шара қолдануды Орынбор оқу округінен талап етеді.

Ы. Алтынсарин дүниеден қайтқанша миссионерлік саясатпен ашық күресіп келген. Мысалы, ол Красноуфимскідегі ауылшаруашылығы мектебінде қазақ балаларына шошқа бақтыру, шошқа етін беру, орыс оқушыларымен бірге ғибадат еткізу оқиғаларын» естіп, қатты наразылық білдіріп, тікелей барып шара қолданатындығын жазады. [10].

Ыбырай заманындағы миссионерлердің жергілікті халыққа жасаған озбырлығын: «Мешіттерді, медреселерді, сыйыну үйлерін жабу, діни кітаптарды жою, қазақ тілінде жазылған Евангелия, христиан дінін қабылдамаушыларды Сібірге жер аударумен қорқыту, миссионер мұғалімдер арқылы орысша оқыту, қазақтарды ант қабылдауға мәжбүр ету, қазақ балаларын миссионерлік үйлерде еріксіз ұстау, оларды шоқынды деп жариялау, христиан дінін қабылдамағандығы үшін қазақ қызының басын арқанмен қысу, қазақ тілінде кешірім мен өтініш жазуға тыйым салу, болыстық басқармадағы іс қағаздарын орысша жүргізу, т.б. адамдардың арын аяққа басу мен қорлау, күш көрсету т.б. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ұмыт қалған алыстағы шет аймақта осы уақытқа дейін іске аспай келеді. Мұның барлығын қалай ұлы Ресей державасының теократиялық, бю-

рократиялық үкіметінің шет аймақ ұлттарына қарсы крест жорықтары деп атамасқа лаж жоқ» – деп атап көрсетті М. Тынышбаев [11].

Реформа кезеңіндегі Ресей және Қазақстан тарихының жалпы көрінісінде Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметі, оның Қазақстандағы білім беру жүйесін ұйымдастыру ұстанымдары, осы істегі ағартушының демократиялық көзқарастары баяндалады. 1950 жылдарға дейін Ы. Алтынсариннің қызметін зерттеушілер оның тек педагогикалық қызметін ғана атап, алдыңғы қатарлы ойшыл ретіндегі көзқарастарын елемейді.

А. Сыдықов Алтынсарин мен Ильминскийдің халыққа білім беру туралы көзқарастарының ұқсастығы мен ортақтығын және де олардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болғанын жазады. Бірақ, Ыбырай Ильминскийдің миссионерлік көзқарасын қабылдамаған. Тек оның адамгершілігін, оқу-ағарту ісіндегі білгірлігін сыйлаған, құрметтеген, өзінің қажетіне пайдаланған. Алтынсариннің патша үкіметі қуаттап отырған орыстандыру саясатынан мол хабардар болып, одан бойын тарта ұстаған ғалым. Ы. Алтынсарин профессор Ильминскиймен алдына қойған биік мақсатын жүзеге асыру үшін амалсыздан араласқанын көрсете келе, олардың арасындағы қарым-қатынас көп жағдайда дипломатиялық ыңғайға құрылғанына, халыққа білім беру мақсаты жөнінен қарама-қайшы көзқарастардың астыртын күресі жүргеніне сын көзбен зер салып қарау керектігіне баса назар аударғаны айқын байқалады.

Ильминскийдің ресми түрде көмектесе отырып, қатаң талап етуімен және де ағарту министрі граф Толстойдың тікелей нақтылы түрде тапсыруымен Ы. Алтынсарин өз кітаптарын Ильминский ұстанып келген ресми ұстанымға орай орыс алфавиті негізінде жазып шығаруға мәжбүр болған. Ы. Алтынсариннің іс жүзінде қолданған орыс алфавиті негізіндегі қазақ жазуында орыс алфавитін өзгертпей, сол қалпында алуды талап еткен. Петербург университетіндегі кертартпа ғалымдардың талабы тұрғысынан орындалғанын да ұмытпаған жөн деген пікір де шындыққа жанасады [12].

Ол Н.И. Ильминскийдің, А. Алеханов, А. Бессонов, т.б. миссионерлік әрекеттеріне қарсылық білдіріп отырған. Ы. Алтынсарин сол кездегі қазақ жазуын (яғни, араб әрпіне негізделген қазақ емлесін) орыс алфавитіне көшіруге мүлде қарсы болған. Бұл туралы жоғары орындарға бірнеше рет хат жазып, арыз айтып ұсыныстар жасаған. Мысалы, ол 1871 жылғы 31 тамызда

Н.И. Ильминскийге жазған хатында былай дейді: «Шапағатты төрем николай Иванович! Сіз бұл хатыңызда қазақ арасына орыс алфавитін енгізу жөнінде пікір айтқан екенсіз. Бұл талассыз пайдалы пікір ғой. Дегенмен, оны жүзеге асыру, меніңше, үлкен қиыншылыққа кезіктіреді. Орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасына, тап біздің ойлағанымыздай жеңіл және тез сіңе қоймайды. Бірінші жағынан фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс еместігінен, оның үстіне, елімізде тарап отырған татар жазуының әсерінен... Кітаптарды қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара алу керек. Міне, менің шын пікірім осы» [13].

Патша үкіметі қазақ халқын жер бетінен ұлт ретінде жоюды олардың болашағынан бастау керек деп шешті. Сол мақсатта миссионерлер жоғарғы дәрежеде қол жеткізуге тырысты. Бұл жөнінде мына құпия хаттан миссионердің өз күшіне сене бастағаны анық байқалады: «Ауылдарда, старшындарда «ауыл мектебі» деген бүркеніш атпен мектеп ұйымдастырылып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, алғашқыда қазақтардың көңілін табу үшін оларға қазақ мұғалімдерін жіберу керек. Оларға міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалармен орысша сөйлеуді, қазақ әрпін қандай жағдайда болсын қолданбауды тапсырып, сөйтіп қазақ кітабын оқи алмайтындай жағдайға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбау керек» – деп жазылды [14].

Қазақ даласында азғыру, діннен бездіру майданы өте ұқыптылықпен, әккілікпен жүргізілді. Миссионерлердің көшбасшысы болған Н.И. Ильминский синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевке: «Бұратана халықтар арасындағы миссионерлік мектептердің жағдайын жақсарту керек, жақсартқанда оның программасын жаңа педагогиканың талабы бойынша ұлғайтып, оқыту әдістерін жетілдірудің қажеті жоқ, керісінше, Қазанның қасиетті әулиелерінің жүйесі негізінде, бұратаналық-миссионерлік бағытты күшейту керек» – деп ақыл береді. [15]. Бұл айтылған сөз Ыбырайдың алға қойған мақсаттарын іске асырмаудың бірден-бір жолы болды. Ыбырайдың қазақ даласында мектеп ашуының мақсаты – қазақ балаларын шоқындыру емес, керісінше, оларға өркениеттік білім беру, елін, халқын сол кезеңде жетілген орыс ғылымы арқылы бақытқа жеткізу болды.

Сол мақсатпен қазақ халқының қыз балаларын оқыту мәселелерін де қолға алады, ол бірақ патша үкіметі тарапынан кедергілер-

ге ұшырайды. Ыбырай Орынбор оқу аймағының татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі бақылаушы В.В. Катаринскийге жазған бір хатында былай деп хабарлайды: «Қазақ қыздарына арнап мектеп ашылмақ, табысты боларына губернатордың күдігі бар... ал мұндай маңызды істі бастамаса, ешқашан да ештеме де болмайды ғой. Бұл істің Ырғызда оңға басатындығына мен қазірдің өзінде кәміл сенемін» [16].

Көп ұзамай бұл арманы жүзеге асады. Ырғыз қаласында қазақ қыздарына интернаты бар арнаулы мектеп ашылады. Шындығында, бұл қазақ халқының өмірінде болған аса үлкен оқиға еді. Аса маңызды бұл бастаманың сәтті болғанына Алтынсарин аса қуанады. Оған патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта және 1896 жылы Ақтөбеде ашуға рұқсат етілді.

Қыздар мектеп-интернаттарының ашылуына себеп болған миссионерлердің мына: ол ертең қазаққа тұрмысқа шығып, ана болған соң өзінің күйеуі мен баласын орыстарға бейімдейді. Олай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз және орыс оқуын ғана оқытамыз. Содан кейін арнайы (ең шешуші) Заң шығарылуы тиіс, сол заң арқылы қазақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап, оларды крестьянға айналдырамыз», – деген пиғылы еді.

Осы екі мақсатқа да миссионерлер XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында ішінара қол жеткізді. Адвокат Плеваконың шешесі – Алма, генерал Корниловтың шешесі – Рахия, Жүсіпбек Аймауытовтың әйелі – Евгения, сол қыздар мектебінің жемісі еді. Бұл ең нәзік әрі қатерлі жол болды.

Ыбырайдың халқы үшін еткен еңбегінің барлығын патша өкіметі қолдағанымен, өз саяси мақсаттарына барынша пайдалануға тырысты. Ресей империясының жасырын түрде жүргізілген миссионерлік саясатын ол жақсы түсініп, миссионерлердің идеологтарымен тікелей араласып, оларды өзінің ағартушылық жолына дипломатиялық әдіс-айла тұрғысынан қарым-қатынас жасап, ретіне қарай пайдаланған.

Империалистік патша үкіметінің мұндай озбыр саясатына төзбеген Ыбырай 1889 жылы 20 ақпанда В.В. Катаринскийге Ор қаласындағы мұғалімдік мектептің директоры туралы:

«Аса қадірлі Василий Владимирович! Сізге қайғылы хабар ескертуге тура келеді. Біздің Бессонов Александр Григорьевич ақылынан адасқан тәрізді. Оның өз оқушыларына жасаған

мүлдем қисынсыз қылықтарын осылай деп түсіндірмесе ешбір болмас. Әңгіме мынада: ол мұғалімдік мектептің үшінші және төртінші класында «Інжіл» мен «Уағыз» сабақтарын бере бастаған көрінеді. Бұл кластардың оқушылары оны қаламаса да бастаған ісін бір ай бойы жүргізген. Соның салдарынан, бір жағынан мұғалімнің ашуы келіп, кейін, өз шәкірттерін мұттайым, тағы сол сияқты намысты сөздермен балағаттауға дейін барған, тіпті балаларды желкелеп сабаған кездері де болған... Бұл оқиғаға менің қатты қынжылатын себебім сол: мұғалімдік мектеп оқушылары ықыласпен келетін орын болып қалып еді, олар осында белгілі бір дәреже де білім алуға біржолата бекінген еді және іс жүзінде қазақтардың тұрмысына пайдалы адамдар бола алады. Егер, олар Александр Григориевич тілегендей, христиан дінін таратушылар болып қалмаса, онда дүниеге парасатпен қарайтын, түрлі фанатикалық идеяларға тосқауыл қоятын қазақ халқының ойы мен экономикасының өркендей беруіне көмектесіп отыратын адамдар болар еді. Мұндай ора шалақ, жарым ес басшы тұрғанда, мұның бәрі күл-талқан болып, көкке ұшпақ! Қаттырақ айтқаныма кешіргейсіз, тіпті кісінің ызасы келеді екен!» – деп ашына жазды [17].

Ыбырай өз заманында Ресейдің жасаған саяси және рухани экспансиялық әрекеттеріне бүкіл күш қуатын сарқа жұмсап, қарсы тұрды. Ол өзінің өмірінің соңына дейін патша үкіметінің кері пиғылдағы іс-әрекеттерін қазақ халқының пайдасы үшін жұмсауға әрекет етті. Бірақ, бұл іс-әрекетіне билікті қолдарына алған патша үкіметі мұрша бермеді. Өзінің қысқа ғұмырында миссионерлерге астарлы түрде де, ашық түрде де қарсылық білдіріп отырды.

Отаршыл патша үкіметіне жергілікті халықты өз дегеніне көндіру үшін сол ұлттың өзінен шыққан беделді тұлғаны пайдалану ауадай қажет болды. Міне, осы тұрғыда Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Абай мен Павловтың арасындағы диалог бізге көп нәрсенің бетін ашып береді. Бұл туралы профессор Мекемтас Мырзахметұлы «Қазақ қалай орыстандырылды» атты кітабында былай суреттейді: «Қазақ елінің рухани көзіне айналған Абайдың әлі де көзі жетіп сезіне алмаған, сезінсе де патша үкіметі саясатының отарланған бұратана елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру тәрізді өте жасырын, құпия түрде жүргізіліп отырған империялық саясаттың астарына бойлай алмаған. Миссия деп аталған діндар ұйымның бұратана халықтардың бірі қазақтарды шоқындыруға бет

алған патша саясатының түп төркіні мен басты мақсатын жете біліп отырған Павловтар тобы миссионерлік әрекеттің мән-мағынасы мен көздеген түпкі мақсатын Абайға жанама түрде болса да сездірген әрекетін аңғарамыз» [18].

Абай заманындағы орыс отаршылары мен миссионерлерінің астарлы да жымысқы әрекеттері олардың Құдайдың тура жолы емес, ақ патшаның жарлығын уағыздағанын білдіреді.

Абай миссионерлердің әрбір іс-әрекеттерін жіті бақылап отырған. Жаппай шоқындыруға кіріспек болған православие архирейінің жарлығының көшірмесі қолына түскен Шаймерден Қосшығұлов сонау Көкшетаудан бұл хатты Шыңғыстаудағы Абайға жолдайды. Ол хат Абайдың қолына жетпей жатып, 1903 жылы 21 мамыр күні Омбыдағы Дала генерал-губернаторының кеңсесінен Семей облыстық әскери губернаторына шұғыл телеграмма соғылады. Онда Дала генерал-губернаторының: «Өлкенің бас архиепископының өтініші бойынша, Сізден мынаны анықтап беруіңізді өтінемін: Көкшетау қаласынан Шаймерден Қосшығұловтың атынан Арқат почта-телеграф кеңсесіне Ибрагим Құнанбаевқа жолданған хатты хат иесі алды ма, жоқ па, соны біліңіз. Хат тапсырылмаса ұсталынып қалынсын», – деген мағынадағы бұйрығы жазылған еді. [19].

Мәртебелі Ағзамға мұсылмандар арасына Иса пайғамбардың православиялық дінін тарату туралы жасаған ұсынысын қабылдағаны туралы құпия мәліметтің көшірмесі де шықты.

Мұны оқығанда Абайдың қандай көңіл-күйде болғанын нақты сезінбесек те, шамалап түсінуге болады. Құпия тапсырма: «1902 жылы 22 наурызда Мәртебелі ағзамның бекіткен заңына сәйкес мемлекеттік құпия істер жөніндегі кеңесші: «Патшаның бодандығындағы барлық бағыныштылар бір дінге көшуі керек, бірақ та оларды бағындыру және шоқындыру, бір дінге кіргізу Ережеге байланысты құпия, ың-шыңсыз, бірте-бірте күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда асқан ептілікпен, айламен; «Олардың өздері дінге кіруге ризалығын берген-міс» – деген желеумен жүргізілуі тиіс. «Өздері православие дініне енуге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енді, деген айлалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек деп нұсқау берді», – деген сөзден басталатын [20].

Ұлттың рухани тұтастығын ыдыратудың аса қауіпті, әрі ұзақ жылдарға арналған жоспарын Абай өлерінен бір жыл бұрын білді. Архирейдің нұсқауында жоғарыдағы Н.М. Ядренцев пен В.В. Радловтың ұсыныстары толық ескерілді.

Онда қазақ даласына орыс оқуы дендеп кірген соң: «Қазақтардың өз атынан бізге шоқындырушы уағызшы керек деген аңыз ұйымдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам (уағызшы) қазақтардың барлық талаптарын орындауға, көмектесуге міндетті, оларды өзімен бірге ертіп жүріп бойын үйретсін, өзімен қол беріп амандасқан қазақтардың өкіліне сыйсияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: «Қазақтардың дініне ешкім де қысым көрсетпейді – деп пікір тарата берсін, ал олардың уағызға келуі және тыңдауы өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауға, шындықпен өмір сүруге көмектеседі деп сендірсін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынадай ұсыныс жасау керек: «Мұның барлығын қазақтардың өздері сұрап жасаттырып еді, ол үшін миллиондаған сом ақша кетті, қазақтардың өзі уағызшы сұрап еді, ол да қанағаттандырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті алдады, сол үшін жазаға тартылуы керек – деп жарлық жасау керек. Қазақтарды жазаға тарту туралы мәртебелі ағзамнан пәрмен сұралады. Пәрмен берілгеннен кейін қазақтарды жазалау үшін әскер жабдығталады және олар кресті алға ұстап, жорыққа аттанады. Қазақтардың бәрін де шоқындыруға және православие дініне кіргізуге мәжбүр етеді. Ал бұл талапты өз еркімен орындамағандарды қырып салу керек», – деп кесімді үкім шығарылып қойған еді [21].

Абайды бұл оқиға бей-жай қалдырмады. Ол патша үкіметінің аярылық саясатына қарсылық білдірді. Бірақ, ол тірек іздеген қазақ даласындағы Ислам дінінде патшалық Ресей аясын тарылтып, қалай да бодан елді шоқындыруға құлшынып, ол пиғылын заңмен бекітті. Мешіттерге жандармериялық бақылау жасалды. Мұны 1868 жылы «Екінші низам» арқылы заңдастырды. Осы «низамның» «Қазақтардың құқы» және «Қазақтардың діни істерін басқару» туралы бөлімдерінде шоқындыру бағыты анық көрініс берді. Оны: «251. Қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мұфтиятына қарайды. 252. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін молда жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. 253. Қазақтардың арасында бір болысқа бір молда бекітіледі... 255. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. 256. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернатордың шешімі-

мен бекітіледі, не босатылады... 258. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады... 259. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек», – деген заң баптарынан анық байқауға болады. Мұнда дін ұстау жолының бәріне шек қойылған. Сайлаған молданы ұлықтар бекітеді. Оған Ішкі істер министрлігі, яғни полиция бақылау жасайды. Өз бетімен мешіт салуға еркі жоқ. Бала да оқыта алмайды. Жоғарыдағы хатта айтылған архирей басқармасының нұсқауының барлығы заң жүзінде бекітілді. Мұнда тек дінге тыйым салу деген сөз ғана жетпей тұр. Бірақ та, дәл осы низамның 247 және 248-баптарындағы: «Христиан дінін қабылдаған қазақтар өзінің ауылында тұра береді немесе қырдағы орыс тұрғындарының арасына көшіп келуіне де болады, ол қазақтарға тиісті құқықтың бәрін пайдалана алады. Христиан дінін қабылдаған қазақтар қауымдастарының рұқсатынсыз-ақ, қалаға немесе селолық жерге емін-еркін орналаса алады», – деген заң ережесінен халықты қайда қақпайлап отырғаны анық көрінеді. [22].

Сонымен, түйіндей келсек, патша үкіметінің қазақ даласындағы миссионерлік әрекетін Абай мезгілінен кеш білсе де, өз дәрежесінде қарсы тұрды. Абай миссионерлік әрекеттерін артында қандай жымысқы мақсаттар тұрғанын білгеннен соң сол кезеңдегі ислам діні өкілдеріне қатты сындар айтып, олардың шала сауаттылықтарын, дінді жете түсінбей, оны пайда табудың көзіне айналдырғандықтарын беттеріне басып айыптады. Оның бұл сыни көзқарастары қазақ жеріндегі миссионерлік әрекеттердің белең алып тұрған кезіндегі оның жан айқайы болды деп ойлаймыз.

Ресей империясының мұндай екі жүзді саясатын Қазан төңкерісі әрі қарай өрістетуіне кедергі келтірді. Кеңес үкіметінің саясаты діни идеологияға қарсы болып, дінді қудалап көптеген шіркеулер мен монастырьларды қиратты. Діни қызметкерлерді абақтыларға қамап, Сібірге жер аударды. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін қоғамда атеизм өз үстемдігін жүргізді. Егемендік алған жылдардан бастап дінге еркіндік те берілді. Осы уақытта республикамыздың аумағына дәстүрлі діндермен қоса шет елдерден көптеген кері діни қозғалыстар да келіп өз қызметтерін атқара бастады. Ендігі мәселе сол дәстүрлі емес діни қозғалыстардың мемлекетіміздегі бүгінгі діни ахуалға әсері туралы өрбуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Мырзахметұлы М. «Біз қалай мәңгірттендік?» // Жалын. – №2. – 2009. 2-13 б.
- 2 Бейсенбаев Жасын – тағдыр жарқылы. – Алматы, 1987. – 287 б.
- 3 Бейсенбаев Жасын – тағдыр жарқылы. – Алматы, 1987. – 250 б.
- 4 Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1980.
- 5 Бейсенбайұлы Ж. Шоқан. Ғұмырнамалық деректі хикая. – Алматы, 2009.
- 6 Бұл да сонда.
- 7 Ордабеков С. Шоқанның Әулиеатаға сапары // Ақиқат. – №11. – 2008. – 210 б.
- 8 Қалиева Р. Ш. Уәлихановтың дінге көзқарасы жайында // Қазақ мектебі журналы. – №5. – 2004. – 743 б.
- 9 Бұл да сонда.
- 10 Ы. Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1991. – 91 б.
- 11 Тынышпаев М. Қазақтар және азаттық қозғалыс. (Автономшылар Одағының І-ші съезінде 1905 жылғы 19 қарашада). – 123 б.
- 12 Сыдықов Ә.Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1969. – 156 б.
- 13 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1955. – 475 б.
- 14 ЗнаменитАя неведомАя половецкая тетрадь Францисканского миссионера // www.vostlit.info
- 15 Сыдықов Ә.Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1969. – 102 б.
- 16 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 153 б.
- 17 Бұл да сонда. 217 б.
- 18 Мырзахметұлы Мекемтас. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 2011. 156-157 бб.
- 19 Бұл да сонда. 196 б.
- 20 Мырзахметұлы М. «Су басынан тұнады» // Жалын. – №7. – 2008. – 200 б.
- 21 Мырзахметұлы М. «Біз қалай мәңгірттендік?»
- 22 Мырзахметұлы Мекемтас. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 2011. 156-157 бб.

References

- 1 Myrzahmetuly M. «Biz qalaj мәңгіrttendik?» // Zhalyn. – №2. – 2009. 2-13 b.
- 2 Bejsenbaev Zhasyn – taғdyr zharkyly. – Almaty, 1987. – 287 b.
- 3 Bejsenbaev Zhasyn – taғdyr zharkyly. – Almaty, 1987. – 250 b.
- 4 Uәlihanov Shokan. Taңdamaly. – Almaty: Zhazushy, 1980.
- 5 Bejsenbayly Zh. Shokan. Ғұmyrnamalyқ derekti hikaja. – Almaty, 2009.
- 6 Bұл da sonda.
- 7 Ordabekov S. Shokannyң Әulieataға sapary // Aқиқat. – №11. – 2008. – 210 b.
- 8 Kalieva R. Sh. Uәlihanovtyң dinge көzқarasy zhajynda // Qазақ mektebi zhurnaly. – №5. – 2004. – 743 b.
- 9 Bұл da sonda.
- 10 Y. Altynsarin taғыlmy: Әdebi-syn maқalalar men zertteuler. – Almaty, 1991. 91 b.
- 11 Tynyshpaev M. Qазақtar zhәne azattyқ kozғalys. (Avtonomshylar Odaғыnyң I-shi s#ezin-de 1905 zhylyғы 19 qarashada). – 123 b.
- 12 Sydykov Ә.Y. Altynsarinnyң pedagogikalық idejalary men aғartushyлық kyzmeti. – Almaty: Mektep, 1969. – 156 b.
- 13 Altynsarin Y. Taңdamaly shyғarmalary. – Almaty, 1955. – 475 b.
- 14 ZnamenitAja nevedomAja poloveckaja tetrad’ Franciskanskogo missionera // www.vostlit.info
- 15 Sydykov Ә.Y. Altynsarinnyң pedagogikalық idejalary men aғartushyлық kyzmeti. – Almaty: Mektep, 1969. – 102 b.
- 16 Altynsarin Y. Taңdamaly shyғarmalary. – Almaty: «Fylym», 1994. – 153 b
- 17 Bұл da sonda. 217 b.
- 18 Myrzahmetuly Mekemtas. Qазақ qalaj orystandyryldy. – Almaty, 2011. 156-157 bb.
- 19 Bұл da sonda. 196 b.
- 20 Myrzahmetuly M. «Su basynan tynady» // Zhalyn. – №7. – 2008. – 200 b.
- 21 Myrzahmetuly M. «Biz qalaj мәңгіrttendik?»
- 22 Myrzahmetuly Mekemtas. Qазақ qalaj orystandyryldy. – Almaty, 2011. 156-157 bb.

Ешкім де іштей батыр болып тумады. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Бауыржан Момышұлы

Бүгінгі жастарды ең болмаса қазақ халқының «тура биде туған жоқ» деген даналығының рухында тәрбиелейік.

Ғабит Мүсірепов

Исламбаева З.У.,
Ескендилов Н.Р.

**Тарихи тұлғалардың драмалық
шығармалардағы сомдалу
ерекшелігі**

Ғылыми мақалада авторлар өткен ғасырда жазылған пьесалардың, олардағы идеяның бүгінгі күн үшін тарихи маңыздылығын, рухани құндылығын талдаған. Ұлттық драматургияның негізін қалаған К. Тоғысов, А.И. Лиханов, Б. Серкебаев, т.б. шығармаларының көркемдік деңгейі төмен болғанымен қазақ драматургиясының алғашқы баспадағы ретіндегі мәнін атап өтеді. Авторлар пьесаларына кәсіби талдау жасай отырып, бұлардағы ұлт-азаттық қозғалысының туындау себептерін ашып берген. Жазушылардың Кенесары, Исатай, Махамбет, Жәңгір, Баймағамбет сынды тарихи тұлғалардың тарихи-әлеуметтік бейнесін кескіндеудегі ізденістерін саралау мақала авторларының назарынан тыс қалмаған. Сондай-ақ, талдауға алынған шығармалардағы кейіпкерлер мінездерінің ашылу барысын, олардың төңкеріс жолындағы саяси ұстанымдарын нақты тарихи дәлелдер арқылы саралайды. Драматургтердің ремаркасындағы сөз бен әрекеттің, ой мен пластиканың қисынды байланысы нақты ғылыми тұжырымдармен берілген.

Түйін сөздер: ұлттық драматургия, театр, көркем өнер, тарих, ой-тұжырым, әдеби жанр, жазушы, тәуелсіздік, төңкеріс, диалог, ізденіс, әлеуметтік ахуал.

Islambayeva Z.U.,
Eskendirov N.R.

**The peculiarities of displaying
historical figures in dramatic
works**

The article analyzes the plays of the last century, discusses spiritual values and the historical importance of the ideas inherent to them. Despite the low level of works of the founders of the national drama such as K. To-gusov, A.I. Likhanov, B. Serkebayev and others, the article stresses the value of these works as plays of the initiators of the Kazakh dramatic art. Having carried out a scientific analysis of the play «Khan Kene» by M. Auezov, «Amankeldi» by G. Musrepov, «Issatay – Makhambet», «Revenge» by I. Zhansugurov, «Issatay – Makhambet» by M. Ahinzhonov, «Makhambet» by G. Slanov, «Wounded Tiger» by K. Myrzaliyev, «Makhambet» by Iran-Gaiyp, the authors demonstrate the causes of the development of the national liberation movement. Not overlooked by the authors of the article is the search for socio-historical images of famous historical figures such as Kenesary, Isatay, Makhambet, Zhanger, Baimagambet carried out by the playwrights. Along with this, accurate historical facts are outlined in revealing the character of the heroes of the analyzed works, their political views on the future of revolution. Words and actions, the idea and the related physical connections in the stage directions of the playwrights are confirmed by scientific conclusions.

Key words: national drama, theatre, art, history, conception, literary genre, writer, independence, revolution, dialogue, search, social position.

Исламбаева З.У.,
Ескендилов Н.Р.

**Особенности воплощения
исторических личностей
в драматических
произведениях**

В статье анализируются пьесы прошлого века, рассматриваются духовные ценности и историческая важность идей, заложенных в них. Несмотря на низкий уровень художественных произведений основателей национальной драматургии К.Тоғысова, А.И.Лиханова, Б.Серкебаева и других, в статье говорится о значении этих произведений как пьес, стоявших у истоков казахской драматургии. Проведя научный театроведческий анализ пьес «Хан Кене» М.Ауэзова, «Амангельды» Г. Мусрепова, «Исатай – Махамбет», «Кек» И. Жансугурова, «Исатай – Махамбет» М. Ахинжанова, «Махамбет» Г. Сланова, «Жаралы жолбарыс» К. Мырзалиева, «Махамбет» Иран-Гайыпа, авторы статьи показывают причины развития национально-освободительного движения. Не остались без внимания авторов статьи поиски в решении историко-социальных образов известных исторических личностей, таких как Кенесары, Исатай, Махамбет, Жангир, Баймагамбет, проведенные драматургами. Вместе с этим, в раскрытии характера героев проанализированных произведений приведены точные исторические факты, политические взгляды героев на пути переворота. Слова и действие, идея и её раскрытие в ремарках драматургов подтверждены научными заключениями (выводами).

Ключевые слова: национальная драматургия, театр, художественное искусство, история, замысел, литературный жанр, писатель, независимость, революция, диалог, поиск, социальное положение.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СОМДАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі дәуір әр ұлттың, дербес елдердің өзіндік келбеті, өзіне тән ерекшелігі айқындалған жаһандық кезең болып саналады. Бұл тұста сол халықтардың қоғамдық-әлеуметтік құрылымында, әдебиетінде, мәдениеті мен өнерінде елеулі өзгерістердің болатыны анық. Өйткені соңғы ширек ғасырда өзін-өзі таныған дербес халықтар рухани құндылықтары мен мәдени жәдігерлерге ерекше көңіл аударды. Қазақ елінің мәдени орталықтары да ұлттық болмысты арттырып, халықтық үлгілерді насихаттау барысында өткен тарихи ізді қайта зерттеуді қолға алып отыр. Бұл мақсаттың басты бағытында қазақ драматургиясының қалыптасу, даму кезеңіне бағдар жасау міндеті тұр.

««Тәуелсіздік» деген ұғым өте сыйымды, яғни оны бірнеше мәнде қолдануға болады: жеке адамның тәуелсіздігі, бас бостандығы, ой сезім еркіндігі, отбасының, қауымның, рудың, тайпаның өз жері мен тіршілігінің еркін болуы, мемлекеттің, ұлттың тәуелсіздігі... ..мемлекет тәуелсіздігі деген ұғым өте кең, күллі халықтың, Отанның азаттығымен тікелей байланысты, ол ұлттың тағдырына әсер етеді» [1, 257 б.], – деп жазады академик С.Қасқабасов. Сол тұрғыдан алғанда ұлттық драматургияның, оның жүріп өткен жолындағы қоғамдық талаптардың қазақтың рухани болмысына, тағдырына тигізген әсерін жаңа көзқараста бағалау, бағдарлау, саралау бүгінгі күннің еншісінде дейміз.

XX ғасырдың алғашқы кезеңдерінде қазақ әдебиетінің даму бағыты драматургия жанрының да пайда болып, бірте-бірте кәсіби деңгейге көтерілуіне ықпал етті [2]. Бұл кеңестік театр өнерінің әсерінен, сонымен қатар қоғамдық талап негізінде өрістеп отырды. Ұлттық драматургияның алғашқы балаң шағында қолына қалам ұстаған икемді жастар қоғамда болып жатқан жағдайларды, оқиғаларды өз шығармаларында көрсетуді мақсат етті. Алғашқы драмалық шығармалар саналатын К. Тоғысовтың «Надандық құрбандары», А.И. Лихановтың «Манап», Б. Серкебаевтың «Бақсы», «Ғазиза», «Жер дауы» «...көркемдік жағынан елеулі кемшіліктері барлығына қарамастан ...қолжазба күйінде үйірмелер сахнасында қойылғандығын ашып айта аламыз. Рас, оларды толық мағынасындағы драмалық көркем шығармалар деу қиын,

алайда алғашқы бастама ретінде өз кезінде мәнді көрініс болғаны сөзсіз» [3, 6 б.].

Одан кейін драматургияның кәсіби өркендеп, қарқынды дамуына қазақ жеріндегі үйірмелерден бастау алған театрларда жастардың ұйымдастыруымен шығармалары қойылған С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ж. Шанин, Б. Майлин, С. Абланов, Е. Ерданаев, И. Меңдіханов, Ж. Тілепбергенов, т.б. авторлар ұйытқы болды [4; 5]. Бұлардың әрқайсысы өз түсінігінше пьесаны қызықты оқиғаларға құрып, айтар ойын кейіпкерлер мінездері, олардың сөз-диалогтары арқылы меңзеп отырды. Кеңестік жүйенің орнығуы мен идеологиялық формацияның белең алу үрдісі қызу жүріп жатқан сол тұста жазушы-драматургтердің шығармаларындағы негізгі айтар ой мен идея сол уақыттың талабы негізінде туындады. Бұларда көбінде заман сұранысы бойынша, кеңестік таным-түсінік негізінде жаңа дәуірдің, жаңа адамның келбетін жасау міндеті тұрды. Байлар мен молдаларды сатира тілімен түйреп немесе өз бақыты, махаббаты үшін күрескен жастардың құқығын қорғауға, олардың бас еркіндігін, жарқын өмірге ұмтылуына кеңестік жаңа қоғамның ықпал еткендігіне назар аударылып отырды.

Дегенмен драматургия тілінің қоғамдық ахуалға тигізер ықпалын түсінген авторлар қазақ ұлтының болашағын, басты кейіпкерлердің ерлік істерін, олардың гуманистік, отаншылдық қасиеттерін алдыңғы планға шығарып, метафоралық сипат беруді назардан тыс қалдырған жоқ. Мәселен, М. Әуезовтің «Хан Кене», Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты», Ғ. Мүсіреповтің «Аманкелді», І. Жансүгіровтің «Исатай – Махамбет», «Кек», М. Ақынжановтың «Исатай – Махамбет», Ә. Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз», Ғ. Слановтың «Махамбет», З. Шашкиннің «Замана осылай басталды», С. Мұқановтың «Күрес күндерінде», «Шоқан Уәлиханов», Т. Ахтановтың «Ант», т.б. көптеген пьесаларда ұлттық сарын, халық үні ерекше орында тұрды. Және бұларда қазақ жүріп өткен тарихтың тереңіне үңілу, ұлттың болашағына алаңдаушылық басым деп айтуға негіз бар.

Мәселен, М. Әуезов 1928 жылы жазылған «Хан Кене» пьесасында қазақ жеріндегі XIX ғасырдың алғашқы жартысында болып өткен жаугершілік ахуалдың әлеуметтік сипатын бұқара халық пен Кенесары Қасымұлының көркемдік бейнесі арқылы суреттейді. Мұнда Кенені хан сайлаған қазақ жұртының өзара алауыздығы да орын алған. Ғасырлар бойы бірде

қалмақпен, енді бірде қырғызбен қақтығысқан елдің бауырлас қырғызбен бірікпей, керісінше тартыстың өршіп, қазақтың соңғы ханы Кенесары мен хас батыр Наурызбайдың қолға түсуі тарихи деректер негізінде бейнеленеді.

Басталғаннан-ақ азаттықты, тәуелсіздікті аңсаған елдің патшалық билікке қарсылығы, дербестікке ұмтылудағы психологиялық толғанысы прологтағы үш кісі, үш жігіт, үш шал арқылы берілген. Пьесада екі желі бар: бірі – Кенесары, Наурызбай, Бопай, Бұқарбай, Ағыбай, Нысанбайлар, екіншісі – Рүстем, Сыпатай, Бұғыбай және қырғыз батырлары. Олардың драмалық қақтығыстарынан өрбитін қисынды әрі жүйелі желілер көркемдік сипаты тұрғысынан да, композициялық құрылымы жағынан да өзара байланысып, автор меңзеген ұлттық болмыс, қаһармандық-патриоттық рух көтеріңкі пафоста бедерленген. Кенесары өмірінің соңғы кезеңі алынған бұл шығармада тарих та, саясат та, әлеуметтік хал-күй де, психологиялық-моральдық толқыныс-бұлқыныс та бар. Драматург ремаркасында сөз әрекетімен, ой пластикасымен қатар қимыл-қозғалыс, іс-әрекет қызу темпте ойнап тұрады.

Драмада Кене тарихи дәлділікке сай қазақ елінің мүддесін көздеуші, сыртқы дұшпанға төтеп берер ақыл мен қайраттың иесі ретінде көрінеді. Ол Мұсаға: «...Қалың қазақ баласының қамалған көшіне септігім тиер ме деп жүрмін ғой. Езіліп бара жатқан елдің жоғын жоқтап жүргем жоқпын ба? Бүлінгені бүтінделер деп бас қамын ұмытып жүргем жоқ па, сол ел үшін» [6, 190 б.], – дейді. Бұл – ханның елі мен жері үшін өзін құрбан етуге дайын парасатын тереңдетіп тұрған авторлық реплика. Сонымен қоса Нысанбай ақынның:

«...Жалғыз салған ұранмен
Қырық мың үйін қазақтың
Бір атаның ұлындай
Іргелі елдік жолына
Жамыраған төлдей шұбатты...» [6, 181-182 бб.], –

деген толғау жолдарында кейіпкердің тұлғасы одан әрі даралана түскен.

Автор ханның көркемдік бейнесін, оның мінез ерекшелігін ашу мақсатында шығармадағы тартысты қырғыз батырлары мен оның саяси бағыт-бағдарын түсінбеген халық арасында өрбітеді. Көрші жатқан екі ел бірігіп, ортақ дұшпаны – Ресей империясына қарсы көтерілу мақсатында елшілерін жіберіп, бітімге, келісімге шақырғанмен олардың қарсылық білдіруі

драмалық қайшылықты ушықтыра түскен. Әрі бұған Наурызбай батырдың тентектігі, қызуқандылығы мен дөрекі әрекеттері себепші болады. Өзіне қарсы шыққанның барлығын ақылға салмай, керісінше, қатыгездікпен аяусыз жазалаған Науанның ісі шегінен шығып, ағасы Кенесарының да, бәсекелес батыр Бұғыбайдың да наразылығын тудырады.

М. Әуезов бұл пьесасында XIX ғасырдың бірінші жартысында Кенесары бастаған көтеріліске әдебиеттің драматургия жанрымен баға бере отырып, ұлттың еркіндігі мен халықтың бостандығын алға тартқан XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық көтерілісінің де түпкі мақсатын ашып берген. М. Қойгелді: «...«Хан Кене» сияқты тақырыпқа мақсатты түрде қалам тарта отырып, ол оқырмандарын XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының жеңіліске ұшырау себептері жөнінде ойлануға итермелеп, сондай-ақ, ұлт болашағы үшін күрестің мұнымен де аяқталмайтындығын көркем шығарма тілімен жеткізеді» [7], – деп драматургтың осындай қазақ ұлтының өткені мен болашағын тап басқан кеменгерлігін тани білген. Өткен ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ қазақ жеріндегі кеңестік қысым тудырған толқыныспен дүрбелеңнің, жаңа құрылымды қабылдай алмаған елдегі аласапыранның ғасырға жуық уақыт бойы күшін жоймағандығына тарих куә. М. Әуезовтің бұл драмасы сол дүбірлі кезеңнің қоғамдық, әлеуметтік мәнін бүгінгі буын ұрпаққа ұғындырудағы даралығымен құнды. Яғни, бұл драма қазіргі күнде де идеялық бағыты, көркемдік маңыздылығы жағынан өзекті.

Ғасырлар бойы армандаған, тарихтың қиын-қыстау белесінде түрлі зорлықтар мен қатыгездіктің құрбанына айналған қазақтың бүгінгі ұрпағы жеткен тәуелсіздік ұлттық әдебиет пен оның барлық жанрларында өзінің батыл көзқарасын танытып отыр. Нәтижесінде көптеген қайраткер-тұлғалардың көркемдік бейнесі қазақ драматургиясы тарихының жаңа беттерін толықтырды. Соның бірі де бірегейі – «Хан Кенені» кейіпкерлердің өзара қақтығысын (Наурызбай мен Бұғыбай, Наурызбай мен Бопай, т.б.) жүйелі әрекетке бағындырып, бүтін бір халықтың, бір ұлттың тағдырын көркемдікпен жеткізген М. Әуезовтің бүгінгі ұрпаққа аманаты дейміз.

Өткен ғасырда адамзаттың әлеуметтік сипаты қазақ жерін билеген шонжарлардың өктемдігімен таптық жікке бөлініп, бай мен кедей, би мен жалшы ұғымын тудырды. Соның нәтижесінде үстемдік биліктің әділетсіздігі,

қатыгездігі мұндай жүйеге бағынбаған төменгі тапты өздеріне қарсы қойып, түрлі қақтығыстарға алып келді. Ұлттық драматургиядағы қолтаңбасы 1930 жылдардан басталған Ілияс Жансүгіровтің пьесаларында осындай мәселелер, теңдік құқықтар барынша кеңінен суреттеледі. Бұларда қазақ жеріндегі кеңес өкіметінің құрылуына қарсы шыққандар мен жаңа үкіметке үміт артқан кедейлер тобы арасындағы тартыстың әлеуметтік мәні айшықты бедерленген. Мәселен, драматургтың «Кек» пьесасында (1930) сол кезеңнің түсінігімен, кеңес өкіметінің талабымен жазылғанымен Қытай еліне қарасты қалмақ жеріне дабылды дәуірдің дауылымен көшуге мәжбүр болған бір рулы елдің туған жерге деген сағынышы баса көрсетіледі. Мұнда бай, би, қажылар үстемдік құрғанымен олардың да елді аңсауын, жаңа өмірді қабылдамағанмен туған топыраққа оралуға деген үмітін келісті суреттейді автор. Бұған дәлел – І.Жансүгіровтің идеясын ашатын Үндемес, Аятбай, Есенғұл қажылардың сөз-диалогтары.

